

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы



«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК БЕЙНЕСІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИЯ
Ж И Н А Ғ Ы

Талдықорған 2021

ӘОЖ 373: 94(574)
КБЖ 74.262.66 : 63.3(5Қаз)
Ұ46

Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының шешімімен баспаға ұсынылған.

Жалпы редакциясын басқарған: А.Қабдұлова – «Алматы облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы» МКК директоры.

Редакциялық алқа мүшелері:

Ғ.Ж. Мұхметова – Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы директорының орынбасары

Құрастырған: Ш.К. Исаханова, Ә.Әуезова, С.Ж. Рамазанов – Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы әдіскерлері

«Әлихан Бөкейхан және Тәуелсіздік бейнесі»: республикалық онлайн конференция материалдары. – Талдықорған, 2021. - 115 б.

ISBN 978-601-7519-07-0

Жалпы білім беру ұйымдарының мұғалімдерімен, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушыларының мақалалары берілген.

Материалдар осы тақырыпқа қызығушылық білдіретін мамандармен, білім алушылар, жалпы кең әлеуметке арналады.

ӘОЖ 373: 94(574)
КБЖ 74.262.66 : 63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-7519-07-0

Құрметті оқырман қауымы!

Еуразияның түркі және мұсылман халықтарының саяси көшбасшысы тұлғасы, ХХ ғасырдың басындағы қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» қозғалысының көшбасшысы, «Алашорда» автономиялық үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына арналған республикалық конференция тәуелсіздік жастарын парасатты ұрпақты болып тәрбиеленуіне ықпалын тигізеді.

Ғалым, педагог, Алаш зиялысының еңбектері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан ой-пікірлері мен тәрбие туралы мұраларын зерттеу бүгінгі таңда өзекті болып табылады.

Конференция қатысушылары Ә.Бөкейхановтың ұлт тарихындағы орнын, қоғам қайраткері, Тәуелсіздік Қазақстанның жолындағы алатын орнымен ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі ретіндегі қызметін бүгінгі көзқарас және методологиялық ұстаным тұрғысынан қорыту мәселелерін талқылады.

Ұйымдастырушылар

ҰЛТ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН АЛАШ АРЫСЫ

Оразгүл Хасенқызы Мұхатова - тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері

Қазақстан Республикасы Алматы қаласы Orazgul7@rambler.ru

Андатпа XX ғасырдағы қазақтың ғалымы, педагог-ағартушы, зерттеуші Әлихан Бөкейхановтың саяси жолдары сипатталған. Қазақ қоғамындағы рөлі сипатталып талдаулар жасалынған. Бұл мақалада ұлт мүддесінде ой толғаған Әлихан Бөкейхановты пікірлері берілген.

Түйін сөздер: Алаш, партия, ғалым, педагог, халық

Аннотация В статье описана общественно значимая, социально-политическая деятельность казахстанского ученого, исследователя, педагога, просветителя XX века Алихана Букейханова. Дан анализ роли А.Букейханова в казахстанском обществе и рассмотрены его идеи дальнейшем развитии нации.

Ключевые слова: Алаш, партия, ученый, педагог, народ

Annotation The article describes the socially significant, socio-political activity of Kazakh scientist, researcher, teacher, educator of the twentieth century Alikhan Bukeikhanov. The analysis of the role of A.Bukeikhanov in the Kazakh society is given and his ideas for the further development of the nation are considered.

Keywords: Alash, party, scientist, teacher, people's

XX ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Бір жағынан патшалық Ресей отарлық саясатын тереңдетіп, дәстүрлі шаруашылықты өзгерістерге ұшыратса, екінші жағынан жаңа қатынастар қалыптаса бастады. Саяси, әлеуметтік отарлаумен қатар рухани отарлау қарқынды жүргізілді. Орыс үкіметі, шіркеуі, миссионерлері жүргізген саясат қазақ елінің болашағына қауіп төндірді. Қазақ даласына орыс шаруалары қоныстандырылды. Осылардың барлығы ұлт зиялыларын терең толғандырды. Алаш аяулысы Барлыбек Сыртанов Қазақ елінің конституциясын жазса, Бақытжан Қаратаев Мемлекеттік Думаның мінберінен жер мәселесі туралы айтты.

Бодандық қамытын киген халықты озбыр отарлау саясатына қарсы топтастыруға өз заманынан ілгері кеткен, еуропалық деңгейде білім алып, ойлай білетін, алдыңғы қатарлы зиялы - Әлихан Бөкейханов ұмтылды. Ұлт зиялысының алдында тәуелсіз қазақ мемлекетін жаңғырту, мәдениетті көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, жер, әйел теңдігі, дін тәрізді мәселелерді шешумен қатар қоғамды өзгерту сияқты асқақ арман тұрды. Ә. Бөкейханов саны аз зиялылармен қатар әлеуметтік, қоғамдық-саяси мәні зор сан қырлы, күрмеуі қиын істерді атқарып, ұлт мүддесінде еңбек етуге ұмтылды. Осы мақсатта «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналын шығаруға атсалысып, өзі өмір сүрген уақыттың ең өзекті мәселелерін көтеріп, бұқара халыққа насихаттады. Бостандық пен тәуелсіздіктің мәнін ұлт зиялысы «Қазақ» газеті арқылы халық санасына сіңіріп, елдің назарын осы мәселеге аударуға тырысты.

Ә. Бөкейханов 1870 жылы кешегі Семей облысы Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысы, Тоқырауын өзені бойындағы №7 ауылында дүниеге келген. Әкесі 1879 жылы Қарқаралыға алып барып, жергілікті молдаға оқуға берген. Бастауыш мектепті бітіргеннен соң ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түскен. 1890 жылы Санкт-Петербурдағы орман институтына оқуға түсіп, 1894 жылы оны ормантанушы, ғалым, эконономист мамандығы бойынша бітіріп шықты. Студенттік жылдары сан алуан қозғалыстарға белсенді түрде араласты, сол себепті де жандармерияның назарына ілігіп, «саяси сенімсіздердің» қара тізіміне енді.

1877 жылы Дала өлкесінің білім ордасы, мәдени-ағарту орталығы санатындағы Омбы қаласында Орыстың императорлық география қоғамы өзінің Батыс Сібір бөлімінің есігін ашты. Маңына орыс пен қазақтың алдыңғы қатарлы зиялыларын, ғылым мен өнер қайраткерлерін жинаған бұл қоғам кейінгі жылдары қазақ даласын ағарту ісінде, қазақ өлкесін жан-жақты зерттеу жолында алдыңғы қатарда болды. Орман институтын бітіріп, Омбыға қайта оралған Әлихан осы қоғамның қызметіне қызу араласты. Алғашқы күндерінен-ақ беленділігімен танылған Әлихан 1896 жылы қоғамның Батыс Сібір бөлімінің толық мүшелігіне қабылданды. 1901 басқару комитетіне мүше болып сайланды. Семейлік бөлімшесін ашуға ат салысты. Өзі сол Семей бөлімшесінің және А.Құнанбаевпен қатар Семейдің статистика комитетіне мүше болды[1, 68б].

Ә.Бөкейханов география қоғамының сүйемелдеуімен кіндік қаны тамған қазақ даласының тарихын көп зерттеді. Оның тарих саласындағы жазып қалдырған елеулі мұралары «Қырғыз өлкесінің тарихи тағдырлары және оның мәдени жетістіктері» және «Қырғыздар» (Қазақтар) атты монографиялары. Бірінші ұжымдық монография 1903 жылы «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көптомдық альманахтың «Киргизский край» деген ХУІІ томына еніп, Санкт-Петербурдан жарық көрді[2]. Шығармада қазақ өлкесінің сонау тас, қола дәуірінен бергі тарихы, мекендеген халықтары, олардың мәдени, саяси-әлеуметтік жетістіктері кең көрініс тапқан. Автор сондай-ақ Дала өлкесінің соңғы ғасырлардағы өмір тарихын сипаттады, патша үкіметінің отаршыл саясатын суреттеді. Ә.Бөкейханов өзінің «Қырғыз өлкесінің тарихи тағдырлары және оның мәдени жетістіктері» деген еңбегінде Қазақ Еліндегі ежелгі дәуірден ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі уақыттардағы өткенін баяндады. Тас, қола дәуірлерінің ескерткіштеріне тоқталды. Түркі дәуірі, монғол жаулап алушылығы кезеңдеріндегі тарихи оқиғалар туралы айтты. Қазақ хандығының құрылуы, оның дамуы үдерістері де назардан тыс қалмады. Әсіресе патшалық Ресейдің боданына айналған кезеңдердегі қазақ халқының қасіретін барынша жеткізген. Қазақ даласының отар өлкеге айналуының себептерін, Әбілхайыр ханның Ресей қол астына кіруін «1730 жылы Кіші Орда ханы Әбілқайыр бір жағынан Галдан церен шапқыншылығынан, бір жағынан сұлтандар арасындағы тартыста шайқалған билігін күшейту үшін орыс үкіметіне өзінің халқын бодандыққа қабылдауы өтінішін жасады»[3], - деп көрсеткен.

Екінші «Қырғыздар» (Қазақтар) атты еңбегі алғаш рет «Формы национального движения в современных государствах» атты жинақпен 1910 жылы Санкт-Петербурдан басылып шықты. Бұл еңбегінде қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік жағдайды тартымды етіп сипаттай алған. Қазақ халқының отаршылдық, переселендік саясатқа деген көзқарасын, кең далаға көлдей ағылған келімсектермен арадағы қарым-қатынасын, күресін, ұлт-азаттық күресінің бағытын, мақсат-мүддесін ашып көрсете алған. Шығармада халқымыздың көкейкесті мәселелері - тіл, сөз бостандығы, дін мәселесі де қозғалды[3].

1905 жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшелігіне өтті. Осы жылы Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатовпен, Жақып Ақбаевпен бірге 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырды. 1905 жылдың күз айында ғалым-публицист Семей облысы қазақтарының атынан Ресей патшалығының 1-ші Мемлекеттік думасына депутат болып сайланды. Алайда дала өлкесінің генерал-губернаторының негізсіз айыптауымен Павлодар абақтасына жабылуына байланысты Әлихан дума жұмысына қатыса алмады.

XIX ғасырдың соңына қарай патшалық Ресей қазақ даласына орыс шаруаларын қоныстандырып, шаруалар отарлауын жүргізді. XX ғасырдың бас кезінде қапашекпенділерді қоныстандыру қарқынды түрде жүргізілді. Осы кезде Алаш қозғалысы көсемінің қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аударуы, соған байланысты жер мәселесінің шиеленісуі, отырықшы норма алу турасында пікір білдірді. Ұлт мүддесінде ой толғаған Алаш ардақтысының пікірлері 1911-1915 жылдары үзбей шығып тұрған, өз заманының өзекті мәселелерін көтеріп отырған «Айқап» журналының беттерінде жарияланды. Отырықшылыққа көшу, қала салу идеясын ұстану, көшпелі тұрмысты сақтау бағытында журнал беттерінде «Қазақ өкпесі», «Тағы да жер жайынан», «Жер мәселесі», «Біздің бұрынғы һәм қазіргі халымыз», «Көшіп жүру керек деушілердің пікірі», т.б. шағын мақалалар жарық көрді[4]. Ұлтжанды тұлға: «Мал бағып, шаруа қылып келе жатқан жұрт, орыс 15-ден жер берді деп егінші бола қоймайды. Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-ден жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады 15-ден жер алмай тұрып жан-жағына қара дейтініміз, 15-ті алып, осы алақандай жерге мал бақпақ, бұған мал бағылмайды[2, 69б]- деп жазды. Ә.Бөкейхановтың «15-і» патша өкіметінің «жерге орналастыру» саясатынан шығып отыр. Ұлт зиялысы қазақ халқының отырықшы тұрмысқа өтуіне қарсы болған жоқ, керісінше «отырықшы нормаға» қарсы шығып, оның салдарының халық үшін мүлде зиянды екендігін ескертті. Жер мәселесіне байланысты бір кезде өзі мүше болған кадеттер партиясының қатарынан шығып кеткен. Себебі кадеттер жерді жеке меншікке беруді ұстанған. Әлихан болса «Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді»[5, 196б], - жазды.

Ә.Бөкейхановтың XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көсемі болуы оны теңдікке, ұлттық тәуелсіздікке жетудің басқа бейбіт, саяси жағын қарастыруға итермелеушіге, тұтас қазақ елінің мүддесін

көздеушіге айналдырды. Теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп Әлихан өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, сөйтіп халықтың ұлттық мәдениетін өркендету, өнер білімін көтеру, ұлттық сана-сезімін оятуды санаған[2, 414б]. Осы идеяны ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты етіп алды. Өзгелердің мәдениетін тану, ғылым - білімін үйреніп, өркениетке ұмтылу тәуелсіздікке бастайтын жол деп түсіндірді. Тәуелсіздіктің өзінен өзі келе қалатын құбылыс, табиғаттың сыйы еместігін, оған жетуде қажырлы қайрат, жігерлі әрекет керектігін бұқараға насихаттап отырды. «Алаштың талапты азаматтарына» деген «Қазақ» газетінің кезекті санындағы «Қыр баласының» мақаласында тәуелсіздіктің өзектілігі жайында былай деп жазылды: «Бостандық, теңдік, туысқандық ХУІІІ ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бәрі біздің шарифаттан, інжілден, будда оқуынан, Лев Николаевич Толстой философиясынан табылады... Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ...» [2].

Тәуелсіздікке қол жеткізудің маңызын Әлихан «Қайтсек жұрт боламыз» деген атаумен жарияланған мақалада: «Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз. Қайсысына түсетін болсақ та, ерік өзімізде. Бір жол құлдық – жолы... Екінші жол – жұрттық жолы. Осы бастан автономия алудың қамына кіріссек, милициямызды жасап алып, қарамызды көрсетсек, Алаш Орданы үкіметіміз деп тіресіп қорғасақ, бізді ешкім басынбайды. Үкіметі, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі»[4, 27б.]. Көріп отырғанымыздай, Алаштың арысы тәуелсіздікке ұлттық автономия ретінде қарады. Оған жетудің тағы бір маңызды факторы халықтың бірлігі деп санады. Тәуелсіздіктің өзінен өзі келе салмайтындығын ескертіп, халықты күреске шақырды. «Өз тізгінім өзіме, жұрт боламын десең атқа мін, қолыңа қару-жарақ алып, большевикке қарсы шығып, өзіңнің ерлігіңді іспен көрсет. Елден ер жүректі жігіттер шықса, құрал тауып жасандыру іс басында, Орда ішінде отырғандар міндетті» - дегені осының айғағы [5, 430б]. Көріп отырғанымыздай, тәуелсіз ел болу үшін оның атрибуттарының қажет екендігін де ұлт зиялысы ескеріп қойған. «... Автономия болғанда қазаққа қай түрлі автономия қолайлы. Әуелі, мемлекеттік автономия болуға ма яки уалаяттық автономия болғанда жерге қарай болу ма, елге қарай болу ма... біздің қазақ автономия бола аламыз десе, осылардың бәрін қарап, аржақ – бержағын тесе қарап, тексеріп барып боламыз деу керек», - деп тәуелсіздіктің тізгінін өзгелердің алып қоймау жағына терең мән берді [2, 396-397бб.]. Алаш арысының ұлттық автономияны жариялап қана қоймай, оны іс жүзінде іске асырудың жолдарына мән берді.

Тәуелсіз ел болудың өзін елжанды тұлға ұлттық автономияны жариялау деп білді. Осы идеясын алдымен тұңғыш ұлттық саяси «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасында, содан кейін І және ІІ жалпықазақ съездерінде көтеріп, күн тәртібіне шығарды. «Алаш» партиясының құрылуы және Алашорда үкіметінің жариялануы, Қазақ автономиялық республикасының тұңғыш төрағасы болуы асқақ идеялардың іске асқандығын дәйектейді. Сол себепті де Әлихан Бөкейханов бастаған топ әуелгіде өздеріне үлгі тұтқан кадеттер партиясынан қол үзіп, халықтық мүддедегі саяси ұстанымдарды

басшылыққа алды. Оны Ә.Бөкейхановтың «Кадет партиясы Ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, Ұлт автономиясын тікпек болдық», - деген пікірінен анық көруге болады[6.117б]. Оның үстіне кадеттермен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмай, оның қатарынан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Том қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысты.

Тәуелсіздікті халықтың, ұлттың игілігіне жарату тұстарын да ескерген зиялы: «Бұл бостаншылық көп жұрттың ер жетіп, ес біліп, ақыл тоқтатқан адам болып шықпақшы. Бостаншылықтың пұлын білмей, орнына ұстай алмаған жұрт, ер жетіп, есі енбеген бала болып шықпақшы, «Жібекті ұстай алмаған жүн етеді» дегендей, ұстай білмесе жақсы нәрсе жаманға айналуы оңай, - деп жазды[3, 379б.].

XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көсемі тәуелсіздікке қарулы көтеріліс арқылы емес, бейбіт жолмен қол жеткізуді мақсат етті. Қару кезенуді, қан төгісті жақтамаған ұлт зиялысы қарулы көтеріліске түбегейлі қарсы шықты. Өзінің көзқарасын дәйектеу мақсатында Ә.Бөкейханов Кенесары-Наурызбай көтерілісіне баға берді. Кезінде ол Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы қарулы көтеріліске шыққан Кенесарының түпкі мақсат-мүддесін, қозғалыстың жеңіліске ұшырау себептерін ашып жаза алмады. Сондықтан да болса керек бұл тақырыпқа 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты кітапшасында қайта оралды. Көтерілістің көздеген мақсат-мүддесі оған бір жағынан үлгі болса, екінші жағынан жеңіліске ұшырауы үлкен сабақ болғаны хақ. Кенесары-Наурызбай қозғалысының бүкіл халық арасынан қолдау таба алмағандығы, көтерілістің жеңіліске ұшырауы оны теңдікке, ұлттық тәуелсіздікке жетудің басқа бейбіт, саяси жағын қарастыруға итермеледі. Қуатты Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ашық қарулы көтерілістің әлі де болса заманы тумағандығын ол жақсы түсінді. Теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп Әлихан өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, сөйтіп халықтың ұлттық мәдениетін өркендету, өнер білімін көтеру, ұлттық сана сезімін оятуды ұлт азаттық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты етіп алған. Оның 1916 жылы қарулы көтеріліске түбегейлі қарсы шығуының негізгі себептері де міне осында жатыр. Ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі ретінде көтеріліске қарсы болғанымен, тарихшы-ғалым Әлихан халқының 1916 жылғы қарулы көтерілісінің орасан зор маңызын аттап өте алмады. 1926 жылы ол орыстың тарихшысы, профессор Шестаковпен бірігіп, көтерілістің 10-жылдық мерейтойына арнап, «1916-1926» [6] атты кітап жазып шығарды. Кітапта қазақ көтерілісінің Ресей империясы қол астындағы башқұрт, өзбек, қырғыз сияқты халықтардың да бас көтеруіне үлкен себеп болғандығына назар аударды.

1916 жылғы көтерілістің алғышарттары мен себептері Ресей империясының отарлау саясатының күшеюінен туындағанын терең түсінді. Халқын тәуелсіздікке қанды көтеріліс жолымен емес реформалар, ұлттың саяси белсенділігі арқылы жеткізгісі келген ұлтжанды тұлға І дүниежүзілік соғысқа қатысып жатқан империя үшін майданның қара жұмыстарына

қазақтарды қатыстыру елге тиімді деп санады. Осындай қиын-қыстау кездегі қазақтардың көмегін патша өкіметі ескеріп, тәуелсіз ел болуға мүмкіндік береді деп ойлады. Патша жарлығының халықтық көтеріліске ұласып, азаттық күрестің қанмен басып-жаншылғанын жасырмады. Дегенмен көтерілістің 1917 жылы патшаны тақтан құлатудағы атқарған елеулі рөлін жоғары бағалады. Сонымен қатар Әлихан қазақ көтерілісінің қаналушының қанаушыға қарсы «таптық» сипатта емес, отаршылдарға қарсы ұлт-азаттық бағытын атап көрсетті. Қарусыз халықты қырып, шаңырағын ортаға түсіріп, қора-қопсысын қиратып, малын айдап әкеткен патша әскерінің қиянаттық іс-әрекетін сынады.

1920 жылы қазақ автономиясын құру және оның аумағын белгілеу бойынша құрылған комиссияның жұмыс істеген. В.И. Ленин орнатқан пролетариат диктатурасының, кеңес билігінің ұлттық автономияға қарсы ұстанымын анық көрген ұлт көсемі жер мәселесі бойынша декретті тезірек заңдастыруға асықты. Нәтижесінде «Қырғыз АКСР-ін құру және оның территориясын белгілеу туралы декрет» рәсімделді [7]. Сол жылдары Алаш партиясының көсемдері мен саяси белсенділеріне «рахымшылық» жасалып, Алашордалықтар кеңес өкіметіне қызмет ете бастады. Бірақ Әлихан большевиктерге қызмет етуден бас тартты. Сол үшін Семей түрмесіне жабылды. Түрмеден босап шыққаннан кейін большевиктер оны туған елінен барынша алыс ұстауға тырысып, Самар қаласына жер аударды. 1922 жылдың күзінде Әлихан Бөкейханов Мәскеуге жер аударылды. Сол жылы Мәскеу қаласындағы Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанындағы орталық баспаның ғылыми қызметкері болып жұмыс жасады. 1926-1927 жылдары Ресей ғылым академиясының ғылыми қызметкері болды.

1937 жылдың 27 қыркүйегінде Алаш ардақтысы, ұлт көшбасшысы, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханов «халық жауы», «буржуазиялық ұлтшыл» деген жалған айыппен Мәскеуде ату жазасына кесілді.

Осылайша ұлт зиялылары қазақ халқының санасын оятып, оқу, білімді насихаттап, елдің тәуелсіздігі, азаттығы үшін күресті. Алаш тәуелсіз мемлекетін құрып, оны жариялау үшін барын салды. Алайда ұлт зиялысының әрекетіне большевиктік билік кедергі болды. Дегенмен Алаш қозғалысы идеясы тәуелсіз даму жолына бағытталған баға жетпес құндылығымен тарихта қалды. Әлихан қара басының қамы үшін емес халқының мүддесі, оның жарқын болашағы үшін бар ғұмырын сарп етті. Оның жеке меншік үйі де, жиған мүлкі де, қапталған қыруар қаржысы да болмады. Әлихан қара қазақ баласының қамын ойлады, бар күш-жігерін оның тәуелсіз мемлекетте алаңсыз өмір сүруіне арнады. Сол үшін адал қызмет етті. Алаш қайраткері Қошмұхаммед Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде Әлиханның халқына еткен қызметіне: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан» [8], - деп баға берді. Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.

Семей тұрсын, жеті облыс - бар қазақтан,
Талассыз жеке-дара тұр ғой өзі [9], - деп жырлады. Шындығында да тарих Әлихан Бөкейхановты дара тұлға, ұлт көшбасшысы ретінде таниды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тарих –адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. 10-т. Түркі халықтарының тарихи ойы. – Астана: «Фолиант», 2006.
- 2 Бөкейханов Ә. Таңдамалы. - Алматы, 1995.
- 3 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы, 1994.
- 4 «Айқап». – Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1995.
- 5 Әбдіманов Ө. Қазақ газеті. – Алматы, 1996. 395б.
- 6 Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. - 402б.
- 7 Назарбаев Н.Ә. Елдіктің белгісі - Елорда. Астана қаласының 10 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзі. // Егемен Қазақстан. 14 шілде 2008 жыл.
- 8 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы// Егемен Қазақстан. 2012 жыл, 15 желтоқсан.
- 9 Ә. Бөкейханов//<https://sputnik.kz/spravka/20191126/12128672/Alikhan-Bokeykhan-qyzyqty-derekte.html>

ӘОЖ93/94:929

ОТАН ТАРИХЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТҰЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Иманғалиев А.Т., Дүкенбаева З.О.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, тарих факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының 3-курс докторанты гуманитарлық ғылымдар магистрі, Нұр-Сұлтан қ.,
imangaliyev_historian@mail.ru

«Өлім – екі түрлі. Бірі – табиғи өлім, екіншісі – рухани өлім. Біздің мақсатымыз шын мәніндегі тұлғаларды рухани өлтірмеу» [1,4].
Манаш Қозыбаев.

Еліміз егемендік алып, нық даму серпініне көшу арқылы ғылымның жан-жақты салалары даму үстінде. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізде бірнеше әлеуметтік-мәдени өзгерістер орын алып, осыған орай, тарих ғылымының ақтаңдақ беттері ашыла бастады. Кеңес үкіметі кезеңіндегі тыйым салынған деректерді тарих сахнасына шығарып, өзіміздің тарихымызды терең біле бастадық. Осыған байланысты, Елбасымыз қабылдаған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында шетел және көршілес елдердің мұрағат қорларынан ел тарихымызға қатысты бірнеше тың

деректерге қолымыз жетіп, халқымыздың тарихында қордаланған көптеген өзекті мәселелер айқындала бастады.

Осы ретте, Отандық тарих ғылымының ащы да тұщы кезеңдерін бастарынан өткерген қазақ халқы ішінен саяси және қоғам қайраткерлері қалыптасты. Қазақ елінің егемендігі үшін күрескен, қоғамдық-саяси және ағарту-мәдени салаларында аянбай қызмет атқарған зиялыларды білу, зерттеп-зерделеу, келешек ұрпақ санасына сіңіру - негізгі қағидаларымыздың бірі болмақ. Қазіргі таңда Отан тарихы ғылымы аясында тұлғатану саласының маңызы одан әрі арта түсуде.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «100 жаңа есім» жобасын әзірлеп елге таныстырды. Бұл жоба ерекшелігі – егемендік алған жылдарда табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы және сан алуан этнос өкілдерінің тарихына көз жүгіртуге мүмкіндік алдық [2, 26]. Яғни, жоғарыда аталып өткен жобаның негізгі түп-төркіні де тұлғатану саласына әкеліп соғады. Ал, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында тұлғатанудың маңыздылығы жөнінде және Ұлы дала елінің бас ақыны Абайдың рөлін былайша көрсетеді: «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» [3].

Тұлға ұғымына тоқталып өтетін болсақ, көптеген қазақ энциклопедиялары сан алуан анықтаманы береді. Осы ұғымға қатысты философия, саясаттану және әлеуметтану ғылымдары әр түрлі түсініктемелерді алға тартады. Бірақ, тарихшы ретінде, тұлға саласының тарих ғылымында орасан зор маңызға ие екендігін және атаулы сөзге тарихи тұрғыда анықтама беру болып табылады. Ең алдымен, белгілі тілтанушысы Ожегов С.И. орыс тілінің сөздігінде: «Человек как носитель каких-нибудь свойств, лицо. Личное присутствие, личное наблюдение» атап өтеді [4, 763]. Яғни, қандай да бір адамның, белгілі бір ерекшелігі бар, жеке көзқарасы қалыптасқан деп түсініктеме беруге тырысса, ал «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында» «тұлға» ұғымына берген анықтамасында: «адамның сәби кезінен бастап, бүкіл өсіп-жетілу және тәрбие алу барысында қалыптасады» [5, 525], асылдың арнасындай тұлғалық қасиеттер адам өмірінде болатын өмір сынағы арқылы ащы да тұщы өткелдерінен өтуі арқылы бойына сіңіре алады.

Отандық тарих саласында сан алуан ғалымдар зерттеулер жүргізіп, көптеген ғылыми еңбектерді дүниеге әкелді. Осының ішінде қазақ халқының белгілі ғалымы, профессор М. Қ. Қозыбаевтың «Тұлғалар тұғыры» атты еңбегінде тұлға ұғымына тоқтала келе, тұлға – интеллект, ақыл және парасат иесі екендігі, ол өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажымас күш-қуатымен, ақыл-парасатымен, яғни көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен және ұлтжандылығымен ерекшеленеді деп ғылыми тұрғыда анықтама берді [1, 4]. Ғалым «тұлға» сөзіне тоқталып, ұғымның тереңде жатқандығын және тұлға болу үшін қандай қасиеттерді иелену керектігі жөнінде атап өтті.

Ал профессор Х. Әбжанов «Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология» атты ғылыми еңбегінде: «тұлға дегеніміз – өзіне тәуелді емес, объективті әлемдегі қажеттілікті (экономикалық, ғылыми, саяси, өндірістік, т.с.с.) практикалық–қолданбалық, теориялық-шығармашылық жаңашылдықпен шешкен немесе шешу жолын дұрыс нұсқаған әлеуметтік субъект»[6, 186]. Ал профессор Дүкенбаева З.О. «Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы» атты ғылыми еңбегінде тұлғатану саласына жеке тоқталып анықтама беріп, тарих саласында терең ізі бар ұғым ретінде ғылыми тұжырымдамасын айқындап: «әр дәуірдің ерекшелігі жеке тұлғалар арқылы анықталады және тарихи тұлғаны заман тудырып, халық құрметіне бөлейді» деп көрсетеді [7,9]. Қазіргі заманға дейінгі тарихымызда небір тұлғалар өмір сүріп, елін, жерін қорғауда аянбай қызмет етіп, тарих беттерінде өшпестей іздерін қалдырды. Тәуке хан, Әбілқайыр, Абылай хан, Кенесары хан мен ХХ ғасырда Әлихан Бөкейхан бастаған бір топ зиялыларымыз ел тәуелсіздігі жолында өз еңбектерін сіңірген және келешек ұрпаққа үлгі-өнеге көрсеткен зиялыларды атап өте аламыз.

«Тұлға» ұғымына көлемді зерттеу жүргізген Отандық ғалымдардың бірі Әбдіқадырова Т.Р. «Алаш және ұлт қайраткерлері» атты ғылыми мұрасында аталған терминге байланысты зерттеу жұмысын жүргізді. Монографияда «ұлттық тұлға» ұғымына келесідей анықтама береді: «ұлтының рухани қажетін өтейтіні және соған өзінің саналы ғұмырын арнайтын адам. Өркениет құндылықтарының иесі болған ұлттық тұлғалар әрқашан да халық, өз ұлты алдындағы рухани көсемдік қызметін адал атқарған тұлғалар» [8, 17]. Бұл ғылыми тұжырымдамаға зер салатын болсақ, халық алдында өз қызметін жоғары әділдікпен атқара білген және халықты қорғауда бірінші орынға қоятын көсем деп анықтама береді.

Отандық тарих саласында бірнеше еңбектерімен белгілі М. Асылбеков және З. Төленова «*Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері*» атты еңбегінде ерекше назар аударатын негізгі мәселесі тарихи тұлғатану» жанрына тоқталып: «тарихи тұлғатану (персоналистика) тарих ғылымының құрамдас бөлігі ретінде айрықша жанр болып табылады. Оның айырмашылығы – жеке тұлғаның ғұмырын және оның қызметін көрсету арқылы Отан тарихын зерттеудің жаңа бір бағыты» [9, 8]. Бұл тарих ғылымының жанры бойынша әр қайраткердің өмірін, қоғамдық-саяси қызметін және еңбектерін, зерттеп жүрген тұлға туралы көршілес және шетел мұрағаттарында құжаттарды таба отыра, оларды Отан тарихымызда одан әрі зерттеп-зерделеу болып табылады.

Ұлы Дала елінде қазақ халқының қалыптасу процесі XV ғасырдың аяғында қалыптасып, мемлекеттік деңгейдегі Қазақ хандығы құрылып жаңа даму серпініне көшті. Осыған орай, тарих беттерімізде өшпестей із қалдырған Қазақ хандығы құрылуының негізін қалаған Керей мен Жәнібек хандар болса, әлеуметтік-экономикалық саясаты жағынан күшейткен Қасым хан заманы, «алтын ғасыр» дәуірін орнатқан Тәуке хан және сыртқы елдермен үзбей байланыс жасап, көрегенділігімен және шешендігімен қазақ халқы арасында

қолдау тапқан Абылай ханның және және басқа да тарихи есімдердің алатын орындары ерекше.

Қазақ халқы, небір талай қиындық кезеңдерді бастан кешірді. Әсіресе, XVIII ғасырда қазақ даласына сыртқы елдерден Жоңғар хандығы, Қытай империясы, Ресей самодержавиясы, башқұрттар, казактар көз тігіп, елдің байлығын талау мақсатында жаулап алу операцияларын жүргізді. Осының ішінде Жоңғар хандығының 1723-1727 жылдары аралығында зойқын шапқыншылықтардың жүзеге асыруының нәтижесінде, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен Отандық тарихымызда өшпестей таңба қалдырды. Осы алпауытты соғыстарда қазақ елін қорғап, ерліктің үлгісін көрсеткен батырларымызды, атап айтсақ, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақ Жәнібек және т.б. Отандық тарихтағы орындары бір төбе.

XVIII ғасыр қазақ елі үшін қиын-қыстау кезеңдердің бірі болды. Осы кезеңде тұлғалық қасиетімен ерекшеленген Әбілқайыр ханның саяси және дипломатиялық жолына тоқталып өтетін болсақ, белгілі ғалым Қабдеш Жұмаділов «Қалың елім, қазағым..» атты ғылыми еңбегінің маңызы өте зор. Ғылыми еңбегінде: «Әбілқайыр – біреулер ойлап жүргендей героикалық тұлға емес, трагедиялық тұлға. Әбілқайырдың трагедиясы – өзінің қомағайлығынан қармақты алдымен қапқанында емес, көзінің тірісінде-ақ алданғанын сезіп, опық жеуінде», - деп ғылыми тұжырымын көрсетеді [10, Б. 8]. Сонымен қатар, ғалымның Әбілқайыр ханға байланысты берген бағасын дәлелді деректемелері арқылы көрсетеді. Шынтуайтында, қазақ әскерінің бас қолбасшысы Әбілқайыр хан билік еткен кезең өте қиын болды. Себебі, XVIII ғасырдың қиын-қыстау кезеңінде қазақ жеріне жоңғарлар, қытайлар, башқұрттар, казактар қауіп төндіріп тұрды. Көреген саясаткер Әбілқайыр өз кеңесшілерімен келісе отыра, Ресей империясына тек әскери көмек алу үшін аттанған болатын. Дегенмен, еліміздегі көптеген ғалымдардың қаламдарынан туған зерттеу жұмыстары бойынша Әбілқайыр хан және саясаты туралы бірнеше ғылыми еңбектер, монографиялар жарияланды.

Отан тарихында қазақ елінің дипломатиялық саясатын дамытуда Абылай ханның рөлі ерекше. Аталған тұлғаға қатысты зерттеулер, мақалалар, диссертациялар көптеп жарыққа шықты. Осыған орай, белгілі ғалым, профессор Т. С. Садықов «Абылай хан – Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігінің символы» атты ғылыми мақаласында XVIII қазақ елін жаулардан қорғану үшін Ұлы хан Ресей және Қытай сияқты терезесі тең екі алып мемлекетпен татулық, достық қатынас сақтап және қазақ әскерлерін жауларға қарсы бастарын біріктіріп, Алтай, Тарбағатай өңірлеріндегі қазақ қоныстарын қайтарып алуда зор рөл атқарды деп Отан тарихында ерекше бір орын алатын тұлға ретінде ғылыми тұжырымдама арқылы сипаттаса [11, 16], ал Отан тарихы ғылымында үлкен үлес қосқан ғалым, профессор Х. Әбжанов ғылыми еңбегінде келесідей атап көрсетеді: «адам – өз дәуірінің перзенті, әр ғасырда оза туатын дара тұлғалар болатынын да бекерлеу мүмкін емес. Егер өлмес мұра қалдыруымен заманынан оза тумаса, мыңдаған, жүздеген жыл ілгері де ғұмыр кешкен Аристотельді, әл-Фарабиді, Ұлықбекті бүгінде кім білер еді?

Есімін мәңгіге қалдырған тұлғалардың жұлдызды шоғырына Абылай да енуі керек» деп өз бағасын берді [6, 215]. Шынтуайтын да, XVIII ғасырда өмір сүрген ірі қайраткерлердің бірі – Абылай ханның бойында тұлғалық қасиеті толық қалыптасқан, елін, жерін қорғауда аянбай тер төккен, Отандық тарихта өз ізін қалдырған қайраткер тұлғалардың бірі де бірегейі.

XVIII ғасырдан бастап қазақ халқы үшін өте ауыр кезеңдер басталды. Аталмыш кезеңде қазақ даласында қарсылықтар мен күрестер, көтерілістер, ереуілдер болды. Яғни, көрші елдердің шапқыншылықтары, отаршылдық саясаттары қазақ елінің мәдениетін төменгі деңгейге жеткізді. Осыған орай, дүрбелең кезеңде Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Есет батыр мен Жаңқожа Нұрмұхамедұлы, Кенесары Қасымұлы бастаған алпауытты көтерілістерді айтуға болады. Қазақ даласында ұлт-азаттық қозғалыстың өрістеуі, жұмысшы қозғалысының пайда болуы сияқты еркіндік пен бостандық үшін күрестер жүріп жатты.

Қиын-қыстау заманда, қазақ жеріндегі отаршылдық саясаттың көріністері жаңа экономикалық саясат, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, индустрияландыру және т.б. отарлау саясатын көздейтін реформалар жасалды. Бұл процесте жұмысшы-шаруалар, қазақ еңбеккерлері, соғыстан оралған әскерилер өлкедегі ұлт-азаттық қозғалыстың өрістеуіне өз септіктерін тигізді. Осы кезеңді зерттеуші, тарихшы-ғалым Талас Омарбековтың «20-30 – жылдардағы Қазақстан қасіреті» атты ғылыми еңбегінде қазақ жерінде солақай саясаттың нәтижесінде жасалған Голощекин мен Сталиндік реформалардың нәтижелерін ғылыми тұрғыда терең талдаулар арқылы көрсетті. Аталмыш еңбегінде, ірі-бай шаруалар мүліктерін тәркілеу, ауқатты шаруаларды тап ретінде жою, ұжымдастыру салдарынан шаруалардың ірі бас көтерулері, қазақ халқын күштеп отырықшыландыру, геноцид саясаттары орын алып, қазақ халқын ірі зардаптарға әкелгендігі жөнінде атап өтті [12, 318]. Орыс үкіметі тарапынан болған реформалар қазақ даласын көптеген қиындықтарға ұшыратты. Нәтижесінде, қазақ халқының ұлт болып жойылу қаупі үстінде тұрды.

Осыған орай, XX ғасырда елдің қамын ойлаған зиялылар қазақ халқын Ресейдің отарлық езгісінен босатуда, елді дамыған Тәуелсіз мемлекет етіп қалыптастыру бағытында саяси күрестерде құрбан болды. Алаш зиялылары сол кезеңдегі қоғамның негізгі өршіп отырған көптеген мәселелерді патша үкіметіне бірнеше рет өтініштерін жазып сынап отырды. Қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, бірлікке жеткізу мақсатында Алаш қайраткерлерінің Отан тарихымызда алатын орны өте зор.

Ең алдымен, тұлғатану бойынша ірі еңбек қалдырған Алаш зиялылардың бірі – Қошке Кемеңгерұлы. Қайраткер Қошке «Қазақ тарихынан» атты ғылыми еңбегінің IV тарауында патша үкіметінің қазақ жеріне жасаған отаршылдық саясаты және қазақ халқы мүддесін қорғаған қазақтың зиялы азаматтары Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Әлихан Бөкейхан секілді тұлғаларымыз туралы тың деректерді қалдырды. Қошке Кемеңгерұлының 1924 жылы жарық көрген «Қазақ тарихынан» атты ғылыми еңбегінде: «үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде, айдауына да,

абактысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат болды. Бұл топты баулыған – Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан аулақ салған қазақ ұлты туды» деп ерекше қайраткерлік тұлғасына, еңбегіне баға берді [13, 72]. Филология ғылымының докторы Сұлтан Хан Аққұлы «Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы» атты ірі ғылыми еңбегінде Әлихан Бөкейханның тұлғалық қасиетіне тоқталып: «Әлихан қазақ хандары мен төре-сұлтандардың дәстүрлі отбасылық құндылықтарға сай әділдік пен ар-намысты ту етіп, тұлғалық қасиеттерді бойына сіңіре білді» деп өз ғылыми тұжырымын көрсетеді [14, 108]. Расында да, Әлихан Бөкейхан өз заманының озық ойлы азаматы және Алаш жастарын оқу-білімге бейімдеп, елін, ата-балалар мирас етіп қалдырған қасиетті жерді сыртқы жаулардан қорғауда өте үлкен рөл атқарды.

Бүгінде Алаш зиялыларымыздың барлығы дерлік есімдері Отан тарихымызда А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, Ш. Қосшығұлұлы, М. Тынышпайұлы, Б. Қаратаев, Б. Құлман зиялылары секілді қайраткерлеріміз төл тарихымызда өшпестей із қалдырды. Осыдан кейінгі қайраткерлер ізін жалғастырған Смағұл Сәдуақасұлы, Қошке Кемеңгерұлының қазақ еліне жасаған еңбектерін, қоғамдық-саяси қызметтерін саралау және келешек ұрпақ санасына сіңіру біздің, яғни жастардың міндеттердің бірі болып табылады.

Қорытындылай келе, қазірдің өзінде Отандық тарихтағы тұлға мәселесі толық зерттелмеді-міс. Тұлға ұғымына тарихи-ғылыми тұрғыда баға беріп саралау арқылы жаңа ғылым саласы ретінде одан әрі қалыптастырып дамыту еді. Бүгінде Отандық ғылымда әр тұлғаның өмірі мен шығармашылығын зерттеп-зерделеу және салиқалы ғылыми еңбектерін шырқау биігіне көтеріп асқақтату негізгі мақсаттарымыздың бірі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М. Қозыбаев. Тұлғалар тұғыры. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. – 3 б., 4 б.
2. Н.Ә. Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017. – 26 б.
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. <https://www.akorda.kz/kz/> ресми сайтынан алынды.
4. Ожегов, С. И. Словарь русского языка около. – Изд. 25-е. – Москва : 2001. – 763 с.
5. Ә. Нысанбаев. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7-том. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 525 б.
6. Х. Әбжанов. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. - 186 б., 215 б.
7. Дүкенбаева З.О., Талғатбек М.М. Әл-Фараби және әл-Машани рухани дүниетанымы: Ғылыми басылым / Алматы: ССК, 2017. – 9 б.
8. Әбдіқадырова Т.Р. Алаш және ұлт қайраткерлері. Монография. – Тараз қ., 2014., -17 б

9. Асылбеков М., Төлєнова З. Академик М. Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері /Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. – 8 б.
10. Жұмаділов Қ. Қалың елім, қазағым-Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2000. 368 б. – Б. 8.
11. Садықов Т.С. Абылай хан – Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігінің символы. Халық тарих толқынында. Ғылыми серия: мақалалар жинағы. Т.2. Құраст. Т. Шаңбай, А. Ибраева. – Астана: Фолиантб 2013. – 16 б.
12. Омарбеков Т. 20-30 – жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997-318 б.
13. Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Зерттеулері, көркем шығармалары, мақалалар. / Құраст. Қамзабекұлы Д. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013, 384 б.– Б. 72.
14. Аққұлы С. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы. I том. – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017. – 108 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ «АЛАШ» ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ САНАСЫНДА ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Абишева А.А.

«Абай атындағы орта мектеп-гимназиясы мектепке дейінгі шағын орталықпен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, aynur_abisheva@internet.ru

Оқыған адамдарда ең бірінші қасиетті сипат сол –
алдымен оларда дүниеден қараған бір белгілі көзқарасы болады,
нық бекіген бір мақсаты болады.
Айнымайтын бір белгілі идея меншіктенеді.

Ә. Нұрмұхамедұлы

Аңдатпа: Мақалада Әлихан Бөкейханның қазақ халқының тәуелсіздігі үшін жүргізген қызметі және тұлғаның болашақ ұрпақ үшін қалдырған тәуелсіздік туралы ойлары қаралады. Сонымен қатар мақалада Әлихан Бөкейханның жан-жақты қызметінде орын алған қазақ халқының арманы-тәуелсіз ел болудың маңыздылығына басты назар аударылған.

Аннотация: В статье рассматривается деятельность Алихана Букейхана в годы борьбы за становления независимости казахского народа, также как назидание будущим поколениям рассмотрены размышления Алихана Букейхана о независимости. В статье также уделено особое внимание важности становления независимой страны-мечты казахского народа, которая имела место в многогранной деятельности Алихана Бокейхана.

Abstract: The article examines the activities of Alikhan Bukeikhan during the years of the struggle for the formation of independence of the Kazakh people, as well as the edification of future generations, the reflections of Alikhan Bukeikhan on independence are considered. The article also pays special attention to the importance of the formation of an independent dream country of the Kazakh people, which took place in the multifaceted activities of Alikhan Bokeikhan.

Тәуелсіздік идеяларын жүзеге асыру «Алаш» қозғалысы қайраткерлері өзінің басты мақсаты деп санады. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның қазақ елі аңсаған тәуелсіздік күнің жақындату жолындағы күреске толы қызметі-өмірінің мәніне айналды. Қазақ халқының тарихында Әлихан Бөкейханның орны ерекше. 1917 жылдың күзіне қарай қалыптасқан Әлихан Бөкейханның қазақ елінің болашақ құрылымы туралы көзқарастары [1], ойлары сол жылдың желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Қазақ автономиясы жариялану барысында айтылды, Әлихан Бөкейхан сол алғашқы Қазақ автономиялы республикасының тұңғыш төрағасы болып сайланады.

«Алаш» партиясының бағдарламасы 10 бөлімнен тұрды. 2-ші бөлімде «Реті келсе, Қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болуы, реті келмесе – **бірден-ақ өз алдына жеке болуы.**» [2],- деп жазылған еді. «Алаш» партиясының бағдарламасында қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылысы және сол арманға жетудің бағыттары қарастырылды. Жеке мемлекет болудың маңыздылығы көрсетілді. «Алаш» партиясы әділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарих ету жолына бастайды. [3],- 2-ші бөлімде жазылған сөздері Алаш зиялыларының басты мақсаты, яғни **тәуелсіз мемлекет құру** бастамасын нақты көрсетті.

Әлихан Бөкейхан қазақ халқы үшін ең негізгі мәселе **жер мәселесіне** үлкен көңіл бөлді және жер мәселесін ХХ ғасырдың басында үнемі көтеріп отырған. «Жер, жер» дегенде мұжық та, қазақ та ішкен асын жерге қояды. Жер туралы көрген зорлық көп. Жер десе дірілдемей болмайды. Сонда да жер мәселесі негізгі ғұмыр мәселесінің ең зоры. Жер ісін «ала қашты, тартып алды, тиіп кетті» қылмай, ақылмен, сабырмен атқарған оң. «Учредительное собрание»-ге шейін жұрт шыдап, татулық қылған ғұмыр – жұртымыздың ілгері тілегіне жөн.»,- деп жазды Әлихан Бөкейханов 1917 жылы «Қазақ» газетінің № 227 номерінде. Сондықтан 1917 жылы жарық көрген «Алаш» партиясының бағдарламасында: «Учредительное собрание» негізгі закон жасағанда, жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деуі»[4],- деген сөздер қазақ халқының ғасырлар бойы армандаған жер мәселесін шешудегі нақты қадамы болды. Әлихан Бөкейхан қазақ халқының асыл қазынасы- ата-бабамыз мұра етіп қалдырған туған жеріне байланысты аграрлық мәселені үнемі өз назарынан қалдырмады.

Қазақ халқының жағдайын, мұның, талабын жеткізуде «Қазақ», газетінің орны ерекше болды. Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетінің беттерінде мақалалар, жарияланымдар, ғылыми ізденістер, ауыз әдебиетінің үлгілерін, көркем аудармаларды, хаттар, жеделхаттарды үнемі жариялап отырды. Сонымен қатар Әлихан Бөкейхан редактор ретінде 1906 жылы «Омичь» және «Иртыш» газеттерін шығарғаны белгілі. Газеттің ролін жақсы түсінген Әлихан Бөкейханов: ««Әуелі газета халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газета сондай керек. Газетасы жоқ жұрт, басқа газетасы бар жұрттардың қасында, құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ», – деп жазды. «Газета халықтың

даушысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газета арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады» – деп, оның қатардағы адамдардың ар-намысын қорғайтын құрал екенін көрсетеді[5].

«Қазақ» газетінің беттерінде жариялаған Әлихан Бөкейханның ойлары осы уақытқа дейін өзінің құндылығын жоғалтпаған. Газет беттерінде жас ұрпақтың біліміне, мәдениетіне, тәрбиесіне үлкен мән берген Әлихан Бөкейхан былай жазды: **«Оқыған адамдарда ең бірінші қасиетті сипат сол – алдымен оларда дүниеден қараған бір белгілі көзқарасы болады, нық бекіген бір мақсаты болады. Айнымайтын бір белгілі идея меншіктенеді. Міне, бірінші оқығанның сипаты осы болса, төменгі айтылған сипаттар өздігінен туа бастайды. Яғни оқыған адамдар, жоғарғы айтқандағыдай өмірі аз, байлық, билік, дәрежені олар мақсат қылмайды һәм ондайларды олар бақ-дәреже деп танымайды, мақтану үшін іс қылмайды, сыртқы бояуға масаттанбайды. Анық әділдік, адамдығына жұрт сенеді. Мынау былай шығар-ау деп айтудан тіл күрмеледі. Жат-жақын, туған-туысқан демейді. Өзін адам баласы үшінмін деп, өзі үшін өзгені құрбан қылмайды. Өзін-өзі күзетеді, сырқ жалын айқайды қолданбайды, «ақырын жүріп анық-анық бас, еңбегің кетпес далаға» дейді. Шын досынан айнымайды, басқаға кек сақтап, дұшмандық ұрығын шашпайды. Болашаққа үлгі болуды мақсат қылады.»** [6].

Жастардың білім алып, жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуына зор көңіл бөлген Әлихан Бөкейхан білім ошақтарын қазақ даласында ашуды қолға алған. Өсіп келе жатқан балалардың болашақ елінің білімді, мәдениетті азаматтары ретінде қалыптасу үрдісін жүзеге асыру мақсатында қолынан іс келетін жігіттерді тарту қажеттігін «Қазақ» газетінің кезекті басылымында айтып кеткен. **«Оқудағы қазақ балалары жәрдемге мұқтаж екендігі «Қазақты» оқушыларға мәлім болды...Оқуда жүрген жастарға жәрдем қылу жұрт борышы деп білсек, бұған мойын ұсынсақ, енді мұны іске айналдыру шарасын қылу керек.** Бізден рухани мәдениеті озған жұрттың бұл туралы салған қысқа жолы бар. Біз де сол жолға түсу жөн. **Жәрдем қауымының ісін бастауға, атқаруға таза пікір, талап, жаһұт қана шарт.** Менің жоруымша, бұл іс қолынан келетін жігіттер қазақта осы күні бар.Оқудағы жастарға жәрдем қауымын ашуды Семей жігіттері ізденіп ашу жөн»[7],-деп жазды Әлихан Бөкейхан 1915 жылы «Қазақ» газетінде. Патша өкіметінің отарлау саясаты кезіндегі Әлихан Бөкейханның осы жалынды сөздері жастардың санасында тәуелсіздік идеяларын насихаттаудың бір жолы- мектеп қабырғасында бастау алатындығын білді. **«Пікірлі жастар бізде көбейсе, біз рухани мәдениет жолына бет қойғанбыз»,-**деп жазды Әлихан Бөкейхан.

Әлихан Бөкейхан ағарту жұмысына ерекше мән берген. Баспа органының бүкіл адамзаттың тарихи дамуындағы қуатын және мәдени рөлін жақсы білген Ұлт көсемі, қазақ тілінде жарық көретін газеттердің халықтың барлық өмірлік мәселелерін қамтитының түсінді. Баспасөз беттерінде жарияланған халықтың мұның жеткізген ол, көптен бері күткен халықтың армандарының жүзеге асырылатындығына сенімі мол болды. Шын мәнісінде қазақ даласында ұлттық

мектептер ашылды, білімді жастарға стипендиялар берілді, шағын несиелік серіктестіктер пайда болды. Халықтың ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, саяси өркендеуіне үлес қосқан «Қазақ» газеті арқылы дүниежүзінде болып жатқан мәдениет, білім, ғылым жаңалықтары белгілі болды. Білімді насихаттайтын баспасөз органның маңыздылығын Әлихан Бөкейханұлы әрбір сөзінде үнемі айтып жүрді және газет беттері арқылы ағарту жұмысын үзбей жүргізді.

Қазақ зиялысы Әлихан Бөкейхан әйелдер құқығын барынша қолдау ісін де жүргізді. Мысалы, 1917 жылы 21-26 шілде күндерінде Орынбор қаласында өткен жалпықазақ съезінде «әйелдер саяси құқықта ерлермен тең, ерге шығу еркі әйелдің өзінде болсын, қалыңмал жоғалсын, 16-ға толмаған қызға құда түсу болмасын, неке қиярда әйел мен еркекті беттестіріп, ризалықтарын біліп отырсын»[8],-деп жазылған еді.

Қазақ халқының жағдайын бәрінен де жоғары қойған Ұлт көсемі халықтың бірігіп, біртұтас күш ретінде өмір сүру қағидасын ұстады. Себебі біртұтастық арқылы ғана тәуелсіздікке жету мүмкін. Патша өкіметі құлаған сәттен бастап-ақ елді біріктіру ісін қолға алған Әлихан Бөкейханов, тарихи жағдайдың нәтижесінде қалыптасқан мүмкіндікті жіберіп алмау тек ғана бірліктің арқасында болатындығын айтты. ««Учредительное собрание» сайлауларына қазақ болып қамдану керек. Жарамды жақсы адамдарын ауызға ала беру керек. Енді араздық, өштік, дау, жан-жал, талас, партиялық сыйыспауларды тастау керек!..Жер мәселесін де қозғап, тезірек қолға ала беріңдер! Біз қалайтын патшалық түрі – «демократическая республика», яғни мал өсіріп, егін салып, жерге ие боларлық түрі. **Құдайдан басқа ешкімнен қорықпаңдар!** Түзулікпен іс етіңдер, жаңа үкіметті сүйендер, министрствоның азық-түлік ісінде жүрген «уполномоченный»-лармен өзіміздің майдандағы жұмысшыларымызға болысыңдар! Халықтың көңілін білдіріңдер!»[9],-деп шақырды.

Әлихан Бөкейхан «Алаш ұлына» арнап жазған үндеуінде тәуелсіздік алған күнімізді қуана отырып айтты, үндеуде болашақ тәуелсіз өмірдің бағыт-бағдарын көрсете отырып жазғаны: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті.» [10].

Қазақ халқының болашағын ойлаған тұлға «Алаш» партиясын құруға бар күшін жұмсады. Алаштың баласы бақыт жолына түсу үшін бірігу қажет деп айтты. Сонымен қатар тарихи жағдайдың маңыздылығын түсінген Ұлт көсемі кейінгі ұрпақ үшін біздің таңдаған жолымыз өте маңызды деген еді. «1897-нші жылғы есепте қазақ тілін ана тілім деген адам 4 миллион 84 мың еді....Біздің 9 облыс, бір губернедегі қазақ биыл 5 миллион 400 мың болса керек. **Тірі болсақ, алдымыз үлкен той.** Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар. Бізді бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, алаштың баласы бақыт жолына түсті. **Кейінгі үрім-**

бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар. Осыны аңғар, жұртым қазақ!» [11].

Алаш сөзінің өзі Әлихан Бөкейхан үшін үлкен мән-мағынаға ие болған. Бір ата Алаштан тараған қазақ баласын бірігуге шақырған Алаш сөзі ұранға айналды. Мемлекет Алаш атанды, бас қала Алаш атанды, партия «Алаш» атанды. «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр. Жалпықазақ сиезінің қаулысын қабыл етіп, қазақ өз алдына саяси болуын қостайтындар, сайлауда кандидат списогін «Алаш» партиясының списогі деп жүргізулері керек...» [12], -деп жазды Ұлы қайраткер.

Әлихан Бөкейхан- білімі жан-жақты Ұлы тұлға. Ол тарихшы, этнограф, экономист, статист, заңгер, яғни энциклопедиялық білімі бар ғалым. Қазақ халқының мұның-зарын жақсы білген ойшыл барлық білімін өзінің еліне арнаған еді. Сонымен қатар қазақ даласында өмір сүрген Ұлы даналарымыздың өмірін зерттеумен де айналысты. Ұлтымыздың көсемі қазақ халқының Ұлы ақыны Абайдың өшпес мұрасын алғашқы болып зерттеді және насихаттады. Әлихан Бөкейхан үшін Абай **Қазақстанның тәуелсіздігі** жолында күрескен қазақ зиялыларының ең үздік өкілдерінің бірі болды. Әлихан Бөкейхан Ұлы қазақ ақынымен рухани туыстығын барынша көрсетуге тырысты. Абай мен оның шығармашылығын қалың оқырманға таныстырды, алғашқы өмірбаяншысы болды, ақын шығармаларының кітабын басып шығаруға дайындады. Алаш тарихы-бұл қазақ ұлтымыздың тәуелсіздікке жету жолының тарихы. Жолымызды салып берген қазақ зиялылары өзінің қызметін білімге, ағарту ісіне, мәдениетке негіздеді. Сондықтан қазақ зиялылары қазақ балаларының тәрбиесіне үлкен көңіл бөлді. Әлихан Бөкейхан «Жас Алаш» газетінде жастарға өзінің жылы лебізін, ағалық ақылын жолдаған еді: «Шыныменен, сендер белсеніп халық үшін қызмет қылсаңдар, сендердің ақ жүректерің Қазақстанда қазақ-қырғыз халқының алдағы тұрмыстарына жарық сәуле еніп, іштеріндегі болып жатқан ішкі, сыртқы талас-тартыстар жоғалып, халық қатарына қосылар деген үміт тұр. Жазға жақын оқудан босап елге шығып бара жатқан жас оқушылар! Ендігі жұмыс: өздерің де елге шығып қарап жүрсеңдер де, жоқ болмаса, ел ішінде болып жатқан жаман әдеттерді топтастырып жазып алып жүрсеңдер де, қандай болып жүрсеңдер де қазақ-қырғыз халқының оқушы жастары да аман-есен болып, күзгі оқуларыңа қайтып, ойлаған талаптарыңа жетулеріңе шын көңілмен тілектеспен. Қадірлі [жастар], жолдарың болсын! Сендердің талаптарың шыққан елдеріңе құтты қонымды болсын!»[13].

Әлихан Бөкейхан-қазақ халқының үміті және мақтанышы. Ұлт көсемі болған тұлғаның тәуелсіз елі туралы ойларын, осы ойларын жүзеге асырудағы қызметін қазіргі жастар білуге міндетті. Себебі ғасырлар бойы қазақ халқы аңсаған тәуелсіз елдің бастамасы Әлихан Бөкейханның қызметі және өмірімен байланысты.

Биылғы жылы Әлихан Бөкейханның туғанына 155 жыл және Қазақстан Республикасы Тәуелсіз мемлекет ретінде аталуының 30 жылдығы тойлануда.

Барлық ғұмырын қазақ халқының тәуелсіз ел болу ісіне арнаған Ұлы көсемнің 155 жылдығы және еліміздің 30 жыл бойы тәуелсіз ел ретінде өмір сүру тарихи даталарының қатарлас келгенің, Тәуелсіздіктің символы ретінде қарастыруға болады. Әлихан Бөкейханның игі істерін жас ұрпаққа жеткізу және насихаттау әрбір тарих пәні мұғалімнің міндеті деп санаймын. Әлихан Бөкейхан тәуелсіз мемлекеттің басты мақсаты- ұлттық мүдделерді қорғау мен ұлттық идеяларды іске асыру жолында құрбан болды. Бүгінгі ұрпақ өткенді білу және бағалау қажет, себебі халқымыздың өміріндегі ең қасиетті қазына тәуелсіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қойгелдиев Мәмбет. Алаш қозғалысы : көмекші оқу құралы / М. Қойгелдиев ; ҚР Білім және ғылым м-гі. - Алматы : Санат, 1995. – 262 бет.
2. Бөкейхан Әлихан.Шығармаларының толық жинағы : мақалалар, жарияланымдар, ғылыми ізденістер, ауыз әдебиетінің үлгілері, көркем аудармалар, хаттар, жеделхаттар (телеграмдар) / Ә. Бөкейхан; құраст. С. А. Жүсіп. - Астана : Сарыарқа, 2013 - Т. 7: 1917- 1924 (Алаш-Омбы-Мәскеу-Ленинград -Ақтөбе-Қызылорда) = Полное собрание сочинений. - 42 бет.
3. Бөкейхан Әлихан.Шығармаларының толық жинағы: мақалалар, жарияланымдар, ғылыми ізденістер, ауыз әдебиетінің үлгілері, көркем аудармалар, хаттар, жеделхаттар (телеграмдар) / Ә. Бөкейхан; құраст. С. А. Жүсіп. - Астана : Сарыарқа, 2013 - Т. 7: 1917- 1924 (Алаш-Омбы-Мәскеу-Ленинград-Ақтөбе-Қызылорда) = Полное собрание сочинений. - 42 бет.
4. Бөкейхан Әлихан.Шығармаларының толық жинағы: мақалалар, жарияланымдар, ғылыми ізденістер, ауыз әдебиетінің үлгілері, көркем аудармалар, хаттар, жеделхаттар (телеграмдар) / Ә. Бөкейхан; құраст. С. А. Жүсіп. - Астана : Сарыарқа, 2013 - Т. 7: 1917- 1924 (Алаш-Омбы-Мәскеу-Ленинград-Ақтөбе-Қызылорда) = Полное собрание сочинений. - 45 бет.
5. <http://lib.kstu.kz/wp-content/uploads/2017/10/Baltash-ly-E.-lihan-B-kejhanov-zh-ne-aza-gazeti.pdf>
6. Ғ. Б.«Бостандық туы» газеті, No 6 (62), 12 сәуір, 1922 жыл. Қызылжар (Петропавл) қаласы.
7. Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы = Полное собрание сочинений в 9 томах. /Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа», 2013. – Қазақша-орысша. Т. 6. – 52 бет.
8. Қойгелдиев Мәмбет. Алаш қозғалысы: көмекші оқу құралы / М. Қойгелдиев ; ҚР Білім және ғылым м-гі. - Алматы : Санат, 1995. – 301бет.
9. Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы = Полное собрание сочинений в 9 томах. /Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа», 2013. – Қазақша-орысша. Т. 6. – 361 бет.
10. Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы = Полное собрание сочинений в 9 томах. /Құраст.:

Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа», 2013. – Қазақша-орысша. Т. 6. – 366 бет.

11. Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы = Полное собрание сочинений в 9 томах. /Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа», 2013. – Қазақша-орысша. Т. 6. – 403 бет.

12. Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы = Полное собрание сочинений в 9 томах. /Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа», 2013. – Қазақша-орысша. Т. 6. – 415 бет.

13. Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы = Полное собрание сочинений в 9 томах. /Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа», 2013. – Қазақша-орысша. Т. 7. – 152 бет.

СЕКЦИЯ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК АЛАҢДАРЫ

I. Тарихи тұлғалар контексіндегі Әлихан Бөкейхановтың орны

АЛАШТЫҢ КӨШБАСШЫСЫ - ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

Аманғалиева Агжан Хамитқызы

Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепный ауылы, Теректі колледжі

Андатпа: Мақалада автор қазақ ұлтының мүддесін көздеген Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхановтың болашаққа қалдырған зор еңбегін жан-жақты айтып өткен. Тұлғаны студенттермен жастарға ұғындыруда баяндаманың маңызы зор. Бұл мақала Алаш қайраткерлерінің тарихын білуге насихаттайтын жұмыс болып табылады.

Аннотация: В статье автор рассказал о большом творчестве активиста Алаша Алихана Бөкейханова представлявшего интересы казахстанского народа, и важен для разъяснения студентам и молодежи. Это статья представляет собой произведение, посвященное истории деятелей Алаша.

Abstract: In the article, the author spoke about the great work of the Alash activist Alikhan Bөkeikhanov, who represented the interests of the Kazakh people, and is important for clarifying the personality to students and youth. This article is a work dedicated to the history of the personality of Alash.

XIX ғасырда өмір сүрген Алаштың азаматы Әлихан Бөкейханов бүгінгі тәуелсіздігімізді аңсап 1917 жылы «Қазақ» газетінде мына сөз тіркестерін келтірген: Тірі болсақ, алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар.

Бұл болып тұрған заман Алаштың азаматына зор жүк. Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт - махаббат жолына түсер. Кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар! Осыны аңғар, жұртым қазақ.

Еліміз егемендік алғалы бері 30-50 жылдардағы тарихтың қатесін түзетуге күш салынып келеді. 1993 жылы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын сүргін құрбандарын ақтау» туралы заңға сәйкес прокуратура органдары жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырыған адамдарды ақтауда біршама жұмыстар жүргізді.

Елбасының 1997 жылдары «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын - сүргін құрбандарын еске алу жылы», 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», ал 1999 жылды «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деп жариялауы осының айғағы іспеттес. Бұның өзі тарих тағылымының болашақ үшін маңызының зор екендігін және бұл мәселеге мемлекеттік дәрежеде қолдау көрсетіп отырғанын аңғартады.

Кезінде ұлт зиялыларын ойландырған елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдер қатарына қосу, ең бастысы қазақтың ұлттық мемлекетін құруға әрекеттенуі бүгінде шындыққа айналып отыр.

Екі аяқты, жұмыр басты пенде - ғажайып құбылыс. Дүниеге келген әр адам тұлға бола бермейді. Қазақтың «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегені осыдан болса керек. Тұлға қандай қасиеттерімен елден ерек, жұрттан бөлек болуы керек? Тұлға-интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажымас күш - қуатымен, ақыл - парасатымен, басқаша айтқанда көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен, ұлтжандылығымен, ұлтқандылығымен ерекшеленген жан.

Халық басына күн түсіп, қиын-қыстау замана туғанда ғана тұлға өзінің өзгеден болса ірі ісімен, пәрменді күшімен, құдыретті көріпкелдігімен танылады. Ендеше тұлға- табиғат сыйы, табиғи ортаның туы. Тұлғаны ақ алмастай замана шындайды, ақ алмас, Мұхтар Омарханұлы айтқандай қаттыны жарады, жұмсақты тіледі, замана талабы туған кезде оттан шығып, жалын құшқан ақ алмас қынабынан жарқ етіп қадір-қасиетімен халқына танылады, «тарих» деген дарияны еркін малтып өтіп, өз тұғырына, ұлылық тұғырына қонады. Мұндай тұлғалар тарихта күнде тумайды, табиғат адам баласына оны анда-санда сыйлайды. Пенде шіркін көбіне тірісінде ұлылықтың ұлылығын түсіне білмей, түсінгісі де келмей, айырылып қалғанда ғана есіне алып жылайды. Бірақ әділеттік ертелі кеш жеңеді, зиялы данаға тарих өз еншісін береді. Қазақ зиялылары өмірі кеңес дәуірінде халқымыздың тарихында арақидік зерттелді.

Халқымыздың көк байрағы көгімізде желбіреуіне ат салысқан, сол үшін тоталитарлық өктем саясаттың құрбаны болған зиялыларымыздың бірі - Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханов.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының №7 ауылында 1870 жылы 25 наурызда (кейбір деректерде 1866 ж.) дүниеге келген. Қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт - азаттық және Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, Алаш партиясы және Алаш үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. Ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты

Сұлтан Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей осы Сұлтан Барақтың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед.

Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады.

Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды.

1886-1890 жылдар аралығында Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны "техник" мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1890-94ж. Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқиды. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатынасып, 20 ғасыр босағасын аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шындай түсті. Бөкейханов туралы «Семипалатинский листок» газетінің 1906 жылғы 5 маусымдағы санында: Ол Орман институтының студенті болып жүрген кезінде барлық студенттік қозғалыстарға белсенді түрде араласып, әсіресе, солшылдарға ілесетін. Бөкейханов Ресей жандармерия басқармасының назарына алғаш рет студенттік жылдары-ақ ілігіп, «саяси сенімсіздердің қара тізіміне алынды». Ол институтты бітіргеннен кейін Омбыға барады. Онда орман шаруашылық училищесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасты. Социалистік бағыттағы «Степной край» газетінің қызметіне белсенді түрде орналасып, оның редакция алқасы құрамына енді. 1903 жылы Щербина экспедициясы жұмысына қатысты. Бөкейхановтың экспедициясы жұмысына қатысу барысында қазақ даласына байланысты Ресей империясының көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жаңа қырынан көрді және отарлық биліктің таяу жылдары ірі шараларды іске асыруға даярлық жасап жатқанын байқады. Қалай болғанда да Бөкейхановтың көзқарасының Щербина экспедициясына қатысқаннан кейінгі кезеңде үлкен өзгерістерге ұшырағандығы анық. Дегенмен, Бөкейханов сияқты қазақ зиялыларының мүлдем жаңа сапаға көтерілуіне 1-орыс революциясы ерекше ықпал етті.

Әлихан Бөкейханов 1905 жылы қарашада Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысты. Съезде қазақ халқының жоғын жоқтап сөз сөйлейді. Сөзінде ол қазақ халқының тіл, сайлау, дін, тағы басқа. Бастағандықтары мәселесін көтерді. Ол осы жылы «Халық бостандығы» партиясының мүшелігіне, ал 1906 ж. осы партияның ОК-і құрамына сайланды. Бөкейханов конституциялық-демократиялық партияның Қазақстанда бөлімшесін ашуға ынта білдірді. 1906 ж. маусымда Семейде өткен қазақ сайлаушыларының съезінде Бөкейханов «Халық бостандығы» партиясының бағдарламасын қуаттап сөз сөйлейді. Бөкейханов І-мемлекеттік думаға Семей облысының қазақтары атынан депутат болып сайланды. Бірақ ол І- мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені Бөкейханов Дума өз жұмысын бастаған кезде Дала генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз Павлодар абақтысында отырды. Ал

абактыдан шығып Санкт-Петербургке жеткенде, Дума патшасының үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Әлихан та солардың артынан аттанып Выборг үндеуіне қал қол қойды. Сол үшін жаза тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды. 1906 жылы Омбыда шығатын кадеттік «Голос степи», «Омбы» және «Иртыш» газеттеріне, 1908 жылы перербургте жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарады. Сол жылы Самараға жер аударылып, 1909-1917ж. дон егіншілік банкі бөлімшесінде жұмыс істеді. 1912 -1917 жылы кадеттер партиясы ОК –нің мүшесі болды. 20 ғ-дың басындағы қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде «қазақ газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне Әлихан зор еңбек сіңірді. 1-дүниежүзілік соғыс жылдары майданның қара жұмысына алынған қазақ, қырғыз, өзбек, т.б. ел азаматтарына қажет түрлі көмек көрсету ісіне басшылық жасады. 1917 ж. 15 ақпанда Минскідегі земство және қала одақтары жанынан ашылған бұратаналар бөлімінің бастығы қызметін атқарды. 1917 жыл шілдеде 1- жалпы қазақ съезі өткізілді, сондай –ақ, «Алаш» партиясы құрылды. Съезд қазақ облыстарын бүлініліктен сақтау мақсатында уақытша «Ұлт Кеңесін» құрып, оның аты «Алашорда» болсын деген шешім қабылдады.

Әлихан Бөкейханов қазақ және орыс тілдерінде қатар жазған публицист. Оның қаламынан шыққан мақалалар Санкт –Петербургтің «Сибирские вопросы», «Биржевые ведомости», «Новая жизнь» секілді басылымдарынан жиі көрініп тұрған. Ол халықтың сана - сезімі мен ұлттық мәдениетін көтерудегі баспасөздің ісі кейінгі ұрпаққа қалдырған аманат- мұрасы әлі де жан –жақты талданып, зерттеле түспек.

1937 жылы 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы соты шешімімен оны ату жазасына кесті. Тәуелсіздікке қол жеткен аз ғана жылдар ішінде өзінің салихалы істерімен әлемге танылған ҚР қазіргі таңда алдына қойған мақсаттарына жетудің кепілдіктерінің бірі - халықтың өз тарихын терең білуі және тарих тағылымын үнемі жадында ұстауы.

30 жылдардың басынан 80 – жылдардың соңына дейін Алаш пен Алашорда тарихын зерттеуге ресми түрде тыйым салынды. Осы қозғалысқа қатысқан қайраткерлер 20-30 - жылдары «контрреволюционерлер», «ұлтшылдар», «халық жауы» деп жалған жаламен айыпталып, сотталды, айдалды, атылды. Сондықтан, Алаш жөнінде, оның қатарында болған Әлихан Бөкейханов жетекшілік еткен қайраткерлер туралы да шындық айтылмайтын болды.

Алашорда үкіметінің негізін қалаушылар қазақ ұлты үшін басын бәйгеге тіккен тұлғалар болатын. Алашорданың басты мақсаты да Қазақтың дербес мемлекетін құру еді. Мемлекет болған соң оны қорғап тұратын әскер де қажет. Сондықтан Алаш автономиясы аталған ұлттық мемлекетті аяғынан тік тұрғызу үшін «халықтық милиция» деп атанған ұлттық әскер құру қолға алынды. Алаш автономиясы әскерінің қатары аз ғана уақыт ішінде бес мыңға

жуық адамға жетті. Қазақ елі тәуілсіздігінің тарихында алашордашылардың атқарған қызметі аса маңызды.

Екінші жалпы қазақ съезінде Алаш төрағасы Әлихан Бөкейхановтың сөйлеген сөзінде:

«...Бүкіл мемлекет қазір бетімен жайылып кетті. Кешікпей талан-тараж, қырғынға айналатын түрі бар. Алалық, алты ауыздық, біреуге біреу сенбеу күшейді, һәр адам, әр халық өз қамын ойлап, өзін-өзі қорғайтын күн туды. Бұл болып жатқан уақиғалардың түбі неге соғатынын жалпы қазақ елі сезе қоймайтын шығар. Оқиғалардың сүрені жаман: қам қылмай, қол қусырып отыра берсек, алдымен қазақ халқы сорлайтын түрі бар. Соның үшін біз жанымызды, малымызды қорғау жайын ойлау керек.Өзімізді өзіміз қорғау үшін бізге жалпы қазақ милициясын құру керек» - деген.

Алаш партиясы – қазақ ұлтының мүддесін көздеген тұңғыш партия болды. Әлбетте партияның өмірге келуі барысында көп дайындық жүргізілді.

Біріншіден, партия мүшелері халық арасында, қазақ зиялылары ішінде ең алдымен шешілуге тиіс жалпыұлттық зәру мәселелерді талқылауға мұрындық болып, сол мәселелер бойынша ортақ тұжырымдарға келуде басты рөл атқарды.

Екіншіден, партияның ұйтқысы болған қайраткерлер қазақ елінің Алаш автономиясы атанған ұлттық мемлекетінің өмірге келгенін жария еткен екінші жалпықазақ съезін (1917, желтоқсан) даярлап, өткізді. Осы съезде өмірге Алашорда – Ұлттық Кеңес үкіметі келгені мәлім.

Үшіншіден, 1917 жылғы қарашада болып өткен Бүкілресейлік Құрылтайға депутаттар сайлауында барлық қазақ қайраткерлері Алаш партиясының атынан тіркелді және оның атынан депутат болып сайланды. Алаш партиясы ең көп дауыс алған партия болды.

Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен әр облыста ұйымдар құрылды. Орынбор қаласында Алаш қайраткерлері Ғалихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдулхамид Жүндібаев, Ғазімбек Бірімжанов сол уақытқа сай 10 бағдарлама енгізді:

1. Мемлекет қалпы
2. Жергілікті бостандық
3. Негізгі хұқық
4. Дін ісі
5. Билік – сот ісі
6. Ел қорғау
7. Салық
8. Жұмысшылар
9. Ғылым – білім үйрену
10. Жер мәселесі

Бағдарламадағы ең негізгі мәселе - жер мәселесі еді. Қазақ жері, оның асты - үстінің байлығы қазақ елінің меншігі болуға тиіс. Қазақ елінің ықтиярынсыз ішкі Ресейден қоныс аудару тоқтатылады. Жер мәселесіне

байланысты заң қабылданып, қазақ алдымен өз жерінен енші алады. Жер сыбағасы әрбір адамға бөлінетін болды. Заң жерді сатуға тыйым салды.

Қазақ ұлтының бостандығы, теңдігі үшін күрескен Әлихан сынды тұлғаны «Алаштың көсемі» деуге болар. Заман талабына сай қазіргі жастар арасында оқырмандар қауымы саусақпен санарлық. Бүгінгі жас өткен тарихымызды кітап бетінен іздемейді. Олар ақпаратқа, теледидарға ғана қызығады. Сондықтан Әлихан сынды ұлы тұлғаларымызды теледидардан көбірек көрсетіп, олар туралы фильмдер түсірілсе құба-құп болар еді.

Еліміздің Тәуелсіздігіне ықпал етіп, бостандық пен азаттықты келер ұрпаққа аманат қып, қиын-қыстау кезеңде ел-жұрты үшін жанын шүберекке түйіп, әкімшілік-тоталитарлық жүйенің құрбаны болған Алаш қайраткерлеріне Тәуелсіздік ұрпағы ретінде тағзым етемін!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсен Сұлтан: «Әлихан Бөкейхан: «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын». 2015 ж. қараша
2. Сұлтанхан Аққұлұлы: «Әлихан Бөкейханов» 2015 ж. қараша «Егемен Қазақстан» газеті
3. Бейбіт Қойшыбаев: «Қазақ ұлттық мемлекетінің тұңғыш басшысы» 2016 ж. қаңтар
4. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Алматы, «Жалын баспасы», 2014ж.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫ ЖАЙЛАҒАН КОРОНАВИРУС

Долқын Құрманбек

Т.Рысқұлов атындағы №9 жалпы білім беретін орта мектеп, Талғар қаласы, Алматы облысы

hurmanbek@inbox.ru

Аңдатпа: Мақалада ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың «Денсаулық сақта», «Жамандат-Топалаң» атты мақалалары негізінде бүгінгі күнде әлемді жайлаған коронавирус пандемиясынан сақтану жолдары талданады.

Анотация: На основе статей лидера нации Алихана Букейхана «Сохраняйте здоровье», «Сибирская язва» в статье анализируется способы избежания от пандемии коронавируса, которая распространяется сегодня по всему миру.

Abstract: This researching work is analyzed nowadays pandemic problem COVID 19 and taking care of this illness, basing on the articles of nation leader Alikhan Bokeikhanov “ Keep your health “ and “ Anthrax.”

Кіріспе

XX ғасырдың басында Россия империясының капитализиге дейінгі өндірістік қатынастар үстем болған агралық өлкесі болған Қазақстан жерінде ұлттық либерал зиялылардан ұйымдасқан Алаш қозғалысы пайда болды.

Алаш қозғалысының басты мақсаты-қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүдесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру құқығын метропологияға мойындату, түбінде дербес мемлекет құру. Осы ұлы мақсаттың жетегінде Алаш зиялылары елім деп ерінбей еңбек етті. Жапон профессоры Томохико Уяма «Азаттық» радиосына берген сұхбатында: «Алаш зиялыларының идеалы халыққа адал да кіршіксіз қызмет ету болды» деп жауап беріпті. Бейне Әлихан айтқандай «ұлтына, жұртына қызмет ету білімнен емес, мінезден.»[1]

Алаштың ардақтысы, көсемі Әлихан Бөкейханов (1866-1937жж.) Семей облысы, Қарқаралы уезінде №7 Тоқырауын болысында туған. Оның арғы атасы Шыңғыс ханның ұрпағы-Барақ сұлтан. Ержеткен ортасы -Ұлы Абай шығармалары.

Әлихан алғашқы білімін ауылдағы татар молда Зәриутен алады. Кейін мектеп-интернатқа оқуға түседі. Колпоковскийдың ұсынысы бойынша Әлихан Омбының техникалық училищесіне оқуға түседі. Кейін оқуын тамамдаған соң, Санкт-Петербург қаласындағы империяторлық орман шаруашылығы институтына жолдама алады. Мұнда ол студенттік қызу пікір таластарға қатысып, ойын ұшқырлата түседі. Жоғары оқу орнын тамамдаған соң, Омбыдағы орман шаруашылығы институтына математика пәні мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Кейін дала облыстарын зерттейтін Щербинаның экспедиция жұмысына қатысты. Бұл сапар барысында Бөкейхановтың көзқарасы үлкен өзгеріске ұшырады. Өзінің туған халқының салт-дәстүрін, мұң-мұқтажын түсінді. Бір сөзбен айтқанда ұлтына деген сүйспеншілік сезімі арта түсті. Дегенмен, Әлихан Бөкейхановтың саяси көзқарасының қалыптасуына 1905 жылы бірінші орыс революциясы әсер етті. Қарқаралыдағы петицияға белсене қатысты. Міне осыдан бастап Алаш қозғалысы қалыптасқан еді. Алаш қозғалысының бір қалыпқа түсуіне Әлихан Нұрмұхамедұлы ерекше еңбек сіңірді. Өз төңірегіне дарынды жастарды топтастыра білді. Әлихан Бөкейханов 1917 жылғы ақпан революциясын сүйенішпен қарсы алды. Миніскіден «бостандық және теңдік күні туды» деп жалынды сәлем жолдады. Жаңа үкіметтің жұмысына белсене қатысып, Кәдет партиясына мүше болды. Дегенмен, кәдет партиясы оның ойлағанындай партия болмады, қазақтардың ұлттық мүдесін ескермеді. Сол себепті Әлихан Бөкейханов кәдет партиясынан шығып, жаңа партия құру жұмысына белсене кірісті. 1917 жылы Орынборда өткен жалпықазақ съезінде Алаш партиясы құрылып, төрағалыққа Әлихан Бөкейхановты сайлады.

Алаш партиясының құрылуы Әлихан Бөкейханов пен оның төңірегіндегі әріптестерінің тарихи жеңісі еді. Іле-шала құрылған Алашорда өкіметі төрағалыққа Әлихан Бөкейхановты сайлады. Өкімет басшысы Әлихан Бөкейханов қазақ тұрмысының жан-жақты білгірі ғана емес, заманынан озық

тұрған әлемдік деңгейдегі саясаткер, жан-жақты ғалым еді. Бұл мақалада Әлихан Бөкейхановтың «Денсаулық сақта», «Жамандат-Топалаң» атты мақалалары негізінде бүгінгі күнде әлемді жайлаған коронавирус пандемиясынан сақтану жолдарын талдаймыз.

Негізгі бөлім

2019 жылы желтоқсан айының ортасында Қытайдың Хубэй провинциясының орталығы Уханы қаласындағы Хуанан жануарлар мен теңіз өнімдері базарында болған түсініксіз пневмонияға шалдыққаны анықталады. Осыдан кейін Қытай ғалымдары коронавирустың жаңа түрін анықтады-SARS COV-2. Оның генетикалық құрамы ауыр типті респираторлы синдромды қоздыратын SARS -COV 70 пайызы ұқсайтынын анықтады. Осылайша, олар карта құрып, жаңа вирустың генетикалық құрамын анықтады. 22 қаңтарда Ухань қаласында карантиндік шектеулер жарияланды. Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы болса індетке қарсы отырыс өткізгенімен, ұйым мүшелері бірауызды шешім қабылдай алмады. 28 ақпанда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы денсаулық сақтау саласындағы халықаралық маңызы бар төтенше жағдай жариялады. Коронавирус эпидологиясын пандемия (пандемия дерттің дүниежүзіне таралуын білдіреді) деп жариялады.

Қытайдың көршісі болған Қазақстанға тәж тажал Қытай шекарасы арқылы емес, Германия арқылы кірді. 2020 жылы 13 науырдан Германиядан ұшып келген азаматтан коронавирус анықталды. 19 наурызда Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел аумағында төтенше жағдай енгізді. Содан бері бір жарым жыл өтті. Коронавирустың бірінші толқыны енді басыла бергенде, екінші толқыны келіп, халықты әбден әбігерге салды. Коронавирусты жұқтырғандар саны қазіргі күнде әлем бойынша 219 млн. адамға жетсе, оның ішінде 4,55 млн. адам бақилық болды. Ал Қазақстанда 994 мың адам аты жаман ауруды жұқтырды, 11727 адам о дүниеге аттанды. Осыған дейін адамзат баласы талай жұқпалы ауруды бастан кешірді. Алысқа бармай-ақ қояйық, 2000 жылдан бері жұқпалы ауруларды айтар болсақ, 2002-2003 жылы SARS вирусы шықты. 2012 жылы Сауд Арабиясында MERS дейтін аурудың түрі таралған еді. Алпауыт елдер аталған ауруларға селқостық танытып, вирустың қайдан шыққандығы туралы тереңнен зерттемеді. COVID-19 вирусы тарала бастаған кезде, мемлекеттер аураудан саяси астар іздеп, аурудың ушығып кетуіне себепші болды. Сақтық шараларын уағында жасамай, халықтың өміріне залал келтірді. Ал осыдан бір ғасыр бұрын Алаш көсемі жұқпалы ауру туралы құнды ойларымен бөлісті. Оның ойларының озықты, көзқарасының дұрыстығы бүгінгі күнде толығымен дәлелденді.

Ғасырлар қойнауына көз салсақ, емханасы жоқ, дәрігері тапшы Қазақ жұрты кеңес үкіметі құрылғанға дейін, жұқпалы аурудан айрықша зардап шеккен еді. Кеңес үкіметі тоталитарлық тәртіп орнатқанымен, халықтың денсаулығын жақсарту, жұқпалы аурумен күрес жағындағы өнімді еңбегін жоққа шығармауымыз керек. Ол жағын Әлихан Бөкейханов та мойындаған еді. Ол өзінің «Денсаулық сақта» атты мақаласында «Ал, ауылда денсаулықты сақтауға не қыламыз? Кеңес үкіметінен көмек керек еді,

болды. Аурухана, дәрігер, кіндік шеше қатындардың саны көбейді »[2] дейді. Ал бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның үкіметі де коронавируспен күресте де құр қол қарап отырған жоқ. 2020 жылы бір жылдың ішінде 3 жұқпалы аурулар емхана, 16 модульдік емхана, 63 амбулаториялық нысанды салып, пайдалануға берді. Дегенмен, Әлиханша айтсақ «ауруды аластауда мұның бәрі аздық қылады. Елдің өз көмегі керек. Елдің өзі ауруды аластаудың ісін, аурудың неден басталғанын білу керек. Сонда дәрігерлерге көмекші болады» Ақпарат құралдары дамыған мына заманда, көзі ашық халық әлемнің түкпір-түкпіріндегі жаңалықты біліп отыр. Қытайда ауру тарала бастағанда-ақ, кейбір адамдар жұқпалы ауру туралы дабыл қағып, зұлмат аурудан сақтану керектігін түсіндіріп жатты. Ал кейбір адамдар тәж вирус қазақ жеріне келмейтіндей бейғамдық танытты. Тіпті қазақ үкіметі карантиндік шектеулер қойғанда, әр түрлі дақпырт сөздер таратып, халыққа жансақ ой тастады. «Надан ауырса құдайдан, жыннан деп жұқпалы аурудың жаласын да құдайға, жынға жабады. Жұқпалы аурудан сақтана білмейді»[3]. Асылы, құдай да сақтанғанды сақтайды емес пе?!

Коронавирус әлем елдеріне таралған соң, бұрынғы құндылықтар жүйесін өзгертті. Адам өмірінің, денсаулығының бәрінен құнды екенін баршаға жария етті. «Таудай бақ басқа құласа да, кісі ауырса, ол түкке көрінбейді. Ауруға кең аспан тор көктей, жер аяқты қысқан етіктей болады. Егін салып, қара қазан сары бала үшін күшін жылап күнелтпеген адамның жалынғаны-денсаулық.» [4] Индет халық ішіне таралған соң «ішке су, дем алған әуе, бірге жүрген адам, жатқан үй, барған базар, қала, ауыл. Бәрі қардай қаптаған ауру» [5]. Бұдан қалай сақтану керек? Әлекең өзі жауабын айтты.

1. Үгіт-нәсихатты күшейту керек

«Ауруға қарсы атқа мінгенде, алдымен қолға алатын іс елді ағарту»[6] деп айтады Әлихан Бөкейханов. Мұндағы ағарту деп отырғаны бүкілхалықтық үгіт, нәсихат еді. «Ел ағарса, денсаулыққа бір табан жақын болады»[7] дейді. Қазақ үкіметі барлық ақпарат құралдарында ауруға қарсы үгіт-насихатты күшейтті.

2. Үйді таза ұстау, желдету, жарықтандыру

«Денсаулыққа бір керек шырылдап туып өмір түзіп, аяқпен шығатын ұясы-үйі.» [8] Бір ауыз сөзбен, адамның жанұясының маңыздылығын суреттеген Әлиханға қалай сүйінбеске! Жұмыс, жұмыс деп басы қосылмайтын адамдарды карантиндік шаралар бір жерге басын қосты. Ол-отбасы. Үйде отырған адамдар үшін «таза ауа, жарық сәуле аурудың жауы.»[9] Үйі лас, қыр-қоқысқа толы болса «бактерия, микроб былжырайды, солар ауруды егеді»[10] деп үй тазалығына көңіл бөлуді дәріптеп, «Мезгіл-мезгіл төсек орынды, киімді тысқа шығарып қағып, сілкіп күнге жайса, қыстың күні аязда жайып тастаса жаудың күлі шашылып, қазаны бауырына құлап, күлдеруші ортасынан күйрейді. Жұқпалы ауру адасып, елге денсаулық орнайды»[11]

3. Қолды сабынмен жуу

«Денсаулықтың іргесі су мен сабын»[12] деген Әлекеңнің осы сөзін барлық мектептердің кіреберісіне жазып қою керек шығар. Карантин

мезгілінде қолды сабынмен жуып тұру, антисептик шашу қазіргі заманның санитарлық талабы десе де болады.

4. Заттарды ортақ пайдаланбау

«Денсаулықтың атаулы тағы бір жауы ортақ нәрсе. Бір үйлі жан бір орамалға қол сүртеді, бір аяқпен, бір табақпен ас ішеді.» [13] Әлекең сонда әркімнің өз заты болу керек деп тұр емес пе. Әсіресе бұл карантиндік шектеулер кезінде өз пайдасын көрсетері даусыз.

5. Амандасу туралы карантиндік талап

Қол беріп, сүйіп амандасудың да карантиндік режимге жат нәрсе екенін Алаш арысы айтып кеткен екен. «Қарағым деп тойда топ қатын баланы жабыла сүйеді. Бір қатын не бала жұқпалы ауру болса, бала да қатындар да ауруды артып жөнеледі»[14] Сол себепті карантин мезгілінде амандасу туралы бейнероликтер пайда болды. Атап айтсақ, «жұдырық түйістіру», «нықпен амандасу» сияқтылар. Бұл да болса коронавирустың адамзатқа үйреткені еді.

6. Ауырған адамды сау адамнан бөлектеу

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов «Жамандат-Топалаң» атты мақаласында ауру малды сау малдан бөлектеу керек дейді. Мал екеш мал ауырғанда бөлектесек, адам ауырғанда бөлектемеу ол сұмдық емес пе? Сіз адам мен малды бір сатыға қойды деп мені сөге көрмеңіз. Адам да мал да тіршілік иесі. Сол себепті малға қолданған кейбір іс-тәжірибе адамдар үшін де құндылығын жоғалтпайды. «Ауырған малды бөлек ұстайды, өзге сау малға жолатпайды...» [15], «Топалаң-Жамандаттан мал өлсе, өлікті салып қоймаға апарған арбаны жоғарыда көрсетілген дәрімен жуады. Үсті қалыңдатылып жабылған арбамен арнайы арбамен тасиды...Бөлек жерге жерлейді»[16] Міне нағыз карантин.

7. Екпе салу

Әлихан Бөкейханов ел арасында тараған жұқпалы ауруға байланысты «қарасүйелмен біреудің әкесі, біреудің ері, біреудің жалғызы өледі.»[17] Жұқпалы аурудан құтылудың жолы «шешектей егіп сақтану»[18] дейді.

Ал вакцина туралы президент биылғы жылғы жолдауында былай дейді: «Қазақстан – коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі. Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екеніне еш күмән жоқ. Қазір QazVac-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдіруде. Елімізде вакцина қоры жеткілікті, азаматтарымыздың таңдау мүмкіндігі бар. Көптеген мемлекеттердің бұған қолы жетпей отыр. Елімізде жаппай екпе салу жүріп жатқанымен, қоғамда оған қарсы адамдар әлі де көп. Олар өздері бас тартып қана қоймай, халықты кері үгіттеуде. Соның кесірінен қаншама жұртты адастыруда. Мұндай адамдар өзінің ғана емес, өзгенің өмірі үшін де жауап беретінін түсінуге тиіс. Сондықтан, екпе алуға қарсы үгіттеп жүргендердің жетегінде кетпеген жөн. Адамзат көптеген індетті бастан өткерген. Вакцина пайда болғаннан кейін ғана қауіпті дерттерге тосқауыл қойылғанын ұмытпауымыз керек.»[19]

Қорытынды

Биыл Әлихан Бөкейхановтың туылғанына 155 жыл толып отыр. Егер жаһанды жайлаған коронавирус болмағанда, бұл мерейтой дүркіреп өтер еді. Дегенмен, жыл басталғалы бері әр жерде Алаш ардақтысына арналған іс-шаралардың өтіп жатқанын ақпарат құралдарынан естіп, көріп отырмыз. Оған да тәуба!

Менің мақаламда Әлихан Бөкейхановтың 1926 жылы жазған екі мақаласында баяндалған жұқпалы аурудан сақтану жолдарын бүгінгі күндегі тәж тажал-коронавирустан сақтану жолдарымен сабақтастыра зерттеуге тырыстым. Мақсатым, Бөкейханов көзқарасының өміршеңдігін дәлелдеу және ұлт көсемінің тұлғасын тағы бір қырынан ашу болды. Мақсатыма жеттім бе, жауабын сіз берерсіз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейханов Ә. Шығармалар. 247-бет_ Алматы, 1994
2. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 247 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
3. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 247 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
4. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 248 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
5. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 248 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
6. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 248 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
7. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 248 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
8. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 249 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
9. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 249 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
10. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 249 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
11. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 249 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
12. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 249 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
13. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 249 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
14. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 250 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
15. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 255 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
16. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_ Сочинения. XIV том. 250 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018

17. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_Сочинения. XIV том. 255 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
18. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары_Сочинения. XIV том. 255 бет. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018
19. Қасым-Жомарт Тоқаев. Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі. Егемен Қазақстан. №165 2 қыркүйек 2021 жылы
20. «Аңыз адам. Алаш қозғалысы»
21. https://kk.wikipedia.org/wiki/COVID-19_%D0%BF%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D1%8F%D1%81%D1%8B

ТАРИХТАҒЫ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІК РӨЛІ

Донербаев Ғ.М.

Масақ орта мектебі КММ, тарих пәні мұғалімі, dgm980706@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада Әлихан Бөкейханның тұлғалық қырының басты аспектілері қарастырылады. Тарихтағы көшбасшылық, рухани бастамалығы жан-жақты талданады.

Аннотация: В этой статье рассматриваются качественные аспекты особенностей Алихан Бөкейхан. Определяются лидерские качества в истории Казахстана.

Abstract: This article examines the qualitative aspects of the features of Alikhan Bokeikhan. Leadership qualities in the history of Kazakhstan are determined.

Тыңғылықты терең білім, ұлты үшін жанын пидә еткен, ұлтының тарихына бейқам қарамаған, қазақ халқының егемендігі жолында азаттық пен күрес үшін қасық қаны қалғанша күрескен, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейханның тарихтағы қайраткерлік рөлін қай қырынан алып қарасақ та үлгілі, жан-жақты. Әлихан Бөкейхан – ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында атағы шығып, қанатын кеңге жайған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және жетекшісі, Алашорда ұлттық автономиясы Халық кеңесінің төрағасы болды. Кеңес үкіметі тұсында Әлихан Бөкейханның саяси, қоғам қайраткері ретіндегі тұлғасына шектеу қойылып, ол туралы еш жерде мәлімет жарияламау міндеттелген еді, дегенмен тарих үшін жанын пидә ететін небір зерттеушілер ұрпаққа үлгі болатын Әлиханның қайраткерлік қыры мен саяси белсенділігін үнемі алға тартатын зерттеулерін жарияламаса да, пікірлерін білдіріп жүрді. «Алаш» қозғалысы жетекшісінің іс-қимылы мен рөліне қазақтың қазіргі заманғы тарихында алғаш рет, 1920 жылдары осылай баға берілді. Қошмұхаммед Кеменгерұлы (Қошке Кеменгеров) «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан» [1, 166], – деп жазды.

ХХ ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов 1866 жылы 5 наурызда қазіргі Қарағанды облысы Ақтоғай

ауданында дүниеге келген. Молдадан әліпби үйреніп, одан кейін 3 жылдық мектепте оқыған ол Омбының техникалық училищесін, Петербор университетінің заң факультетін тәмамдаған.

Әлихан Бөкейханның қайраткерлік қызметі мен саяси арнадағы рөлін айшықтауы Омбыдағы «Халық бостандығы» атты партияға мүше болу шағынан бастау алады. Әлихан Бөкейханұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің ұлы арманы – қазақ мемлекетін құру болды. 1917 жылы шілде айында Орынборда өткен бірінші жалпықазақтық съезінде Алаш ұлттық саяси партиясы заңдастырылды. Бұл Алаш үкіметін құруға жасалған негізгі қадам еді. Совет үкіметі орнағаннан кейін Әлихан Бөкейханов қуғыннан көз ашпады. Ұлтшыл деген айып тағылып, Мәскеуге жер аударылды. Сонда да қазақ мемлекетінің тұтастығын сақтап қалу жолындағы күресін тоқтатпай, мақалалар, баяндамалар жазған Әлихан Бөкейханов ақыры 1937 жылы ату жазасына кесілді.

Тарихшылар Әлихан Бөкейханов қазақ өміріне зиялылар қозғалысын алып келгенін айтады. Тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің айтуынша, зиялылар қозғалысы бұрын-соңды қазақ өмірінде болған емес. Ол Әлихан Бөкейханов бастаған зиялылар қазақ қоғамын өзгертті, қазақ қоғамын жаңа сапаға көтерді дейді. «Олар газет-журналдар арқылы 2 млн тиражбен кітап шығарды. Қазақ зиялылары өмірге әкелген осы ағартушылық қызметтің негізгі нәтижесі – азаттық идеологиясын өмірге әкелуінде. Азаттық идеологиясын әкелу арқылы қазақ қоғамын жаңа идеямен қаруландырды. Ал, ағартушылық жүрген жерде ұлтшылдық жүреді. Яғни, Әлихан Бөкейханов бастаған зиялылар тобы өмірге қазақ ұлтшылдығын алып келді. Ұлтшылдық деген қорқатын нәрсе емес, ол сол кездегі әлемдік құбылыс болатын» [2, 18], - дейді тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдиев. Тарихшының мұндағы айтпақ ойы – Әлихан Бөкейхановтың ұлты жоқ халықты жетімге теңеуі. Сондықтан Бөкейханов қазақтың 2-3 ғасырлық отаршыл өмірін қорыта келе, қазақ мемлекеттігін қалыптастырмай тұрып, қазақ халқын отаршылдық езгіден азат ету мүмкін емес деген тұжырымды алға тартады.

Ал, сол кездегі ірі тұлғалардың ішінен Бөкейханов қандай қайраткерлік, тұлғалық қасиетімен суырылып озық болып шықты десек, оның бірнеше себебі бар: 1. «Әлихан Бірінші орыс революциясы кезінде өзін барынша танытты. Бұған дейін ол үлкен ғалым, жер мәселесінің білгірі ретінде көп танылған болатын. Сол кезде 1-ші революцияның қарқынымен көптеген жиналыстар өткенде Бөкейханов оларға белсенді қатысып жүрді. Ол бірінші дума кезінде түрмеге түсіп шықты. Содан бастап ол еуропалықтармен бірігіп, жаңа күрес жолына түсті. Оның үстіне ол масондарға жақын болды. 1918 жылы алғашқы масондардың қатарына кірген де Әлихан Бөкейханов болатын. Міне, масондардың мүшесі болуы, кадет партиясына кіруі оның күрестің еуропалық жолын таңдағанын көрсетеді. Бұл кезде қазақ зиялылары әлі ол жолға түскен жоқ. Соның ішінде Әлихан Бөкейханов еуропашылдығымен көзге түсіп, соңынан жастарды ертіп жүрді» [3, 56], - дейді тарих ғылымдарының кандидаты Бейбіт Қойшыбай.

Сол кезде оқыған жастардың бәрі «Әлиханшыл» болды. Өйткені, оның үлгі-өнегесі, ұстанымы жастарға дем берді. Ал революциядан кейін кадеттер өздерінің 7-ші съезін өткізгенде Әлихан Бөкейханов орталық комитеттің мүшесі болып сайланды. Сонда кадеттер билікке келді. Олардың ұстанымы, кешегі империяның орнына демократиялық республика орнату болды. Ол ұстанымды Әлихан да қолдады. Бірақ, автономия құратындай қазақтар арасында кадр жоқ екеніне көзі жеткен Бөкейханов кадет басшылығынан шығуға мәжбүр болады. Өйткені, кадеттердің ұстанымы қазақтардың мүддесіне сай келмеді. Бұны түсінген ұлт көсемі таза қазақы – Алаш партиясын құру жолына түседі. Осыны жасауда ол бүкіл қазақ зиялыларының басы болды. Кейіннен Ташкенттің жандармерия қорында Бақытжан Қаратаевтың 1910 жылы Әлихан Бөкейхановқа жазған хаты табылды. Сол хатта Қаратаев: «Әлихан, бізде зиялылар жоқ емес, бар. Бірақ, сол зиялылардың арасында «ұлтқа қызмет жасап жүрмін» деп айтуға сенің ғана хақың бар» [4, 2] деген екен. Ал, сол Бақытжан Қаратаев 1910 жылы, революцияға дейін Бөкейхановтың азаттық қозғалыстағы жетекші рөлін мойындаған болатын. Міне, осыдан-ақ Әлихан Бөкейханның тарихтағы қайраткерлік рухының өзгелерге ұқсамас, дара, айбынды болғанын айшықтап айтуға толық негіз бар.

«Алаш қозғалысы – қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Ал қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы - қоғам мойындаған, ұлт мойындаған Әлихан Бөкейханов болатын. Ол өйткені, ұлт-азаттық қозғалыстың концепциясын, бағдарламасын жасады, ұстанымын қалыптастырды. Ал, бұл үлкен көшбасшылық еңбек» [5, 8], - дейді тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдиев. Әлихан да Ресей империясының өзін түбегейлі саяси реформаламай қазақ немесе басқа мұсылман халықтары ешқашан өзін-өзі басқару құқығына қол жеткізе алмайтынын түсінді. Сол себепті, ол кадет партиясына, масон ұйымына кірді. Бірақ, ғалымдар Бөкейханов не себепті еврейлердің ұйымына кірді деп таң қалады. «Өйткені, 20 ғасырдың басында Ресейдегі масон ұйымы саяси масондық болды. Алдына бір ғана мақсат қойған. Яғни, самодержавалық билікті құлатып, Ресейді демократиялық-парламенттік республикаға айналдыру» [2, 25], - дейді филология ғылымдарының кандидаты Сұлтан Хан Аққұлұлы. Міне, Бөкейханов сол Ақпан төңкерісінен кейін 1917 жылы шілде айында 1-ші жалпықазақ съезінде кадет партиясынан кететінін айтады. Өйткені, ол кадет партиясымен тарихи маңызды 3 мәселе бойынша қарама-қайшылыққа келді. Оның біріншісі, кадет партиясы шіркеу мемлекетке бағынсын деді. Екінші мәселе, кадет партиясы қазақ автономиясын құруға қарсы екендерін білдірді. Ал үшіншісі, кадет партиясы жерді жеке меншікке беруді қолдайтындарын жеткізді. Яғни, Бөкейханов әр қазаққа жерді жеке меншікке беретін болса, онда олар башқұрттардың кебін киіп, көрші орысқа жерін сатады да, ертең құр алақан қалады деп қорықты.

«Әлихан қазақты жерге отырғызуға қарсы болған жоқ. Оның қазақты бірден күшпен жерге отырғызуға қарсы болу себебі, өйткені қазақ көшпенді болып қала берсе экспедиция жасаған норма бойынша көшпенді қазаққа жер

көбірек берілетін еді. Ал, отырықшы болсаң, орыстың келімсектеріне берілгендей әр жан басына, онда да ер адам басына 15 десятинадан ғана жер береді. Сонымен қалған жерден айырылып қаласың. Сонда Әлихан отырықшы боламын деп, 15 деситина жер аламын десең, қазақ айналайын ал. Бірақ, сол 15 деситинаға мал бағамын десең, адасқаның дейді» [2, 25], - деді филология ғылымдарының кандидаты Сұлтан Хан Аққұлұлы.

Саяси тұлғасынан бөлек Әлихан Бөкейхановтың сол кездегі рухани кеңістіктегі де орны зор болды. Біріншіден, ол ХХ ғасырдың басында Ленин, Троцкий, Керенский бастаған Ресейдің саяси элитасымен тең дәрежеде араласқан адам. «Әлихан Бөкейханов Ленинмен бірге университетте оқып, емтиханды экстернмен одан үздік тапсырған. Бөкейханов төре тұқымы болғандықтан, төреге сай саяси емес, тек агрономдық оқуды ғана оқуға құқылы болды. Төре тұқымы болып, қанша мандайы жарқырап тұрса да, ресей императорлығы ормантанушы болып жүрсін деген рұқсат берген», [2, 25] - дейді филология ғылымдарының докторы Айгүл Исмақова. Бірақ, Әлихан Бөкейхан 19 жасында Санкт-Петербургке барғанда Ленин, дворяндар оқып жүрген императорлық университетті құқықтану саласы бойынша оқып, өзі дайындалып, олардан үздік оқып, емтиханды бәрінен үздік тапсырып, Ленинмен танысқан. Ленинмен, Троцкийлармен солай жолдас болған жан.


«Өмір бойы осындай саяси элитамен таныс болған, даладан келген 19 жасар қазақ баласы осы достығын 1920 жылы қазақтың қазір біз айтып отырған шекарасын бекіту үшін өзінің жеке Ленинмен достығын, дворяндық, ақсүйектік қарым-қатынастарында өз азаматтық-саяси тұлғалығын әбден мойындатқан тұлға ретінде көрсетті. Соны қара басының қамы үшін жасамады. Ол 24 тамызда Кремльдегі Ленин мен Сталиннің алдындағы баяндаманы өзі әзірлеп, 29 жастағы математик Әлімхан Ермековтың аузына бәрін салып берген. Бүкіл қазақтың жері, мына Батыстың жері, әне молалары жатыр, мынау Омбы бастаған орта жүздің жері, мына жақ Жетісу өңірінікі деп, кімдердің қайда жатқанын зираттарымен көрсетіп, бәрін дәлелдеп берген. Мына жақ Ташкент, ол жақта Төле би жатыр деп, қазақтың жері екеніне дәлел келтірген. Міне, осының бәрін дәлелдеген ғылыми баяндаманы Ленин мен Сталинге мойындауға мәжбүр етіп, ғылыми, саяси негізін қалап берген Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары еді» [2, 25], - дейді филология ғылымдарының докторы Айгүл Исмақова.

Әлихан Бөкейханов бастаған қазақтың тұңғыш саяси элитасы қазақтың шекарасын қан майдан соғыссыз, тұңғыш рет қазақ тарихында біліммен, саяси көзқарастарын бекітіп берді. Мәселен, қазір біз өмір сүріп жатқан қазақ жерін сақтап қалу үшін Абылайхандар қанша соғысты, Кенесарының осы үшін басы шабылды. Ал, Әлихандар бастаған қазақ элитасы Ресейдің бүкіл саяси элитасымен тіл табысып, қазақтың шекарасын анықтап алу үшін, қазақ тіліндегі ғылымды қалыптастыру үшін қарусыз күрес жүргізіп, ақыры қазаққа ата-жұрты мекен еткен қасиетті жерінің шекарасын бекітіп кетті. Ол бірінші шекарасын біріктіріп алып, екінші қазақ тіліндегі ғылымды қалыптастыруды мақсат етті. Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрімдерге нақты тапсырма беріп, мынаны жазыңыз деп кеңес беріп отырды. Тіпті, қазақ жерінде «Қозы Көрпен – Баян

сұлу» бастаған бүкіл эпосты жинап жүрген Радловтың кітабын Мәскеуден шығарып берген де Әлихан Бөкейханов еді. 4 ғасыр қазақтың тарихи тұлғаларын жоқтаған «Қазақ жоқтаулары» деген кітапты да 1926 жылы Әлихан Бөкейханов Мәскеуде шығарып отыр. Совет үкіметі қазақтың тарихы жоқ деп жатқанда, Бөкейханов сонау Абылайханнан бастап Қазыбек би, Кенесарыны жоқтаған халықтың жоқтауларын кітап етіп шығарып береді. Себебі, қазақтың тарихы жазылған жоқ. Бірақ, Бөкейханов тарих жазылмаса да мына толғаулар, жоқтаулар арқылы ел өзінің кім екенін білсін деп, осы кітаптың жарыққа шығуына көмектеседі. Әлихан Бөкейхановтың қазақ қоғамына, экономикасына, жалпы руханиятына жазбаған еңбегі, қамтымаған тақырыбы қалған жоқ. 1985 жылы, Кеңес Одағы ыдырамай тұрып қазақ деген халық бар екенін, олардың кім екенін, қайдан шыққанын, тарихын Әлихан Бөкейхановтың «Қырғыздар» атты очеркінен оқып білді. Қайраткердің осы еңбегін Оксфорд университеті қайта басып шығарып отыр.

Әлихан Бөкейханның тұлғасын тек тарихта ғана емес, әдебиетте, мәдениет саласында да мақтанышпен айта аламыз. Қазақ педагогикасы, психологиясы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, экономика т.б. арналарда өзінің қайраткерлігімен, ақылдылығымен, тапқырлығымен ерекшеленді. Н.Ә.Назарбаевтың: «Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген күдіретті ұғымға сыйып тұр» [2, 25], - деген ойын өз дәуірінде айтып кеткен болатын. «Рухани жаңғырудағы» ұлттық кодты сақтай отырып, Еуропалық деңгейге ұмтылуды заманында жырлап кеткен еді. Міне, неше заман ауысып, қаншама қоғам келсе де ол ой өзектілігін жоймақ емес.

Қорыта келгенде, Әлихан Бөкейханның тарихтағы орны мен қайраткерлігін 1-кестеде түйіндеймін.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұқаметханов, Қ. Әлихан Бөкейханов // Абай: энциклопедия. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы: Атамұра, 1995.
2. Мұхамедханов, Қ. Абай мұрагерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер енген/ шығармаларын жинап, зерттеп, өмірбаяндары жазып, баспаға әзірлеген Қ. Мұхамедханов. - Алматы : Атамұра, 1995. - 208 б.
3. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009. ISBN 9965-34-933-9
4. https://lenta.inform.kz/kz/ozbekstandagy-arhivte-bakytzhan-karataevtyn-alihan-bokeyhanovka-zhazgan-haty-saktalghan_a3072414
5. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_ash_ash_leader_alikhan_bokeikhan_145_year/2327020.html
6. <http://ank.kz/post/mglk-el-zharyn-bolashaa-bastar-zhol>

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ.

Әлімбаев Қ.С

«Дарынды балаларға арналған үш тіде оқытатын Әл-Фараби атындағы арнаулы гимназиясы» КММ Алматы облысы, Қарасай ауданы.

alimbaykypshakbay@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада Әлихан Бөкейхановтың іргелі еңбектеріне сүйене отырып, оның зерттеушілік қызметі көрсетіледі. Оның Қазақстан экономикасын, шаруашылығын, мәдениетін, тарихын және қоғам өмірінің барлық салаларын зерттеудегі рөлі айқындалады. Алаш қайраткерінің тәуелсіздік жолында жасаған еңбектері баяндалған.

Аннотация: Статья основана на фундаментальных трудах Алихана Букееханова и его исследовательской деятельности. Определена его роль в изучении экономики, культуры, истории и всех сфер общественной жизни Казахстана. Описываются работы активиста Алаша на пути к независимости.

Abstract: The article is based on the fundamental works of Alikhan Bukeikhanov and his research activities. Its role in the study of the economy, culture, history and all spheres of public life in Kazakhstan has been determined. The work of the activist Alash on the way to independence is described.

Кіріспе

Зерттеу жұмысының өзектілігі. ХХ ғасыр қазақ қоғамы үшін өзінің күрделі де түрлі қиындықтарымен есте қалды. Өлке Патшалық Ресейдің отары, одан кейінгі тұста Кеңестік биліктің әкімшіл-әміршіл саясаттың ықпалына түсті. Осы орайда Ұлттық мүдде, жалпы халықтың болашағы үшін күрескен алғашқы қазақ зиялылары болды. Олардың көшбасында Әлихан

Бөкейханов сынды ұлт тұлғасы тұрды. Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Осы тұрғыдан алғанда Әлихан Бөкейханов атамыз ұлт мүддесі, салиқалы болашақ үшін күресті. Сол себепті де Әлихан Бөкейхановқа қатысты пікір білдіру, жас ұрпақ санасына оны ұғындыру жұмыстарын жалғастыра түсу тақырыптың өзектілігін айқындай түседі.

Әлихан Бөкейханов бастамасымен қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы - «Алаш идеясы» болды. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш қозғалысы кеңес үкіметі тарапынан кері бағаланғанымен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді.

Зерттеу әдіснамасы мен әдістері. Тақырыпты зерттеу барысында объективтілік принцип басшылыққа алынды. Соған орай жұмыста ретте жинақтау, талдау, қорыту, салыстырмалы түрде қарастыру, сипаттау тәсілдерін қолданды. Зерттеу жұмысында тарих ғылымы тұрғысынан ғалым ретіндегі Ә.Н. Бөкейхановтың ұлттық мүдде мәселесіне, қызметіне қатысты айналымға енген деректер, іргелі зерттеулер негізінде объективті баға беріледі.

Зерттеу нысаны – көрнекті қоғам қайраткері, Алаш партиясы және Алашорда үкіметінің төрағасы, ғұлама ғалым Әлихан Нұрмұхамедұлының еңбектерін зерттеу болып табылады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер. Ә.Н. Бөкейхановтың зерттеушілік қызметін зерттеу барысында алынған нәтижелерді Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша дәрістік курстарды құрастыруда, семинар сабақтары мен факультативтерді жүргізуде, сонымен бірге қазақстандық жастарға патриоттық тәрбие беруде қолдануға болады. Мақалада ғалымның іргелі еңбектеріне сүйене отырып, оның зерттеушілік қызметі көрсетіледі. Оның Қазақстан экономикасын, шаруашылығын, мәдениетін, тарихын және қоғам өмірінің барлық салаларын зерттеудегі рөлі айқындалады.

Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866-1937) - көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым. ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күрестің көшбасшысы, ұлт көсемі ретінде танылған аса көрнекті қайраткер. Санкт-Петербург Орман шаруашылығы институтын бітірген. Патшалық Ресейдің 1 Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланған. Алаш партиясын құрушылардың бірі. 1917 жылдың желтоқсанында құрылған Алашорда үкіметінің басшысы. Тегеурінді публицист. Орыс тілінде жарияланған мақаласында (1908) Абайды бірінші болып ұлы акын деп атаған әдебиет сыншысы. Өмірінің соңғы 20 жылын Мәскеуде өткізуге мәжбүр болды. 1937 жылы сталиндік жазалаудың құрбаны болды. Және ол ұлт-азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы, әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда әкіметінің төрағасы. Туған жері-бұрынғы Семей облысындағы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысы, қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы. Ата тегі-Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре

тұқымы. Арғы атасы-Көкжал Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей хан осы Көкжал Барақтың баласы. Бекейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханнның әкесі Нұрмұхаммед [1, 142 б].

Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін бөліп айту керек. Оның біріншісі: оның еркіндікпен теңдікті бағалаған жерде өскендігі. Ол - ұлы Абайдың және басқа акын жыраулардың шығармаларын оқып, шығармаларындағы халыққа қатысты терең ой-пікірлерінен үлкен әсер алып өскен. Сонымен қатар оның өмірінің соңына дейін Қобыланды, Қозы-Көрпеш, Баян сұлу т.б. көптеген халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, зерттеп, насихаттап өтуі де кездейсоқ нәрсе емес дейміз. Болашақ қоғам қайраткерінің өмір жолының қалыптасуына, отаршылдық езгіге қарсы болуына, елінің еркіндікте өмір сүріп, тәуелсіз мемлекет болу жолында күресуіне Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліспен (1837-1847) байланысты ел арасындағы әңгіме аңыздардың да әсері болғандығын ғалымдар өз зерттеулерінде айтып жүр.

Асыл текті Алаш қайраткері өз заманында теріс саясатты түсініп, халық қамын ойлап, елге дұрыс бағыт берген халық қамқоршысы. Әлихан Бөкейхан сияқты зиялылардың істері тарих алдында шындыққа ұласты. Халық солардың соңынан ерді. Талай қиын белестерді бастан өткерсе де, Алаш ардақтылары жоғалмады. Алаш күрескерлері ақталды. Олардың үлгі- өнеге істері мақтанышқа айналды, ұлт көсемдері ретінде тарихта есімдері қалды .

Әлихан Бөкейхан қазақтың басын біріктіріп, ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолында өз бойындағы бар қасиетін: ақыл-ойын, өнер- білімін, жігер қайратын, бар саналы өмірін арнаған тұлға. Ұлт кеңесінің тұңғыш төрағасы Әлихан Бөкейхан болатын. Әлихан намысшыл, ұлтын сүйген ұлы тұлға. Ел үшін аянбай еңбек еткен [2, 24 б].

«Алаш» зиялыларын бастап Бөкейхан қазақ елін Батыс Еуропа өркениеті деңгейіне жеткізуді мақсат етіп алады . Осы мақсатқа ол мәдениеті мен әлеуметтік-экономикалық болмысы жағынан қазаққа бір табан жақын жапондардың «Мэйдзи төңкерісі» тәжірибесі мен оның нәтижелеріне ден қоя зерттейді. «Алаш» баласында қазақтың хақы бар еді, тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» - деген сөздері ердің тектілік, намысшыл, ұлтжандылық секілді қасиеттері барша қазаққа үлгі. Ал оны үлгі ету үшін әр адамның санасына Әлиханнның қандай намысшыл, ұлтын сүйген ұлы адам екенін кішкене болсада өз үлесімді қосу парыз деп санадым деп келтіреді. Ал енді бізге жеткен деректерде; «Бірде шығыстанушы В. Радловқа Әлихан Бөкейхан: «Сіз қазақтың құқықсыз екенін биік орталарда айта жүріңіз» деп қолқа салғанда, ол: «Құдай әрбір ұлтқа түрлі тағдырды бұйырады. Сіздер бұған көндігулеріңіз керек» депті[3, 4 б].

«Хан баласының мойнында қазақтың өтелмеген қақысы бар еді, соны ақтауға тырысам, қазаққа қайтсем де қызмет қылам» - деген Әлихан Бөкейханнның жауабын тарихтың қатпар беттерін ақтарып отырып табамыз. Иә, өзінің алға қойған мақсатына жетті. Қазақ елінің тағдыры талқыға салынған сын сағатта оқыған азаматтардың басын қосып, тұңғыш Қазақ Республикасының негізін қалады. Ол құрған Алашорда үкіметінің ғұмыры

ұзақ болған жоқ. Бірақ сол аз уақыттың өзінде талай дүниенің басын қайырды. Қазақтың қазақ екендігін, азат ел бола алатындығын көрсетті [3, 4 б].

Ә. Бөкейхан алғаш рет «бүкіл қазақ өлкесіне ықпал ететін, дала өлкесіндегі діни саяси қозғалыстың көсемі» деп 1905 жылы отаршыл патша әкімшілігі мойындаған. «Қазақ» газеті шығып тұрған жылдары, әсіресе, қазақтарды Батыс майданға қара жұмысқа алған кезде Қыр баласын «Алаштың Әлиханы», «Ел ағасы», «Алаш көсемі» («ұлт көсемі») деп бүкіл иесі қазақ таныды. 1917 жылдың 13 желтоқсаны мен 1991 жылдың 16 желтоқсанындағы екі тарихи оқиғаның арасында тарихи сабақтастық та, ұқсастық та аз емес. Айырмашылықтары да жетерлік. Сол айырмашылықтардың бірегейі: егер ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихын шынайы тарихи тұлға жасаған болса, ол тарихты жасаушы тарихи дара тұлға - Әлихан Бөкейхан болатынды. ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарында «Әлихан қазақты «Алаш» ұраны мен туының астына топтастырып, біртұтас Алаш ұлтын қалыптастырды, қазіргі қазақ ұлтының атасы болды. Алаш қайраткерлерінің бірі – Қошмұхаммед Кемеңгерұлы 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақ тарихынан» атты очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған қазақ ұлты – туды», - деп жазады [4, 231 б].

Әлихан Бөкейхан – Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан қазақтың сонау ғұн-сақ дәуірінен бері қалыптасып келген көшпелі салт-дәстүрі мен тұрмыс тіршілігі, шаруашылығы, рулық-қауымдық қарым-қатынастары бұзылып, кіндік қаны тамған жерінен де, оны пайдалану құқынан да айрыла бастаған, төл мәдениеті мен құндылықтары аяқасты болып, жанасы қалыптаса қоймаған кезең болатын. Патшалық биліктің озбыр саясатын, отарлық қамытты киюге мәжбүр еткен өз халқының салт-санасы, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығына деген сыни көзқарасы ерте қалыптасқанын көруге болар.

Қарқаралы мен Омбыдағы бастауыш, етікші, кәсіби-техникалық оқуларын аяқтаған соң Әлихан 1890 жылы Санкт-Петербурдағы Орман институтына түсіп, 1894 жылы II - дәрежелі ормантанушы - ғалым дипломын алып шығады. Орман институтында оқумен қатар, ол Санкт-Петербур университетінің заң факультеті курсы 1893 жылы «экстерн» әдісімен тәмамдап, заңгер дипломын қоса алады. «Мэйдзи төңкерісінің» тарихын зерттегенде жапон тәжірибесін қолдануды Бөкейхан туған еліне жоспарламаған. Оған себеп, Алаш көсемінің көзқарасынша, біріншіден, Жапондар 1868 жылға дейін қазақ елі сияқты артта қалған аграрлық ел болса да, тәуелсіз дербес мемлекет болды, жоспарлаған түбегейлі реформаларын сыртқы күштердің ықпалынсы, араласуынсыз жүзеге асыра алды. Қазақ елі болса - Ресей империясының отарлық езгісінде болды. Сол себепті Бөкейхан «Алаш» қозғалысының стратегиялық мақсаттарының бір бөлігін ұлттық автономия құрмай, патшалық Ресей тұсында орыстың самодержавиеге қарсы

оппозициялық күштерінің көмегімен жүзеге асыруды көздейді. Ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының стратегиялық мақсаттары 1905 жылғы «Қарқаралы петициясында» көрініс тапқанын атап көрсетуімізге болады. Бөкейхановтың 1905 жылы Ресей империясындағы ең ықпалды демократиялық партиясының қатарына, I және II Мемлекеттік думалар күшпен таратылып, 1905-1907 жылдары революция жеңіліс тапқан соң, тарыдай шашыраған оппозициялық партиялардың күшін самодержавиені құлатуға жұмылдыру үшін құрылған аса құпия масон ұйымына кіруінің басты сыры да осында болса керек. «Алаш» қозғалысының стратегиясына сәйкес, прогресшіл орыс партиялары мен масон ұйымының күштерімен самодержавиені құлатқан 1917 жыл Ақпан төңкерісінен кейін Ә.Бөкейхан кадет партиясы қатарынан шығып, «Алаш» партиясын құрайды.

1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс кезінде «Қазақ» жалпыұлттық газетінің төңірегіне біріккен қазақтың либерал-демократиялық зиялыларының жетекшілері Ә. Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов басылып шыққан сөздер арқылы халыққа деген ықпалын нығайтты. Міржақып Дулатовтың «Оян, казак!» өлеңі халыққа ұран болғаны бізге мәлім. Алаш қайраткерлері өздерінің жан жақты шығармашылығымен, жалпы демократиялық отаршылыққа қарсы саяси жағдайдың тамыр жаюына жәрдемдесті. «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 6 шілдесіндегі бас мақаласында: ... Патшаның жарлығы - Ақиқат және оған қарсы пікірлер болмауы керек,... жалтару жеңіл ойлылық болады, өйткені бұл халық үшін үлкен күйзеліс әкеледі. Қазір соғыс уақыты, тәртіп қатал, жасырынғандарды іздеуге отряд жіберіледі, ол шаруашылықтың күйзелуіне әкеп соғып, отбасына бакытсыздық әкеледі»[5, 67 б]... - деген сөздер арқылы зиялыларының қараусыз халықтың патша үкіметінің жазалаушы отрядтарының құрбаны болмауы үшін сабырлыққа, жарлыққа қарсы шықпауға, ойланбастан шешім қабылдамауға үндеді. Алаш қайраткерлерінің поэзиясы қан төгіссіз, әділ шешім қабылдауды ұстанғандарын, халық жанашырлары екендігін көрсетеді. Алаш қайраткерлері қазақ тарихында өзіндік орын ала білді. Әрбір қазақтың азаматы арыстарымыздың жасаған игі істерін, атқарған қызметтерін, жүректегі патриоттық сезімдерін ұғынуды өздеріне міндет білгені жөн. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов қазақ елінің мүддесін білдіріп, оның шамшырағы болған ұлттық газетін құра білді, халықтың ауызбірлігін сақтап қалуға тырысты. Бұл қайраткерлердің әдебиет тарихында да қалдырған іздері тайға таңба басқандай. Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» атты өлең мысал жинағы, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» өлеңі сол ғасырдың айнасы, бейнесі болды десек, қате болмас. XX ғасыр басында қазақ қоғамы өте күрделі де қиын кезеңді бастан кешті. Патшалық Ресей империясының отаршылдық озбыр саясаты салдарынан халқымыздың басына біржолата жойылып кету қаупі төнді. Осындай ел тағдыры қыл көпірдің үстінде тұрған қысылтаяң шақты ұлт зиялылары еріксіз азаттық күрес үшін саяси күрес майданының алдыңғы шебіне шықты. Алаш азаматтарының теңдесі жоқ ерен еңбектері еш кеткен жоқ. Ел тәуелсіздігі жолындағы күрескерлік қасиеттері, саяси салиқалы басшылықтары ұлттық сананы оятып, рухани кемелденуге қосқан

қажеттілігіне жаратылуға тиіс мәңгілік мұра. Әрбір Қазақстан азаматының парызы Алаш қозғалысының маңызын түсініп, Алаш қайраткерлеріне тағзым ету болып табылады. Ұлт жанашырларының саяси күресінің түпкілікті мақсаттары-қазіргі кезде тәуелсіз Қазақстанның түпкі мақсатымен сабақтас. Яғни, «Мәңгілік ел», «Ұлттық болмыс», «Рухани жаңғыру» кез-келген ұлттың болмысы мен болашағы болып қала бермек.

Қорытынды

Қорытындылай келе Әлихан Бөкейхан Алаш көсемі бола жүріп Алаш зиялы қауымын ұйымдастыра білді. Қазақтың өз алдына ел, мемлекет болғанын, өзгелермен терезесі тең болғанын көруді мақсат етті. Қазақтың баласы ешкімнен көзтүрткі көрмеуін құдайдан күні-түні тіледі, бар білімін, қажыр-қайратын, тәңірі сыйлаған талантын тек қана халқының көзін, бағын ашуға үгіттеді. Біз енді Әлихан Бөкейхановтың идеясын, тазалығын, тектілігін басшылыққа алуымыз керек. Алаш қайраткерінің жасаған істері тарих беттерінде алтын әріптермен жазылады. Әр қазақтың баласының мандайынан сипады, сол қара домалақтың келешегін ойлап, түн баласына көз ілмеді, отқа да, суға да түсті, жанбады, батпады. Рухы өлмеді. Сол рух кешегі қиын күндерде де бізді желеп-жебеп жүрді. Кейбіреулер «бізге Тәуелсіздік қантөгіссіз келді» дейді. Тәуелсіздік үшін күресте төккен қаны, шүберекке түйген жаны екенін мәңгілік ұмытпайық! Мәңгілік ел болуды көздеген асыл Алаш қайраткерлерінің іс-әрекеттері біз, жастар үшін тәлім тәрбие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мырзатай Жолдасбекұлы, Қойшығара Салғараұлы, Ақселеу Сәйдімбек. Ел тұтқа. – Астана: KULTEGIN, 2001. -348 б.
2. Жанат Қасымның сұхбатынан. // «Алаш Үні» газеті. 2003 ж. 18 ақпан. № 2
3. Қарағанды «Болашақ» академиясының кітапхана қорына Ұлт жанашыры, ҚР ҰҒА кореспондент мүшесі, заң ғылымдарының докторы Нұрлан Орынбасарұлы ДУЛАТБЕКОВ. Астана - 2005 ж. 27 б.
4. “Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде”. - Алматы. 2012. 278 б.
5. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 430 б.

ВКЛАД АЛИХАНА БУКЕЙХАНОВА В ПОЛИТИЧЕСКУЮ И НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСТАНА

КУЮДЕНКО ОЛЬГА ПАВЛОВНА

Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Д.А.Конаева» Алматинская область Енбешиказахский район Село Тургень

kuyudenko_1967@mail.ru

Андатпа: Бұл мақалада Әлихан Бөкейхановтың Қазақстанның саяси және ғылыми зерттеу қызметіне қосқан үлесі қарастырылады. Қазақстан

Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Қазақтың ұлы мемлекет қайраткерлерінің жеке тағдыры қайғылы болды. Бірақ ұлттық батылдық пен интеллектуалды жетілудің сабақтары ұмытылған жоқ. Ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ зиялыларының белсенділігі, қорқынышты жеке трагедиялары мен қатар, өзінің концептуалды деңгейі бойынша ғана емес, сонымен қатар азаматтық тұрғысынан да ерекше деп айта аламыз.

Аннотация: В данной статье рассматриваются вклад Алихана Букейханова в политическую и научно-исследовательскую деятельность Казахстана. В работе «В потоке истории» первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев отметил: «Трагической оказалось и личная судьба великих казахов-государственников начала столетия. Но уроки национального мужества и интеллектуальной зрелости не забыты. Мы можем определенно сказать, что деятельность казахских интеллигентов первой половины столетия, сопряженная со страшными личными трагедиями, современна не только по своему концептуальному уровню, что само по себе уникальное явление, но и по своему гражданскому и нравственному уровню.

Annotation: This article examines the contribution of Alikhan Bukeikhanov to the political and scientific research activities of Kazakhstan. In his work “In the stream of history,” the first President of the Republic of Kazakhstan, Nursultan Abishevich Nazarbayev, noted: “The personal fate of the great Kazakh statesmen at the beginning of the century was also tragic. But the lessons of national courage and intellectual maturity have not been forgotten. We can definitely say that the activity of Kazakh intellectuals of the first half of the century, coupled with terrible personal tragedies, is modern not only in terms of its conceptual level, which is a unique phenomenon in itself, but also in terms of its civic and moral level.

Осмысление проблем истории Казахстана первых двух десятилетий XX века является одним из актуальнейших, сложнейших и во многом противоречивых вопросов современной исторической науки. Начало прошлого века в истории казахов занимает особое место. Широкое рассмотрение вопросов истории народа тесно связано с элитой, формировавшейся в конце XIX начале XX веков, интеллигенцией, представляющей собой «неоднородный пласт» как по происхождению, так и по взглядам на пути развития казахского народа. Стремление царизма подавить все зачатки казахской самобытности, прослеживающееся на протяжении всех лет с момента воссоединения Казахского ханства с Российской империей, попытки искусственной замены культуры, идеологии, традиций приводят к большому упадку духа казахского народа. К тому же предпринимаются различные пути колонизации степняков: казачья экспансия, переселение крестьян. Одной из главных целей колониальной политики было стремление расколоть общество на разрозненные группы. Но казахская интеллигенция, получившая блестящее образование и понимающая все тягостные последствия политики, проводимой в степи царизмом, стремится к освобождению и активно включается в борьбу с несправедливостью властей.

Если же внимательно приглядеться к истории двадцатого столетия, то казахская интеллигенция породила немало выдающихся ярких личностей, как А. Букейханов, А. Байтурсинов, М. Дулатов, братья Х. и Д. Досмухамедовы, М. Жумабаев, М. Тынышпаев. Ее представители были выходцами из различных слоев общества, в первую очередь из традиционной степной аристократии. Необходимо отметить, что становление интеллигенции в казахском обществе к началу XX века приняло характер эстафеты поколений, когда профессиональное занятие умственным трудом стало носить наследственный характер. Одной из главных задач своей деятельности они считали не только сохранение национальной самобытности казахского народа, но и воссоздание исторического прошлого и воспитание национальных чувств [1].

Алихан Нурмухамедович Букейханов – видный общественный и государственный деятель, организатор и лидер национально-демократической партии «Алаш», глава первого казахского правительства Алаш-Орда, учёный-энциклопедист, основоположник казахского краеведения, талантливый публицист. Алихан Букейханов всю свою сознательную жизнь посвятил борьбе за свободу и политическую самостоятельность казахского народа.

Алихан Нурмухамедович Букейханов родился в 1866 году (ныне Каркаралинский район, Карагандинской области). Окончил Омское техническое училище (1888), экономический факультет Санкт-Петербургского лесотехнического института (1894). Обучаясь в Омске и Санкт-Петербурге, Алихан Букейханов был знаком с русскими учеными такими как Г. Потанин, академики Ф. Щербина, С. Швецов, Бартольд и Радлов. Будучи студентом, А. Букейханов, наряду с блестящим освоением основных предметов, изучает западную философию, русскую классическую литературу и юриспруденцию. Он перевел на казахский язык и дал комментарии к философским изречениям Льва Толстого, которого он называл «последним из пророков», а также состоял в переписке с В. Короленко. Букейханов принимал участие в экспедиции Ф.А. Щербина, которая в 1904 году исследовала особенности природы и экономики северо-восточных и центральных областей Казахстана и Сибири и подготовила материалы к широкому переселению русских крестьян на земли казахов.

Оживление политической жизни в Казахстане начавшаяся в 1905 году связано с первой Российской революции. В 1905 году Алихан Букейханов вступил в конституционно-демократическую партию России (кадеты), провел собрание в Уральске и Семипалатинске с целью организации казахского отделения партии кадетов. Кадетами признавалась культурная автономия, а не государственное самоопределение нации. Главной целью лидеров казахской элиты было создание автономной казахской государственности в составе России.

В 1905 году принял активное участие в массовом антиколониальном выступлении в Каркаралинске, и был одним из составителей петиции, в которой выдвигались политические требования. Букейханов был избран депутатом в Первую Государственную Российскую думу по

Семипалатинскому округу, участвовал в составлении документа, названного «Выборгским манифестом», осуждающим роспуск Государственной Думы. За активную деятельность против колониальной политики царизма Алихан Букейханов сидел в тюрьмах Семипалатинска и Павлодара.

В 1907 году выходит царский манифест, «дарующий» народам России относительную политическую свободу. Это событие в России внесло свои коррективы и в деятельность казахской интеллигенции, она энергично берется за создание своих печатных изданий. Так первым изданием становится журнал «Айкап», который печатался на казахском языке (на основе арабской графики). Данное издание освещало все стороны жизни казахского народа. Авторы, собравшиеся вокруг журнала, представляли прогрессивную казахскую интеллигенцию. Важное место на страницах журнала занимало обсуждение аграрного вопроса, авторы пытались донести до сознания рядовых членов казахского общества те законы, на основании которых отчуждались исконно казахские земли, разъясняя при этом цели и планы царизма, предупреждая о том, что отчуждение излишков – только начало жесткой политики Российской империи. А. Букейханов также работал в кадетских газетах «Иртыш», «Омич», «Голос» в качестве редактора.

После роспуска Первой Государственной Думы, лишенный возможности привлечь внимание к проблемам казахского народа, он пытается сделать это через российскую печать. В «Сибирских вопросах» появляются его статьи «Переселенческие наделы в Акмолинской области», «Русские поселения в глубине Степного края», «Отчуждение киргизских орошаемых пашен», которые убедительно доказывают, что традиционная форма хозяйствования казахов – кочевое скотоводство – не прихоть казахов, не дань «природной лени», а единственная возможность выжить в условиях сурового и засушливого климата. Также Букейханов раскрывает факты искажений результатов исследования хозяйств о невозможности обработки земли обычными экстенсивными методами, убеждает, что переселение – бедствие не только для казахов, лишившихся пастбищ, зимовок, водопоев, но и для самих переселенцев. А. Букейханов разоблачил лживые призывы царского правительства «облагородить степь» как не имеющие оснований и несущие только бедствие народам степи. В 1905-1913 годы его политические взгляды окончательно оформились и получили отражение в русской периодике, он публикует ряд научных статей в «Новом энциклопедическом словаре», в сборнике «Формы национального движения в современных государствах». Большим шагом в стремлении разбудить национальное самосознание казахов и в организации просветительской деятельности стало издание первой газеты «Казах», где приняли участие А. Букейханов, А. Байтурсинов, Х. Досмухамедов, М. Дулатов и другие. Это ярко демонстрирует пробуждение прогрессивной демократической и патриотической казахской интеллигенции в начале XX века. Алихан Букейханов под псевдонимом «Кыр баласы» – «Сын степей», «Степняк» печатал такие статьи, как «Дума и казахи», «Думские партии». В 1916 году Букейханов озвучил идею земства как органа местного

самоуправления, существующего во взаимодействии с центральной властью – один из главных элементов его политической программы.

Февральскую революцию казахская элита встретила с одобрением и пониманием, так как народ освободился от гнета и насилия царизма. Свержение царского режима и демократизации общественно-политической жизни в стране, казахская интеллигенция решили создать свою политическую партию. В июле 1917 года на Всеказахском съезде в Оренбурге была образована партия «Алаш». Эта была первая политическая партия в истории казахского народа. Вскоре был разработан проект программы партии, состоящий из 10 разделов. Основной целью программы было создание казахской автономии в составе Российской федеративной демократической республики [2]. Но после съезда, пути А. Букейханова и партии кадетов разошлись по основным вопросам это – предоставление автономии казахскому народу, о взаимоотношении государства и церкви, также несогласие кадетов сохранить частную собственность на землю и по ряду других принципиальных вопросов. Свое кредо Алихан Нурмухамедович изложил в статье «Почему я вышел из партии кадетов», выразив свою точку зрения одной лишь фразой, что он против «сохранения империи при существующих границах». В декабре 1917 года по инициативе А. Букейханова на Всеказахском учредительном курултае была провозглашена «Алаш-Орда» из 25 кандидатур, 10 из которых отводились представителям других народов т.е. автономия казахов, имеющая единую территорию, историю, культуру и язык, гарантирующая права национальных меньшинств и пропорциональное представительство во всех учреждениях автономии. Съезд решил, что в состав автономии должны войти: Букеевская Орда, Уральская, Тургайская, Акмолинская, Семипалатинская. Сырдарьинские области и районы Закаспийской области и Алтайской губернии, населенные казахами и поручил Алаш-Орде «немедленно взять в свои руки всю исполнительную власть над казахским населением». Деятельность молодой автономии проходила в сложных условиях, но все же работа велась активно.

За 1918 год правительство Алаш издает ряд распоряжений, регулирующих основы землепользования, ведет переписку с другими автономиями. Находясь в эпицентре гражданской войны, отряды Алаш-Орды принимают участие в боевых операциях против большевиков, но большевики все же приходят к власти. Начинается переговоры между руководством советов и партией «Алаш». Итогом этих переговоров стало обещание материальной помощи на культурные нужды будущей автономии, установление мира. Позднее активисты «Алаша» начали подвергаться репрессиям, при этом обе стороны не доверяли друг другу, так как Советы хотели с помощью лидеров и активистов партии «Алаш», усилить свое влияние среди казахского населения. В марте 1920 года Алаш-Орда была окончательно ликвидирована, но ее члены подвергались гонениям и репрессиям еще многие годы. Несмотря на недолгое существование, движение Алаш оказало огромное влияние на историю Казахстана. Именно лидерами этой партии, еще в начале века, была выдвинута идеи о создании

независимого суверенного Казахстана. Многие члены движения были не только правозащитниками и политическими деятелями, но и крупными просветителями[3,4].

Алихан Букейханов оставил очень богатое, бесценное наследие. Одна лишь его публицистика насчитывает более тысячи статей, очерков и заметок, опубликованных в более чем 50 газетах и журналах, ряд фундаментальных научных трудов, очерков по истории Казахстана, антропологии, земледелию, животноводству, литературе и другим отраслям знаний до и после Октябрьского переворота. В последние годы увидели свет многие научные исследования и публицистические статьи Алихана Букейхана, долгие годы бывшие под запретом. По свидетельству ученых Оксфордского университета, занимающихся исследованием жизни и деятельности Букейхана, он «...играл ведущую роль в своих исследованиях в развитии литературы и казахской прессы». (Общество по изучению Средней Азии. «Казахи о русских» – Оксфорд, Англия, 1985.

Судьба казахской интеллигенции тех лет отразилась и в биографии А. Букейханова. Трижды осужденный царским режимом за политическую деятельность, подвергнутый ссылке за пределы Казахстана, он и в советское время неоднократно арестовывается правоохранительными органами, а Алаш» был общим именем для древних родов казахов, которые впоследствии получили этноним «Казах[5]».

С тех пор выросли целые поколения казахстанцев, не знавших о трагической судьбе лидера казахского интеллигенции XX века. 14 мая 1989 года Постановлением Верховного суда СССР он был оправдан в связи с отсутствием состава преступления. В свое время Алиханом Букейхановым были сказаны слова: «Потомки ханов имеют непреходящий долг перед казахами, и пока я жив, не перестану служить казахам!..». Эти сказанные в свое время слова не потеряли своей актуальности и сегодня. Всей своей деятельностью – в научной, публицистической, и политической – он служит примером для молодого поколения. Своей человечностью, порядочностью, состраданием к соотечественникам он служил народу и внушал ему эти качества[6].

Использованная литература:

1. Назарбаев Н.А. В потоке истории, Алматы: Атамур, 1999. – С. 153.
2. Алаш-Орда. Сб. документов. – Кызыл-Орда, 1929. – С. 19.
3. Аккулы Султан-Хан Алихан всего Алаша: наследие Алихана Букейханова // Мысль. – 2013. – № 1. – С. 71–80.
4. Ауэзов М.А. Бессмертие Алаша // Казахстанская правда. – 2011. – С. 13.
5. Нурпеисов К. Алаш и Алаш-Орда. – Алматы, 1995. – С. 256.
6. Попов Ю. Алихан Букейханов: возвращение имени // Рассвет. Токаревка. – 1992. – С. 2.

АЛАШ ИДЕЯСЫ МЕН ЖАПОНДЫҚ МЕМЛЕКЕТ МОДЕЛІ

Минуарова К.Н.

№17 орта мектеп Талғар ауданы Панфилов ауылы

Kurbanay.minuarova@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Алаш идеясы» мен оның жапондықтардың мемлекет құрудағы тәжірибесін зерттеуі айқындалады. Өркениет үлгісімен, демократиялық жолмен «Қуатты ел» болу идеясы қаралды.

Аннотация: В данной статье раскрывается «идея Алаш» Лидера Нации Алихана Букейхана и его изучение опыта японцев в построении государства. Идея стать «могущественной страной» по образцу цивилизации демократическим путем.

Annotation: This article reveals the "Alash idea" of the Leader of the Nation Alikhan Bukeikhan and his study of the experience of the Japanese in building a state. The idea of becoming a "powerful country" modeled on civilization in a democratic way.

Қалмауы ұстара жүзінде тұрған ХХ ғасыр басында-көзінің тірі кезінде-ақ Ұлы Даланы мекен еткен ұлы жұрттың санасында «Алаштың Әлиханы» болып бекіген, осы бір «ұлтым» деп отқа түскен, «жұртым» деп жүрегі жалын оранған болмысы бөлек, бітімі ерекше ұлы тұлғаға ел тәуелсіздігі орнағалы жиі-жиі оралып, оның өмірі мен тағдыры, көзқарасы туралы деректер жаңғырып келеді.

1917 жылдың 13 желтоқсаны мен 1991 жылдың 16 желтоқсанындағы екі тарихи оқиғаның арасында тарихи сабақтастық та, ұқсастық та аз емес. Оған күмән жоқ. Бірақ, айырмашылықтары да жетерлік. Сол айырмашылықтардың бірегейі: егер ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихын шынайы тарихи тұлға жасаған болса, ол тарихты жасаушы тарихи дара тұлға – Әлихан Бөкейхан болатынды.

ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарында «Әлихан қазақты «Алаш» ұраны мен туының астына топтастырып, біртұтас Алаш ұлтын қалыптастырды, қазіргі қазақ ұлтының атасы болды деген пікір ашық айтылатын. Алаш қайраткерлерінің бірі – Қошмұхаммед Кеменгерұлы 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақ тарихынан» атты очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған қазақ ұлты туды», – деп жазды.

1910 жылы Санкт-Петербурда басылып шыққан «Қазақтар» очеркінде атап көрсеткендей, өзі тәрбиелеп өсірген «Алаш» зиялыларын бастап Әлихан қазақ елін Батыс Еуропа өркениеті деңгейіне жеткізуді түпкілікті мақсат етіп алды. [1] Осы мақсатқа ол мәдениеті мен әлеуметтік-экономикалық болмысы

жағынан қазаққа бір табан жақын жапондардың әйгілі «Мэйдзи төңкерісі» тәжірибесі мен оның жемістерін ден қоя зерттеді.

«Мэйдзи төңкерісі» немесе «Мэйдзи жаңғыруы» деп – Жапонияны артта қалған аграрлық елден 21 жылдың ішінде әлемнің жетекші мемлекетінің біріне айналдырған 1868-1889 жылдар аралығында іске асырылған саяси, әскери және әлеуметтік-экономикалық реформалардың жиынтығын айтады. «Мэйдзи» саясатының нәтижесінде қазіргі Жапония ұлттық мемлекеті мен бірегей жапон ұлты қалыптасты. «Мэйдзи жаңғыруы» іске асырылған жылдары жапондардың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі түбегейлі бұзылып, елде жедел түрде батыс өркениетінің жетістіктері енгізілді. Тұрақты армия құрылып, қару-жарақ пен соғыс техникасының, соғыс тактикасының ең үздік үлгілерімен қаруланды. Армиядан бөлек полиция құрылды. Түбегейлі реформалар жапон қоғамының әлеуметтік, жер, қаржы-салық, ағарту-білім беру салаларын да қалдырмай қамтылып, ұлттық экономиканы дамытудың ең үздік технологияларға негізделген өнеркәсіптік жолына түсті. [2]

«Мэйдзи төңкерісінің» тарихын зерттегенде Әлихан туған еліне жапон тәжірибесін бұлжытпай, айнытпай қолдануды жоспарлаған жоқ, ол мүмкін де емес-ті. Оған себеп, Алаш көсемінің көзқарасынша, біріншіден, Жапондар 1868 жылға дейін қазақ елі сияқты артта қалған аграрлық ел болса да, тәуелсіз дербес мемлекет болды да, жоспарлаған түбегейлі реформаларын сыртқы күштердің ықпалынсыз, араласуынсыз жүзеге асыра алды. Қазақ елі болса – Ресей империясының отарлық езгісінде отырды. Сол себепті Әлихан «Алаш» қозғалысының стратегиялық мақсаттарының бір бөлігін ұлттық автономия құрмай тұрып-ақ, патшалық Ресей тұсында орыстың самодержавиеге қарсы оппозициялық күштерінің көмегімен жүзеге асыруды көздеді. Ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының стратегиялық мақсаттарының дені 1905 жылғы әйгілі «Қарқаралы петициясында» көрініс тапқанын атап көрсету керек. Әлиханның 1905 жылы Ресей империясындағы ең ықпалды Конституциялық-демократиялық партиясының қатарына, I және II Мемлекеттік думалар күшпен таратылып, 1905-1907 жылдар төңкерісі жеңіліс тапқан соң, тарыдай шашыраған оппозициялық партиялардың күшін самодержавиені құлатуға жұмылдыру үшін құрылған аса құпия масон ұйымына кіруінің басты сыры да осында болатын. 1906 жылы I Мемлекеттік думаға сайланғанда Әлихан земство енгізу, қазақ иеленіп отырған жерді қазақтың қауымдық меншігіне беру, қазақты әскери қызметке тарту, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, қазақ мектеп-медреселерінде ана тілінде оқыту туралы бірқатар заң жобасын дайындап қойған еді. Оның земство енгізбек ойының астарында – біріншіден, ата-баба жерін земствоның қарауына беріп, келімсектердің ағынын тежеу болса, екіншіден – қазақ мемлекетінің құрылысын оның берік іргетасын (фундаментін) қалаудан, яғни жергілікті инфрақұрылымды дамытып нығайтудан бастауды көздеді. [3] «Земство, – деп жазды Қыр баласы Алаш автономиясын жариялаудың дәл қарсаңында, – жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме. Жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте земство билемейтін іс болмайды. Земство қойма-склад жасап, жұртқа арзанға егін оратын, пішен шабатын сайман алып береді. Осы

күнде мұхитқа шатыр болатын, темір сататын земство союзы бар. Земство қолында сот болады. Судияны земство сайлап қояды. Милицияны земство жалдап қояды. Земство жол түзейді, көпір салады, арық қаздырады, су алған пішендікті құрғатады. Земство егінді, малды страхование қыла, осы». Ал «Алаш» партиясының жарғысында жер мен земство турасында былай делінеді: «Жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу». Үшіншіден, Әлихан земствоны – мемлекет қайраткерлерін тәрбиелеу мектебі деп қарастырды. Ресейдің XX ғасыр басындағы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің дені земстволардан өсіп шыққан еді. «Үкімет бізді тым-тырыс отырғызғанда, жаяу солдат қылатын көрінеді, – деп атап көрсетті Қыр баласы 1916 жылы «Қазақ» газетінде, - Жұрт мұны ыңғайлы көрсе, босқа арамтер болмай, тыныш шаруасында жүре бергені жөн. Казак боламын десе, айтысқаны жөн. Менің білгенім, казак әскерге алына қалса, біздің жұрт казак кебін кию мақұл. Казак заңда право жолында мұжықтан ілгері, бұған себеп болған тарих жолы: мұжық құл болған, казак бостандық, құрдастық жолында болған, анық қызметті 12 жыл қыламыз деп, казак жер жағынан мұжықтан ілгері, ерке. Бізге мұны бермес, берсе ұтылмаспыз».[4]

Алайда, тарихтан мәлім, Қазақ өлкесіне земство патшаны құлатқан 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін енгізіле бастаса, ұлттық армия құру – Алаш автономиясын жариялаған соң ғана қолға алынды. Әлихан Бөкейханның Жапониядағы «Мэйдзи жаңғыруы» тәжірибесін өз елінде тұтас қолданғысы келмеуінің тағы екі сыры бар-ды. Біріншісі, Алты Алаш көсемі қазақ пен жапон салт-дәстүр, мәдениеттерінің, ұстанған шаруашылықтарының өзіндік, қайталанбас ерекшеліктерін ескерді. Екіншісі – Жапония монархиялық билікті сақтап қалды. Ал Әлихан Бөкейхан саяси көзқарасы бойынша қазақтан шыққан тұңғыш шынайы демократ, либерал болатын. Мысалға, 1917 жылғы Ақпан төңкерісі Алаш көсемінің Батыс майданның тылында қара жұмыста жүрген қазақ жігіттеріне қамқор болып жүрген күндері жүзеге асты. Төңкерістің ізінше ол Орал облысы мен Бөкей ордасында қазақ сиездерін ұйымдастырып, өткізу үшін майданнан Шафқат Бекмұхамедұлы мен Уәлидхан Танашұлын жібереді. Оларға сиезде қазақтың белгілі ақыны, күйші, Орынбор кадет корпусының түлегі, Әбілхайыр ханның беделді ұрпағы Шәңгерей Бөкейұлын жетекші етіп сайлауды аманаттайды. Әлихан осы аманат арқылы таяу арада өзі жоспарлаған жалпықазақ съезінде Шәңгерейді Алаш автономиясы үкіметінің төрағалығына өзіне қарсы балама үміткер ретінде нағыз демократиялық сайлау жолымен дауысқа түскенін қалаған болатын. Шәңгерейдің денсаулығы жарамайтын болған соң, Әлихан өзімен бірге Алашорда үкіметінің төрағасын сайлауға II Мемлекеттік думаның бұрынғы депутаты Бақыткерей Құлманұлы мен заңгер Айдархан Тұрлыбайұлының дауысқа түскенін қалап, шынайы демократиялық сайлауда басым дауыспен жеңіске жеткені мәлім. Әлихан Бөкейханның бұл әрекетінен Қазақстанда демократиялық сайлау дәстүрінің негізін қалағысы келгені байқалады. [5]

Алаш көсемі жерді меке-меншікке беруге үзілді-кесілді қарсы болды да, қауымдастық меншікке берілуін қолдады. Оның сырын аталған шағын мақаласында былай деп түсіндірді: «Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұрдша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді!»

Әлихан жапондардың тәжірибесін үлгі ете отырып, қазақ елін қысқа уақыттың ішінде мәдениеті мен экономикасы өркендеген әлемдегі жетекші мемлекеттердің қатарына жеткізуді ойлады. Оның кәміл сенімінше, Қазақ елінің дүние жүзіндегі қуатты агро-өнеркәсіптік мемлекетке айналатындай зор әлеуеті бар. «Қазақ» газетіндегі мақаласында ол халқына отырықшылық тұрмысқа көшіп, қолынан келетін ең жақсы кәсібі - мал шаруашылығын өркендетуден бастауды ұсынады: «Еуропада Швейцария жұрты жері Түркістан, Алтай, Алатаудай ғұмырында қар кетпейтін биік тау, малға жақсы, егінге жаман, адамы отырықшы болып қалада отыр, шаруасы мал бағу. Жер аз болған соң малдың басын азайтып, сүйегін асыл қылып мал бағып тіршілік қылып отыр. Қадағын 80 тиын бір сом 20 тиын біздің орыстың қаласында сатылатын ірімшік осы Швейцария шығарған болады. Аустралия жері біздің қазақ жері сияқты шөл, топырағы жасық болған соң Англия жұрты қой бағып мал шаруасын қылып отыр. Аустралия қойының еті төрт ай мұхитта кемемен жүріп келіп Петербор базарында сатылады. Малы көшіп жүр, адамы қала болып отыр»[7].

Қазақтың жері, – деп мәлімдеді. Әлихан келесі бір мақаласында, – малдың кіндігі. Кулешов деген орыс ғалымының пікіріне сүйене отырып, ол қазақ қойының етіндей нәрлі ет жер бетінде жоқ. Алайда, деп өкініш білдіреді Әлихан, кең байтақ жері мен төрт түлік малының қадірін білмей келеді: «Бізде сиыр еті 10 пұт 21 қадақ, Германияда 17-18 пұт. Міне, мәдениет бойы биік-аласасы көрініп тұр. Көп жерде отырып мал да асырай алмады деген осы болады. Қазақта мың адамға 1750 сиыр келеді. Бұл орыстағы мың адамға келетін сиырдан 5,5 есе, Еуропадағы мың орысқа келетін сиырдан 28 есе артық. Қазақ жүрген барлық 240 миллион [десетине] жерді, мұның ішінде мұжық алған жер де бар, миллион қазаққа бөлсең, үй басы 240 десетине болады. Бұл жер мұжық сыбағасы 15-тен 16 есе көп. Жеріміз 16 есе артық, сиырымыз 28 есе артық. Мұның бізден мал басынан асырғаны қайсы?».

Алаш көсемі қазақты егін, мал шаруашылығын жедел дамыту үшін кооперативке бірігуге шақырды. Оған үлгі ретінде Әлихан тағы бір Еурорпа елінің үздік тәжірибесін келтіреді. «Дания деген, – деп жазды ол 1924 жылы «Үлгі алыңдар! Данияда кәператип пен ел шаруасы» айдарыман «Ақ жол» газетінде шыққан мақаласында, – Еуропадағы кішкене мемлекеттердің бірі. Данияның жері 49 мың 83 шаршы километр. Адамы 2,5 миллион. Жері біздің қазақтың бір оязының жерінен аз, адамы - орташа екі облыстың еліндей Данияда жалпы жұрттың күнелткені – егін салу мен мал бағу... Жалпы елдің білімі молдығынан, кәператипке сүйеніп істегендігінен байлық Дания еліне күйедей жаққан. 1899-ыншы жылдың басында Данияда 1 мың 273 кәператибі бар екен. 1 кәператипке 500 бұзаулы сиыр келген. Бұл кәператиптердің сарымай, ірімшік істейтін 4-тен 20 мың сомға дейін тұрарлық заттары бар.

Кәператип болмаса, мұндай зор іс 2-3 сиырлы шаруа қолынан келе ме? - «Көп түкірсе – көл болады».

Біздің Ресей мұжығынан Дания мұжығы 19,5 есе бай. Біздің Ресей мұжығы олақ егінші, Дания мұжығы шебер малшы келеді. Біздің қазаққа қазіргі кезде баласын оқытатын мектеп, жерін гүлдететін су, елге қызмет қылатын май алатын, жүн жуатын, тері илейтін, ет сататын, мал өсіретін, егін салатын кәператип керек». Әлихан ұлттық экономиканың ауыр өнеркәсіп саласын тұрғызып дамыту қазақ елінде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі – земствоны енгізу қажет деп санады: «Соқасыз, шалғысыз, машинасыз қазақ болмайды. Көп земство қосылып, күрмеліп, союз болып завод ашпақ. Керек-жаракты осы заводта істетпек». «Гәп егін салғанда, мал баққанда ғана емес: егін сал, мал бақ, кен қаз, бірақ – шебер бол!» – деп үндеді Әлихан Бөкейхан соңына ерген алты Алаш халқына. Ол «мәңгілік жолын» іздеу барысында әрісі- әлемдік, берісі-ресейлік ілім-білімнен мол сұсындаған, қазақ қайғысы мен қасіретін жан-жүрегімен сезінген кемел тұлға ретінде көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қойгелдиев М. Алаштың Әлиханы-Алматы.// 1994 .368б
2. Қарағанды «Болашақ» академиясының кітапхана қорына Ұлт жанашыры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Орынбасарұлы ДУЛАТБЕКОВ тапсырған материалдардан да алынған.
3. Сілтеме: // <http://qasym.kz/alihan-bokejhanov-zhajly-tyndereker..>
- 4.«Мәйджижаңғыруы» // [#tulgalar@qazaq_patriot](#) [#tarikh@qazaq_patriot](#) /.
6. “Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде”, 2008 ж.
7. «Қазақ» газеті. 1914 жыл №54

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ ҰЛЫ Альбосынова Э.А

Талдықорған агро-техникалық колледжі, Талдықорған қ.,
Elmira.albosynova69@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада Алаш қайраткері Өз ұлтының адал ұлы Әлихан Бөкейханов оқу-ағарту саласының терең білгірі ,әрі білікті әдіскер екенін танытып, ұлттық педагогикалық тәлім-тәрбие негізінде өсіп-өнген қазақ баласының әлемдік ақыл-ой қайнарынан нәр алуын діттеген Ұлттың жанашыры болғаны зерделеніп көрсетілген.

Түйін сөздер: Алаш идеясы, саяси ойлар, ағартушылық.

Аннотация: В статье исследуется активист, лидер Алаш Алихан Бөкейханов, верный сын своего народа, проявивший глубокие познания в образовании и опытный методист, сочувствующий нации, который хотел, чтобы казахский ребенок рос на основе народного педагогического образования.

Ключевые слова: идея Алаш, политические соображения, просветление.

Abstract: This article examines the Alash activist Alikhan Bokeikhanov, a loyal son of his nation, who showed a deep knowledge of education and a skilled methodologist, and a sympathizer of the nation, who wanted the Kazakh child to grow up on the basis of national pedagogical education.

Keywords: Alash's idea, political considerations, enlightenment.

Кіріспе

Әлихан Бөкейханның бүкіл саналы қызметі ұлттық жаңару мен жаңғыруға қуатты серпін берді. Алаштың жаңа тұрпаттағы мемлекетшіл элитасын қалыптастырған санаткер кейінгі толқын алдындағы парызына сарабалдықпен келді. «Алда әлі күнді көре білетін ұрпақ келеді!» деп, текті де кекті өскіннің түптің түбінде тәуелсіздік жолындағы кемел істі жалғастырамына әрі баянды етеріне нық сенімде болды. «Жолдастарыма жұрт һәм Отан игілігіне еткен жұмыстарына өнім, береке берсін деп тілеймін. Қайда жүрсем де бар күшімді Отанның бағы һәм еркі жолында сарп етпекпін» деген азаматтық ұстанымын өнегелі ісімен дәлелдеп, ұлтқа қызмет ету ұлағатына ақтық демі таусылғанша адалдық танытты.

Материалдар мен әдістер. «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасындағы «Ғылым-білім үйрету» жобасы, «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи», «Тарих керек» мақаласы ұлттық мектептерді ғылыми және көркем әдебиеттермен қамтамасыз ету жұмысын жандандыруға бағытталған.

Талқылау

Әлихан Бөкейханның оқу-ағарту саласындағы қажырлы еңбегі көркем және ғылыми аудармаларын барынша өз шәкірттерімізге түсіндірдік. Ұлт көсемінің ғылым саласында қамтымаған тақырыбы жоқ. Ол қазақтың педагогикасы мен психологиясын, салт-дәстүрін ұстана отырып, Еуропаны қуып жету керек деген идеологияны анықтап берген тұңғыш саяси тұлғамыз екенін студенттерге түсіндіреміз. Алаш Ардақтысын зерттеушілер арқылы біз ұлт кеменгеін тереңдеп біліп, оның жаһандық білім саласында қалыптасқан кейбір дәстүрлі оқыту әдіс-тәсілдеріне сын көзімен қарап, ұлттық дүниетанымға үйлесе бермейтін педагогикалық пайымдардың қисынсыздығына өз уәжін айтып отырғанын, терең энциклопедиялық білім иесі екенін студенттерімізге жеткіздік. Орта мектеп мен жоғары оқу орындарына арналған педагогикалық және ғылыми-әдіснамалық журналдарды жарыққа шығаруды қолға алған қыр перзенті зайырлы білім беру талаптарын өткір көтеріп, өркениет өріне ұмтылатын елшіл жастар ой-өрісінің арынды болуын көздеді. Олардан өмір тәжірибесін оқыту үдерісінің практикалық мәселелерімен байланыста зерделеген ерекше бітімдегі білікті әдіскер маман Әлиханның жаңашыл тұрпаттағы ұстаздық ұлағатын танимыз. Әлихан Бөкейханов оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Ә. Бөкейхан Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген,

күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. [7]

«Әлихан Бөкейхановтың бес ұстанымы болды. бесінші ең негізгі ұстанымы бойынша ғылымға, соның ішінде тәуелсіз ғылымға, ұлттық дәстүрге негізделген, заңға сүйене отырып, Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құрылуы керек еді. Алаш қайраткерлерінің бұл ұстанымының дұрыстығына самурайлық дәстүрге негізделген жапон ұлтының бар жоғы 20 жылдың ішінде империяға айналып шығуы дәлел болса керек». Мәскеуден аттап шыға алмай ұйқамағында отырған 1922-1937 жылдары Әлихан Қазақ елін адамзат өркениетінің төріне шығаруды мақсат еткен «Алаш» бағдарламасындағы жаппай оқу-ағарту ісін енді кеңес өкіметі дәуірінде тиянақты жүзеге асыруға басшылық етуімен қатар, оған өзінің қомақты үлесін де қоса білді. Қазақ халқының рухани кемелденуіне қажетті келелі мәселелерді шешудің практикалық жолдарын нұсқады. Иә, «Алаш» бағдарламасы – жапондарды артта қалған феодалдық сегундар елінен небары 21 жылдың ішінде (1868-1889 жылдар аралығында) әлемнің ең дамыған қуатты мемлекетінің біріне айналдырған «Мэйди исин» (немесе «Мэйдзи жаңғыруы») бағдарламасының қазақша баламасы болатын.

Орта мектеп мен жоғары оқу орындарына арналған педагогикалық және ғылыми-әдіснамалық журналдарды жарыққа шығаруды қолға алған қыр перзенті зайырлы білім беру талаптарын өткір көтеріп, өркениет өріне ұмтылатын елшіл жастар ой-өрісінің арынды болуын көздеді. Олардан өмір тәжірибесін оқыту үдерісінің практикалық мәселелерімен байланыста зерделеген ерекше бітімдегі білікті әдіскер маман Әлиханның жаңашыл тұрпаттағы ұстаздық ұлағатын танимыз. Мәскеу, Ташкент, Орынбор, Қызылорда қалаларында жарық көрген «Темірқазық» (1923), «Сәуле» (1923-1924), «Жас қайрат» (1923-1924), «Жас қазақ» (1923-1924), «Қызыл Қазақстан» (1921-1929, қазіргі «Ақиқат»), «Әйел теңдігі» (1925-1934, қазіргі «Қазақстан әйелдері»), «Шолпан» (1922), «Сана» (1923-1924), «Жаңа мектеп» (1925-1933, қазіргі «Қазақстан мектебі») журналдарында жарияланған оқу-ағарту саласы, қазақ мектептерінің жай-күйі, оқыту әдіснамасына қатысты мақалалары, көркем және ғылыми аудармаларымен Әлихан Бөкейхан қазақ халқын рухани кемелділік биігіне жетеледі. Аталған журналдардағы мақалалары Әлихан Бөкейханның оқу-ағарту саласының терең білгірі әрі білікті әдіскер екенін танытты. Ұлттық педагогикалық тәлім-тәрбие негізінде өсіп-өнген қазақ баласының әлемдік ақыл-ой қайнарынан нәр алуын діттеген Алаш қайраткері «Біздің қазаққа қазіргі кезде баласын оқытатын мектеп, жерін гүлдететін су, елге қызмет қылатын Боргенсен мен Миллер сықылды жігіт, май алатын, жүн жуатын, тері илейтін, ет сататын, мал өсіретін, егін салатын кәператип керек» деп ұтқыр уақыттың талабымен толықтай үйлесетін кәсіби біліктілікке шақырды. «Ала арқанға шандыған сынық арба қазақ елінің мәңгі-бақи еншісіне тиген жоқ. Қазақ шаруасы да өркендемек. Әйтпесе, қазақ еліне кеңес өкіметінің орнағаны өтірік» деп қазақ шаруасының серпілісі мен сілкінісіне нақты жол ашудағы жаңа биліктің сөзі мен ісінің бір жерден

табылуына ой салды. Ұлт тарихын оқыту мәселесі де Әлихан Бөкейханның назарынан тыс қалғаны жоқ. «Тарих керек» мақаласында («Қызыл Қазақстан». 1922. №10) «Автономиялы республика болып, қағазға жазған тарихы болмаса, қазақ халқы басы бақыр қазандай ергежейлі болады. *«Тарих – елдің айнасы, тарихтан ел өткен уақыттағы мінін көреді. Айна жоқ болса, адам бет-аузын көре алмайды. Тарих жоқ болса – ел өткен күнін һәм мінін көре алмайды. Минін көре алмаған соң, өмірін оңдай алмайды. Оңдамаған соң мәжнүн болып, құдыққа құлайды»*, «Тарих болса ел өсіп өнеді. Тарих болмаса, ел жоғалады. Бұл – хақ нәрсе» деген толғанысымен ұлт жасампаздығы ата тарихынан бастау алатынын ұрпақ санасына сіңірді. Ол, түптеп келгенде, бәлшебектер өкіметін қабылдамаған Алаш көсемінің кеңестік ұлтсыздандыру саясатына деген рух қарсылығы болатын. Көбінесе оқу білім комиссариаты қазақ халқының тарихын түзуге кірісу керек» деп рухани кемелділіктің басты күретамыры ұлт тарихын оқытумен сабақтас екенін нығырлап көрсетті. Әлихан Бөкейханның оқу-ағарту саласындағы қажырлы еңбегі көркем және ғылыми аудармаларымен барынша жаңа өріс тауып жатты. Әлихан Бөкейхановтың қазақ қоғамына, экономикасына, жалпы руханиятына жазбаған еңбегі, қамтымаған тақырыбы қалған жоқ. Оның ішінде, ең алғаш қазақ тарихын жазған 1903 жылы Санкт-Петербургта шыққан «Исторические судьбы киргизского края и его курьютурные успехи» деген еңбекте-ақ қазақ тарихы жазылып кеткен. Екіншіден, Лондонның Оксфорд университетінде 1985 жылы шыққан Әлихан Бөкейхановтың «Қырғыздар» яғни, қазақтар деген очеркі бар. Онда қазақтың ежелгі тарихынан бері қарай шаруашылығы, мәдениеті толықтай сипатталып жазылған. 1985 жылы, Кеңес Одағы ыдырамай тұрып қазақ деген халық бар екенін, олардың кім екенін, қайдан шыққанын, тарихын Әлихан Бөкейхановтың «Қырғыздар» атты очеркінен оқып білді. Қайраткердің осы еңбегін Оксфорд университеті қайта басып шығарып отыр.

Сонымен қатар, қазақтың көне мал шаруашылығы, төрт түлік мал туралы тізбектеп жазылған 4 монографиясы да бар. Бұдан бөлек, 1908-10 жылдары Санкт-Петербургта шыққан «Жер иелену, жерді қалай игерді, қалай егін егіп, мал бақты» деген тақырыпта жазылған керемет шығармалары бар. Қайраткер кеңес дәуірінде қазақтың әдебиетіне, мәдениетіне көп үлес қосты. Әлихан Бөкейханов 20 ғасырдың басындағы нарықтық экономиканы терең түсіне білген бірден-бір экономист ғалым болды. Ұлт көсемінің ғылым саласында қамтымаған тақырыбы жоқ. Ол қазақтың педагогикасы мен психологиясын, салт-дәстүрін ұстана отырып, Еуропаны қуып жету керек деген идеологияны анықтап берген тұңғыш саяси тұлғамыз.

Қорытынды. Алаш қозғалысы жетекшілерінің ішінде тұңғыш ұлттық «Алашорда» Үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейханның орны бөлек. Ол өз заманының өзекті де өткір сұрақтарына жауап беріп, ұлтының тағдыры тығырыққа тірелгенде, содан шығар жолды сілтей алды. Жас ұрпақтың санасына Алаш идеясын сіңіру мұратындағы табанды да қажырлы қадамдарынан бір табан шегініс жасаған жоқ. [6] Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы

үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханов мұраларын зерделеу болашақ ұрпақтың әрдайым назарында болуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

- 1) Әшкеев Н. «Ә.Бөкейхановтың ұлттық мемлекет құрудағы ұстанған негізгі принциптері» Ақиқат , 2002 , №3, 50 -55 б. 2.
- 2) Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысы» Алматы, Санат, 1995, 23-28 б. «Қызыл Қазақстан». 1922. №10)
- 3) Нұрпейісов К. «Алаш Һәм Алашорда» Алматы , Ататек, 1995, 156 б.
- 4) Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. Том-2. Алматы, 1999. 76-б
- 5) С.Жұмағұл филология ғылымдарының докторы.Л.Н.Гумилев атындағы қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры Егеменді Қазақстан газеті
- 6) https://www.inform.kz/kz/alihan-bokeyhanov-tiri-bolsam-kazakka-kyzmet-kylmay-koymaymyn_a2844303
- 7) <https://stud.baribar.kz/20681/a-boekeykhanovtynh-qyzmeti->

«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ПЕН БАРЛЫБЕК СЫРТТАНҰЛЫ-ҚАЗАҚ МҮДДЕСІ ЖОЛЫНДА»

Батырханова Саулет Сайлаубекқызы

«Барлыбек Сырттанұлы атындағы №25 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналды мемлекеттік мекемесінің тарих пәні мұғалімі,
Талдықорған қ., saulet27101980@gmail.com

Аңдатпа: Мақалада Әлихан Бөкейханов пен Барлыбек Сырттанұлының қазақтың басын біріктірудегі, ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолында өздерінің бойындағы бар қасиеттерін: ақыл-ойларын, өнер-білімдерін, жігер-қайраттарын, бар саналы өмірлерін арнаған Алаш қайраткерлері ретінде сипатталады.

Аннотация: Алихан Бөкейханов и Барлыбек Сырттанов характеризуется в статье как деятели Алаш, посвятившие всю свою сознательную жизнь, знания и умения, духовные силы делу единения казахского народа, формированию национального самосознания.

Abstract: Alikhan Bokeikhanov and Barlybek Syrttanov are characterized in the article as Alash figures who devoted their entire conscious life, knowledge and skills, spiritual strength to the cause of the unity of the Kazakh people, the formation of national identity.

Биылғы 2021-2022 оқу жылымыз да тарихи оқиғаларға толы. Ең таңдаулы мерейтой ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының көшбасшысы, ұлт – азаттық «Алаш» қозғалысының жетекшісі, қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізін жасаушы, экономист, тарихшы, этнограф, журналист, қоғам және саяси қайраткер, әдебиеттанушы, публицист, саяхатшы, географ және аудармашы Әлихан Бөкейханның да және оның ең жақын серіктестесі, досы болған елімізге белгілі тұлға Конституциямыздың негізін қалаған қоғам және саяси қайраткер, заңгер, публицист, дәрігер-ғалым, шығыстанушы, аудармашы Барлыбек Сырттанұлының туғандарына-155 жылдығына сәйкес келіп отыр. Байқағанымыздай, Әлихан Бөкейханов пен

Барлыбек Сырттанұлы бір жылдың тумалары, яғни 1866 жылы дүниеге келген құрдастар.

Қайраткерлердің және оның серіктерінің ғұмыр жолдарын зерттеп, ұлт мүддесі жолындағы еңбектерін паш етуде көптеген істерге мұрындық болатынына біздер кәміл сенімдіміз. Қазақ зиялылары сол заманда қазақ елінің болашақ даму жолын анықтап, оның мемлекеттілігінің әлемдік деңгейдегі орнын даналықпен көрсете білді. Бүгінгі ұрпақ, біздер оларға шексіз қарыздармыз. Бұл бабаларымыздың мерейтойларын, өшпес істерін ұлықтау неге керек деген сұраққа, біріншіден, осы іс-шаралар барысында «Алаш» тұлғалардың ерлік істерін дәріптеу, екіншіден, «Алаш» ардақтылары алдындағы тікелей міндеттерімізді өтеу, тағзым ету, үшіншіден- бұл мерейтой «Қазақ мемлекеттілігі», «Мәңгілік ел» идеясын жандандыра беру үшін керек. «Алда әлі күнді көре білетін ұрпақ келеді! Сол күнді көретін ұрпақ сендерді еске алатын болады. Бізді ризашылықпен, үлкен құрметпен еске алатын болады! Өкінбеңдер! Күрес жолына түскендеріңе өкінбеңдер!» -деп, Әлихан Бөкейханов қазақ елінің тәуелсіздігі жолында өмірлерін арнаған, күні ертең саяси қуғындауға ұшырайтынын біле тұра, елі үшін күрескен Алаш азаматтарына айтқан бір сөзі бар еді... [1]

Рас, Тәуелсіздік бізге оңай жолмен келген жоқ! Оған тарих күә. Міне биыл, сол Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын республика көлемінде ел болып қарсы алудамыз. Заңгер-ғалым Сәкен Өзбекұлы Әлихан Бөкейханов пен Барлыбек Сырттанұлының достығы, таныстығы турасында: «...Ресей астанасында Барлыбек Сырттанов сол кезде бүкіл мұсылман жұртшылығына жақсы танымал болып қалған Әлихан Бөкейхановпен кездеседі. Әлихан Бөкейханов Барлыбек Сырттановтың ақжарқын, кеңпейіл мінезіне, асқан білімділігіне, парасаттылығы мен қарапайымдылығына қайран қалады», -дейді ғалым[2]. Екеуі де ұлттық мүдде жолында еңбек етіп, қазақтың басын біріктіріп, ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолына өздерінің бойындағы бар қасиеттерін: ақыл-ойларын, өнер-білімдерін, жігер-қайраттарын, бар саналы өмірлерін арнаған Алаш қайраткерлері деп білеміз.

Мұндағы ұлттық мүдде кең мағынасында - қоғамдық өмірдің барлық саласындағы әлеуметтік-саяси қажеттіліктерді көрсететін елдің ұлттық-мемлекеттік мүдделері; тар мағынасында - ұлттың немесе басқа этностың саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өміріндегі қажеттіліктерінің көрінісі [3]. Қысқаша, қос дара қайраткерлер, ардақты тұлғаларымыздың өмір-деректері мақаланың соңында кесте түрінде көрсетілген.

Әлихан Бөкейханов пен Барлыбек Сырттанұлының қоғамдық-саяси қызметтерінде негізгі орын алған басты мәселелер Ресей империясының қол астында езіліп отырған қазақ халқының ауыр тағдыры, елдің тұрмысы, мәдениеті, білімін көтеру еді. Сондықтан олар Санкт-Петербургтағы оқу орнын тәмамдағаннан кейін Әлихан Бөкейханов Омбыға келіп, ал Барлыбек Сырттанұлы Ташкент қаласында елдің саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. Қазақ зиялыларымен бірлесе отырып, Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына қарсы күрес жолына түседі.

Барлыбек пен Әлихан Санк-Петербургда білім алған XIX ғасырдың 90 жылдары төңкерістік қозғалыстың ұйымдасқан әрі қуатты толқыны көтеріліп, студент жастарының бүкіл сана-сезімін отаршыл империяны түбегейлі қайта құру идеясын билеген кез еді.

1905 жылы Орал қаласында «Бес облыстың делегаттар» съезіне Ә.Бөкейханов, М.Сейдалин, М.Дулатов, Б.Қаратаев және Б.Сырттанұлы да қатысқан болатын. Ондағы мақсат кадеттер үлгісімен қазақтың саяси париясын құру. Ол партия қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғауға тиісті болатын.

1906 жылы Семей қаласында қазақтардың съезі шақырылды. Онда қабылданған негізгі бағдарлама дін бостандығы, қазақ тілінің қоланыс аясын кеңейту мәселелері қамтылды. Съезге қатысушылар сонымен бірге қазақ балалары үшін мектеп, медреселер мен университет ашу, Қазақстанға Ресейдің ішкі жағынан қоныс аудары үрдісін шектеу талаптары да көтерді.

Әлихан Бөкейхановтың 1905 жылғы 17 қазандағы «Бостандық манифесінің» жарық көруі ұлт зиялыларының саяси белсенділігін арттыра түсті. Бұл құжат бойынша халықтың ғасырлар бойы аңсаған жеке басына қол сұқпау, ар-ұждан бостандығы, сөз, баспасөз бостандығын беру, барлық саяси-экономикалық мәселелерді шешу үшін Мемлекеттік Думаға сайлау өткізу, оған сайлау құқы болмаған әлеуметтік топтарды тарту сияқты заңдылықтар айтылған болатын [4]. 1905 жылдың соңында казак даласында Мемлекеттік Думаға депутат сайлау науқаны жүргізілді. Қазақ жеріндегі әр облыс өз тараптарынан кандидаттарын ұсынды. Дегенмен Думаға сайлау қазақ жерінде ең соңынан жүргізілген тұстарыда орын алды. Думаға сайлау қарсаңында, нақтылай айтқанда, 1906 жылдың қаңтарында Семей қаласында өтпек болған облыстық қазақ съезіне қатысуға шыққан кезде, Павлодардың Ямышев поселкесінде тұтқынға алынып, Дала генерал губернаторының жарлығымен еш негізсіз 3 ай, яғни 30 сәуірге дейін Павлодар абақтысында отырды [5]. Өкінішке орай Әлихан Бөкейханов I Мемлекеттік Дума жұмысына қатыса алмады.

Әлихан Бөкейханов Думадағы қарастырылып отырған мәселелерге баспасөз арқылы өзіндік баға беріп, ойларымен бөлісіп отырды. XX ғасыр басында қазақ үшін ең өзекті мәселе - жер болды. 1910 жылдың жазында М.Тевкелевтің шақыруымен мұсылман фракциясының отырысына барып, қазақ жері мәселесіне қатысты баяндама да жасаған.

1906 жылы II Мемлекеттік Думаға қатысқандардың ішінде Семей облысынан Әлихан Бөкейханов еді. Депутаттардың көтерген бастамалары көңілінен шықпай, риза болмаған II Николай 73 күн жұмыс істеген Думаны таратып жіберді.

Барлыбек Сырттанұлы патшаның қылышынан қан тамған Ресей империясының жауапты қызметінде жүргенде қолынан келгенше шенеуніктерден, орыс казактарынан жәбір көрген қазақтарды қорғауға көп еңбек сіңіреді. Аянышты қазақ халқы, тұрмысы туралы «Семиреченские областные ведомости» газетінде «Туземный отдел» деп аталатын арнайы айдар аштырып, өзі сонда арнайы мақалалар беріп тұрады. Қазақ

мұсылмандарының барлық мешіттерінде 1905 жылы Николай II патшаның суретін міндетті түрде ілуге қажет деген империялық нұсқауға Барлыбек Сырттанұлы «ұлы державалық шовинизм» екенін түсініп, оны әшкерелейді[5].

1909 жылы Жетісу облысында Қарағашта, Есенқұл Мамановқа қазақ балаларына арналған жаңа үлгідегі «Мамания» мектебін салуға ықпал етіп, оған жан-жақтағы қазақ зиялыларын дәріс беруге алдыртады. Бұл оқу орны 1999 жылы өзінің 100 жылдығын тойлады. Шет елде оқитын студенттерге қазақтың ауқатты деген байларынан қаржы ұйымдастырып, ақша жіберіп отырған. Жетісу өлкесінде жерді келімсектерден талан-таражға салып жатқан қимыл-әрекеттерін тоқтату үшін 1910 жылы 21 қазанда Ұзынағашта Жетісу болысының қазақтарының басын қосып, арнайы кеңесте «Ауыз ашпай енді болмас, ояну қажет, кір жуып, кіндік кескен жерімізді сақтап қалу міндетіміз, қара шекпенділердің келуін тоқтату үшін бүгін қазақ болып бас қосу қажет» - деп, үн қатады. Осы сөздерін іс жүзіне асыру үшін 1911 науқас болуына қарамастан, Жетісу қазақтарының атынан арнайы өтінішпен Санкт-Петербургке барады. Алайда, Ресей бюрократиялық аппараты сөзіне құлақ аспаған соң елге оралып, патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе бастайды [6]. Сөйтіп, сонау 1891 жылы Санкт-Петербурда қош айтысқан екі құрдас дос – Әлихан мен Барлыбек – араға 20 жылдай уақыт салып, 1911 жылы тағы да сол Петербургте жүздеседі. 1890 жылы Санкт-Петербурда алғаш көріскендегі Барлыбек туралы Әлихан «осы күнгідей бірігіп істейтін іс – өнер болмаған соң, онда мен Барлыбекпен сырлас бола алмадым» деп жазса, 20 жыл өткеннен кейін көрген Барлыбекті ол былай деп сипаттайды: «Барлыбек жеріне қайтып, Жетісу облыс мекемесінде қызмет қылды. Кешегі бұлт айығып, күн шыққан заманда ұялшақ, қыз мінезді Барлыбек жұртым деп іске кірісіп орнынан шықты» [7]. Бір хатында, Санкт-Петербургте жүргенімде «Лепсі уезінің жерін жазған кітап менен бұрын шығыпты, енді Қапал һәм Жаркент уездерінің нормасын азырақ көбейтуге қолым жетті. Ғалиханға (Әлихан Бөкейханов) жолығып көп сөйлестік» -деп өзге сондай сөздерді айтып, маған хат жазды деп еске алады Мұхаметжан Тынышпаев. Осы жолы Ғалихан екеуінің арасында ел болашағы, жер мәселесі жөнінде үлкен келелі әңгімелер жүреді. Әлихан Бөкейханов Барлыбек Сырттанұлының ақжарқын, кеңпейіл мінезіне, асқан білімділігіне, парасаттылығы мен қарапайымдылығына қайран қалады [8].

Міне, сол кездесуден кейін, 1911 жылы аралығында Әлихан Бөкейхановтың тапсырмасымен патша өкіметінің ішкі колониясынан шығарып, тәуелсіз Республика мәртебесі бар мемлекет құрудың бас құжаты ретінде «Қазақ елінің Уставын» жазып, астына жазылған уақыты мен орны «13 маусым, 1911 жыл, Петербор қаласы» деп көрсетіліп, «С.Б.Алашинский» деп қол қойған. Жалпы «Қазақ елінің Уставы» төрт бөлімнен 28 баптан тұрады:

- I. Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында
- II. Адам баласының хұқы турасында
- III. Қазақ жері турасында
- IV. Сот турасында

«Қазақ елінің уставы» немесе болашақ заманауи Қазақ мемлекеті конституциясының жобасы көрнекті ұлт зиялылары Әлихан Бөкейханов мен Барлыбек Сырттанұлының достығы мен саяси әріптестігінің бірден-бір жемісі болса керек. Демек, екі қайраткер Алаш мемлекетін құруды алдын ала жоспарлаған. Барлыбек 1911 жылы жазған Устав 1917 жылдың 12 желтоқсанында құрылған Алаш автономиялық республикасы Конституциясының жобасына негіз болды.

Барлыбек 1911 жылы жарыққа шыға бастаған қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» беттерінен халқының әлеуметтік-саяси мүдделеріне қатысты мақалаларымен көріне бастайды. Қысқаша қорыта айтқанда, құрдас досы Әлиханмен екінші рет кездесетін 1911 жылға дейін, Барлыбек отаршыл әкімшіліктің түрлі басқару құрылымында қызмет істеп келген болса, Әлихан педагогикалық, ғылыми-зерттеу, журналистік-публицистік және қоғамдық-саяси қызметтерін қатар атқарып келді. 1911 жылы екі Алаш қайраткері де қалың елі қазағының мұңын мұндап, жоғын жоқтап келген еді. Барлыбек мал жайылымы мен егін жайынан айырылған Жетісу қазақтарының қамымен келсе, Әлихан 6 миллионға жеткен бүкіл қазақ халқының сайлау құқын қайтарып алу мақсатымен келген еді. Одан да маңыздысы – Әлихан мен Барлыбек халқын отарлық езгіден босатуды және ұлттық мемлекеттіктің шаңырағын қайта көтеру мүмкіндігі мен жолдарын терең саралап, тіпті келешек ұлттық мемлекеттің шекарасын да шамалаған және оның саяси билік жүйесін де нақты жоспарлаған[9]. Қазақ елінің бұл Уставы, яғни Конституциясы жобасын Барлыбек пен Әлихан екеуі 1911 жылы өзара саралап, бірінің ойын бірі толықтырып, ойларын бірге қорыта отырып жазғанына күмән бар ма?! Әлиханның досы әрі үзеңгілесі Барлыбектің мезгілсіз дүние салуына байланысты «1911 жылы жазғытұры Петроградта тағы да өсітіп іс қылмақ болып, құшақтасып сүйісіп айырылып едік, үш жылда мұндай болмақ ойда жоқ еді» деп қайғыра жазуының астарында осы мәселе жатқан жоқ па?.. Екі қайраткердің Петерборда соңғы рет көрісіп, бірге қандай іс қылмақ болып қоштасқаны мәңгілікке жұмбақ болып қалды. Барлыбек Әлихан досымен бірге мақсат еткен, шекарасын шамалап, тіпті конституциясын да жобалап қойған ұлттық-территориялық Алаш автономиялық республикасының құрылғанын көре алмай, 1914 жылдың 26 қазанында ауыр дерттен дүние салды. Әйтсе де, Барлыбек Сырттанұлының жазып қалдырған «Қазақ елінің уставы» сынды асыл мұрасы сұраусыз қалған жоқ. Барлыбектің бұл мұрасы үш жылдан кейін- 1917 жылы алдымен «Алаш» партиясы бағдарламасының «Қазақ» газетінде жарияланып, одан соң Алаш ұлттық-территориялық автономиясы Конституциясының жобасына үлгі болып алынды.

«Қазақ елінің уставында» болашақ Қазақ елінің ең жоғарғы мемлекеттік билік тетігі ретінде Ұлт мәжілісі, яғни ұлттық парламенті аталған. Жалпы халық сайлауы арқылы жасақталған Ұлт мәжілісі Қазақ елінің басшысы – президентті 4 жылға сайлайды. «Бір президент екі реттен асып ел билеуге құқы жоқ... Қазақ елі президентінің орынбасары – вице-президент. Ол президент жоқ болғанда орнын басады...» делінген жобада[9].

Қорыта келгенде, Барлыбек жазып қалдырған «Қазақ елінің уставын» үлгі етіп алған Конституция жобасы бойынша Әлихан Бөкейхан басшылық еткен Алаш парламенттік-президенттік республика болып құрылды деп кесіп айта аламыз. Ендеше, көрнекті Алаш қайраткері Барлыбек Сырттанұлының осыдан 110 жыл бұрын жазып кеткен «Қазақ елінің уставы» сынды парламенттік республика конституциясының жобасы және сол жобаның негізінде дүниеге келген Алаш ұлттық парламенттік республикасы парламенттік жүйеге өтудің табалдырығында тұрған тәуелсіз Қазақстан Республикасы үшін де үлгі-өнеге болуға әбден лайық.

Қорыта, Барлыбек Сырттанұлы мен Әлихан Бөкейханов қазақтың басын біріктіріп, ерікті ел болуын көкsep, сол мақсатқа жету жолына өздерінің бойындағы бар қасиеттерін: ақыл-ойларын, өнер-білімдерін, жігер-қайраттарын, бар саналы өмірлерін арнаған Алаш қайраткерлері деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әлихан Бөкейханов нақыл сөздері. Bilim-all.kz <https://bilim-all.kz> figure
2. "Өзбекұлы С.Барлыбек Сырттанов //Алматы: Жеті Жарғы, 1996.2 б.
3. "Қазақ энциклопедиясы. // <https://kk.wikipedia.org/wiki>
4. Бөкейхан Ә.Н. Таңдамалы.Ред.Р.Нұрғалиев.//Алматы, 1995.-333 б
5. Әлихан Бөкейханов.Құрастырушы. Мәмбет Қойгелдиев//Алматы.384 б.
6. Тоқтарбай Е.Барлыбек Сырттанұлы. Қазақ елінің уставы //Алматы, 2021.277
7. Тоқтарбай Е.Барлыбек Сырттанұлы. Қазақ елінің уставы //Алматы, 2021.278
8. Тоқтарбай Е.Барлыбек туралы бірер сөз...//Алматы:Баянжүрек, 2019, 8 б
9. Сұлтан Хан А.Алашқа қызмет еткен қос құрдас//<https://www.astana-akshamy.kz/alashqa-qyzmet-etken-qos-qurdas/>

II. Ә.Бөкейханов мұралары арқылы білім алушылардың рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдары

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – МЫҢЖЫЛДЫҚТАРДЫҢ КӨРНЕКТІ ТҮЛҒАСЫ

Мұхаметқали С.Х.

Әл-Фараби атындағы орта мектеп,
Алматы облысы Сарқан ауданының Қарабөгет ауылы
samala_86kz@mail.ru

Андатпа: Бұл мақалада қазақтың аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әлемдік лидер Әлихан Бөкейханның Алаш азаттық қозғалысындағы ролі, қазақ мәдениеті мен руханиятына сіңірген еңбегі және ізбасарларының педагогикалық көзқарастары талданған.

Түйін сөздер: *білім, ғылым, адамдық, ағартушылық, Алаш қозғалысы*

Аннотация: В этой статье анализируется роль мирового лидера, выдающего государственного и политического деятеля Алихан Букейхана в движений Алаш, его вклад казахскую культуру и педагогические взгляды его последователей.

Ключевое слово: образование, наука, нравственность, просвещение, движение
Алаш

Annotation: The article analyzes the role of Alikhan Bukeikhan in the Alash movement, his contribution to Kazakh culture and the pedagogical views of his followers.

Keywords: education, science, vorality, enlightenment, Alash movement

Кіріспе

«Алаш» ұғымы – қазақ үшін қастерлі ұғым. Академик К. Нұрпейіс бұл жөнінде былай дейді: «Алаш немесе Алашорда қозғалысы – бірнеше құрамдас бөліктерден тұратын күрделі ұғым. Негізгі белгілері, біріншіден – саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден – мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден – осы автономияны басқаруға тиіс Алаш үкіметі, бейнелеп айтсақ осы үш ұғымның жиынтығы Алаш немесе Алаш Орда ұғымын білдіреді» [1, 5]. Батыс пен Шығыс ілімін қатар үйренген Алаш қозғалысы жетекшілерінің ең басты мақсаты – Қазақ елін өзгелермен терезесі тең өркениетті, агросекторы дамыған, экономикасы өрістеген, саяси-элеуметтік ұстыны мығым ұлтқа айналдыру болатын.

Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Б. Сырттанұлы, Ж. Досмұхамедұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Тынышбайұлы, Р. Мәрсекұлы, Ә. Ермек, М. Жұмабай, Е. Омар, Х. Ғаббас, Ж. Аймауытұлы, Қ. Кеменгерұлы, С. Сәдуақасұлы, С. Қожанұлылар бастаған Алаш қозғалысы – қазақтың тыныс-тіршілігімен біте қайнасқан ерекше ұстанымдар синтезы, М. Қойгелдінің сөзімен айтқанда: «Алаш идеясы, бұл – ұлттың тұтастай өмір сүру концепциясы» [2, 8].

Материалдар мен әдістер. Тақырыпқа сай материалдарды жинақтау, журнал, тарихи деректер, архивтерде сақталған құжаттарды оқып, тұжырымдау, материалдарды топтастыру, жоспарлау, теориялық білімді деректер негізінде жүйелеп жазу сияқты кезеңдер атқарылды. Алаштанушы С. Аққұлының құрастыруымен жарық көрген Әлихан Бөкейхан шығармаларының толық он бес томдық еңбегі, «Әлихан Бөкейхан» тұлғалық энциклопедиясы және Құр баласы қоғамдық қоры шығарған «Алаш кітапханасы» сериясының еңбектері негізгі материалдар қатарына жатады.

Талқылау. Орта білім жүйесінің 9-сынып оқу бағдарламасында «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары» деген жалпылама тақырыптың бар екені белгілі. Осы тақырып аясында ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның өміріне, саяси қызметіне, шығармашылық мұрасына үстірттеу болса да атап өтеміз. Біз бұл мақаламызда Алаш лидерінің саяси қызметінен гөрі ұйымдастырушылық, қоғамдық, руханият мәселесіндегі іргелі еңбектеріне және ұлт болашағы үшін даярлаған болашақ ізбасарларының туындыларына, педагогикалық көзқарастарына айрықша тоқталамыз.

Әр мемлекеттік алтын діңгегі – ұлт. Негізгі міндет – сол ұлттың көсегесін көгерту. Алаш арыстарының тағы бір ерекшелігі – ұлттық кадр қалыптастыру, қазақты интеллектуалды ұлтқа айналдыру. Өкінішке қарай, отызыншы жылдардың сұрқия саясаты кесірінен елдің қам-қарекетін ойлағандарға түрлі-түрлі айыптар тағып, қап-қара күйе жағып, сүт бетіне

шығар қаймақтарынан айырылған қазақ – жұртта қалған баланың күйін кешті. Алайда сол алыптардың шоқтығы биік, тұғыры еңселі. «Алаш» идеясы – бір күнде, не бір жылда пайда бола салған идея емес. Түсінген кісі үшін оның тарихы тым тереңде жатыр. Мұның түптамасы Тонькөк, Күлтегін бастаған Көктүріктерде, Желмаясымен желіп, Жерұйығын іздеген Асан Қайғыда, Ақтамберді, Шалкиіз, Бұхардай жырауларда, Тәуке, Қасым, Абылай, Кенесарыдай хандарда, Шоқан, Ыбырай, Абай сынды ұлыларда жатыр. Алаш ұлт-азаттық қозғалысы – ұлттық рухқа суарылған, ұлттық бітім-болмысты, ой-сананы, ақыл-парасатты өңге арнаға бұрып, жаңаша жаңғыруды басшылыққа алған қозғалыс.

Алаш азаттық қозғалысы – ұлттық деңгейде қорытылып игерілген, ұлттық дүниетаным өзегіне айнала алған, ұлттық бірегейлік идеясын насихаттай отыра, қазақты алға жетелеген қозғалыс. Сталиндік репрессия белең алған 1937 жылы ұлтына қорған болған ұлылар НКВД-ның құрығына ілікті, қолына түсті, тергелді, кейін оққа ұшып, жер құшты. Алайда, аттары өшкен жоқ. XX ғасырдың тарихы – ащы термен һәм қызыл қанмен жазылған тарих. Қазақтың қаншалаған мықтылары, нарлары қыршын кетті, түрмеге камалды, итжеккенге айдалды, азаптың, қайғы-қасіреттің неше атасын көрді. Мұндағы шовинистік биліктің басты мұраты – ұлттық құндылықтары мен артықшылық-ерекшелігінен айырып, мәңгүртке айналдыру. Бұл жолда саяси машина ешкімді аяған жоқ, асау жылқыдай алдындағысын қыршыды, артындағысын тепті, жан-жағын жапырды, тұқымын тұздай құртты. Яғни, Алаш қозғалысы Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, тарихи, һәм рухани-мәдени өзгерістердің нәтижесінде туындады деуге толық негіз бар. Өткен ғасырдың басындағы ұлт келешегі үшін жасалған ұлы идеялардың бірі – «Алаш» қозғалысы. Сол кезде аздықөпті сауаты бар, жалпы саясаттан хабары бар делінгендердің бәрі осынау игі бастаманы қолдап, соның сапынан табылды.

Алаш азаттық күресінің көшбасшысына айналғанға дейін де, көшбасшысына айналғаннан кейін де Әлихан Бөкейхан Дала өлкесі – Қазақстанның халық шаруашылығы бойынша сарапшы маман, ірі ғалымға айналды. Қазақ егіншілігі мен мал шаруашылығы, соның ішінде қазақтың сиыр, қой және жылқы шаруашылығы туралы іргелі зерттеулер жариялады.

«Австралия қойының еті төрт ай мұхитта кемемен жүріп келіп, Петербург базарында сатылады. Малы көшіп жүр, адамы қала болып отыр» деп жазды ол [3, 89].

Қазақ тарихы, этнографиясы, әдебиеті мен фольклоры туралы жүздеген мақалалар жазып, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» секілді халық ауыз әдебиетінің бірнеше үлгілерін жинақтып, баспа бетіне шығарды. 1896 жылы «Ресей. Жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18 томына автор ретінде қатысқан.

Қазақтар туралы шынайы мәліметтер келтіріп, қазақтарды асқақтатады. Қазақтың ой-өрісі мен дүние танымы, ежелгі мәдениеті мен тарихы сияқты қасиеттері анағұрлым озық тұрғанын аңғартады.

«Қараңғы халықтың тұрмысын гүлдендіріп, жарыққа шығаратын – оқығандар» деп маңайына қазақтың оқыған жігіттерін жинап, елдік, ұлттық мақсатын жүзеге асыруды көздеген.

Алаш серкесінің елдік, ұлттық мақсаты екі бағыт арқылы жүзеге асты: Біріншісі – Әлиханнның 1905-1917 жылдар аралығында еңбегі. Бұл күрескерлік жол, азаттыққа жету жолы. Күрескерлік жолының жеңісі – 1917 жылдың 13 желтоқсанынан 1920 жылдың 5 наурызына дейін билік салтанатын құрған «Алашорда» ұлттық территориялық-автономиялық мемлекеті еді. Екіншісі – 1920-1928 жылдар аралығындағы ғылым, білім, шығармашылық жолы. Алаш серкесі Әлихан Бөкейхан қазақ оқығандарына: «Не балаларға сабақ беріп, не жорналға, газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қылмасақ, не қазақ тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеулі ғой», – деп болашақ ұрпақтың кәдесіне жарар ғылымның іргетасын қалауды өзінің сенімді серіктеріне табыстаған.

Ол серіктері беймәлім Алаш тұлғалары болатын.

Дәуірдің тынысы жиілеп, даму жолында бәсекелестік басталған тұста, Қазақ жастарының сауатын ашып, әлеуетін көтеру һәм алашшыл азаматтардың мақсатына айналғанын тарих көрсетіп отыр. Әлихан мен Ахмет Байтұрсынұлын ұстаз тұтқан, олардан тәлім алған сол замандағы жастар білім мен ғылымға іңкәр еді. Біз қарастырып отырған белгісіз бес азамат та заман ағысынан қалмай, өздері білім алып, көрген-түйгенін кейінгілерге үйреткені хақ. Қараңғылықтың көгіне өрмелеп шығып күн болуға тырысқан асыл ерлердің ерен еңбегі өз бағасын, биігін бағындыруы керек.

Есімі кейінгі жылдары ортамызға оралған Алаш зиялыларының бірі **Ғазымбек Бірімжан** – «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасын жасаған тарихи тұлға. Аталмыш жобада білім саласына ерекше назар аударған. «Ғылым-білім үйрету» бөлімінде: - Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; - Жұртқа жалпы оқу жайылу; - Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; - Қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; - Оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; - Үкімет оқу ісіне кіріспеу; - Мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу; - Ел ішінде кітапханалар ашылу».

Бұл бағдарламада білімнің ақысыз болуы, Қазақ тіліндегі мектептер мен университет ашу Ғазымбектің ұлы арманы еді. Ол жастайынан білімге ынтық болды. Көп оқыды, көп білді. Алғырлығының арқасында Германияда білім алды.

Ғазымбектің Германиядан келген хатына да назар салыңыз: «Бұл хаттың өткен бөлімінде Еуропаның осы күнгі дәрежеге қандай жолмен жеткендігі, басқа жолдың жоқтығы, ол жолға тіршіліктің қатал, рақымсыз, сараң заңы амалсыз, ықтиярсыз апарып салып отырғандығы туралы жазылып еді. Ендігі мақсат Еуропа жалғыз ғана «сынық тиынды» санап отыр еді. Оның мәңгілік ұлы мақсаты мынау десек, Еуропаның бұл мақсаты – білім.

...Адамзатқа пәлсапаның, өнердің, әдебиеттің бермегенін білім береді! Білім – айнала ылғи өмірсіз, бір күндіктердің арасынан жылтырап, жаңа тұтанып келе жатқан мәңгіліктің жалын, шоғын, белгісін адамзатқа білім

көзімен көрсетіп, жан тілін береді. Сонымен қоса, күш-қайрат береді. Адамзаттың үстемдігін асырып, табиғатты жеңіп береді. Білім күшейсе, біздің күшіміз де, үстемдігіміз де өседі. Білім өлшеусіз өсуге тиіс!» – деп топшылайды [4, 46].

Совет үкіметі орнаған тұста алашшыл **Біләл Сүлейұлы** оқу-ағарту саласында қайраткерлік, ұйымдастырушылық қырымен ерекшеленеді. 1927-1929 жылдары Ақтөбе облысының білім бөлімін басқарып жүргенінде, Орынборға қоныс аударады. Орталық биліктің шешімімен Біләл Орынбордан Оралға, Оралдан Ташкентке, Ташкенттен Семейге көшеді. Біләлдің айналасы үш жылдың жеті-сегіз рет көшуі – қазақ балаларын оқытуға қолайлы арнайы оқу ұйымдарын даярлау екен. Мәскеуде айдауда жүрген Ә. Бөкейханның тікелей тапсырмасымен ағарту комиссариатына қарасты қазақтың оқу орындарын қазақ даласына көшіру ісіне жұмылдырылған. Бұл кезде Орынбордағы КИНО (Казахский институт Народного образования) Волга өлкесіне, Ташкенттегі ҚазПИ Өзбекстанға берілуіне байланысты Алаш оқығандарының араласуымен оқу орындарының педагогикалық құрамы Алматы мен Семей, Оралға көшірілген.

Біләл Сүлейұлы сталиндік репрессия кезеңінде Қарақалпақ АССР Білім комиссариатының комиссары қызметінде жүргенде тұтқындалып, жазаға ұшырады.

«Асылында, – деп жазады алаштанушы Е. Тоқтарбай, – Біләл Сүлейұлы Семейде ашылған қазақ педагогикалық институтының алғашқы ректоры әрі ұйымдастырушысы еді, бірақ бүгінгі таңда сол Семейдегі оқу орынында ағартушының есімі де, өнегесі де ұмытылған. Өкінішті!» [5, 91].

Әйгілі Қошке Кеменгерұлының жетекшілігімен Мәскеуде жарық көрген қазақ тіліндегі алғашқы сөздік – «Қазақша-орысша тілмашты» құрастыруға қатысқан – Алаш зиялысы, әдебиетші **Абдолла Байтасұлы**. 1924-1929 жылдар аралығында тек география пәнінен бір төл туынды және тоғыз аударма кітап әзірлеп, қазақ мектептеріндегі осы пән саласының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. Одан тыс баспасөз беттерінде оқу мәселесі туралы ұдайы ғылыми-әдістемелік, публицистикалық мақалалар жазды. А. Байтасұлының «37 мемлекет. Жер жүзінің кейбір мемлекеттері» еңбегінде де ағарту ісіне көп көңіл бөлген. Ол «Жапонда халық ағарту ісі» деген бөлімінде «Жапон халқының мәдениеті аз жылдың ішінде күртінен көтерілді. Өткен жүздің аяқ шенінде Еуропаның даяр мәдениетінен пайдаланды. Оқу ісін шектен тыс көтерді. 6-14 жастың арасында еркек, әйелге оқу міндетті болды. Үлкен-кішісі тегіс хат танитын дәрежеге жетті. Жапонда газет-журнал оқымайтын адам кездеспейді. Жапонның орта, жоғары дәрежедегі мектептерінде Еуропа мектептерінде оқылатын білімдер түгел оқылады. Бұрынғы уақыттарда орта, жоғары дәрежелі мектептерге оқытушыларды Еуропа мемлекеттерінен алдырушы еді. Соңғы кезде олардың орнын өз оқытушылары басты» деп жазады [6, 19]. Осылайша тілші ғалым, әдебиеттанушы педагог А. Байтасұлы көптеген мемлекеттердегі ағарту саласындағы артықшылық пен кемдікті жаза отырып, «жақсыдан үйрен,

жаманнан жирен» ұстанымын алға тартты. Қазақ жастарының осы бір еңбектен үлгі-өнеге алғанын қалады.

Алаштың тағы бір аяулы тұлғасы **Білал Малдыбайұлының** өмір жолын саралайтын болсақ, 1921 жылы уездік қазақ-татар мектептері бойынша нұсқаушы қызметін, 1924 жылдың басында Айыртау ауданының халық ағарту бөлімінің инспекторы, артынан меңгерушісі қызметін атқарған.

1926 жылы «Қазақстандағы жоғарғы, орта дәрежелі мектептер» атты еңбегі жарық көрді. Бұл кітап Қызылорда қаласындағы «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясында басылған. Осы мақаладағы оқушыларға аманат сөзін автордың түпнұсқа мәтінімен үзінділер ұсынамыз.

«Алысты жақындататын, ауырды жеңілдететін қасиеті зор, биік нәрсе – оқу. Биікке шығуға саты керек, оқудың сатысы – мектеп. Сатының әлденеше аттап баратын басқыштары болады», – дейді де ол Совет одағында оқу жүйесінің сатыларын, баспалдақтарын санамалап баяндап шығады.

Сонымен қатар Білал Малдыбайұлы: «...Көкшетау үйезінің жеті болыс елінде 1924 жылы 42 мектеп үйі қалықтың өз күші мен салынды. 1925 жылы Семей, Жетісу гүбірнелерінде де халық күші мен мектеп үйлері салына бастады. Және елдегі мектептерге сыймай қалған балаларын жақын орыс қалаларына апарып оқуға беріп жатқандар да көбейді. Міне, бұ да үлкен көмек, сүйінерлік іс. Мұның бәрі халықтың оянып, игілік іске түсіне бастағанын көрсетеді. Мәдениет осымен табылады. Әйтпесе мәдениетті бізге шеттен біреу әкеліп бермейді. Елге көсемдік, жетекшілік керек. Ел сөзге түсінбейді дегендердің жаны шықсын. Түсіндіруін білсе, ел түсінеді. Жөндемдік, ынтымақ қазақ баласында жоқ емес» деген сынды тұжырымды ойларын ортаға салған [7, 14].

Қарап отырсақ білім саласын, ағарту ісін қуаттандыратын бірден-бір бағдарлама, еңбек. Білал Малдыбайұлының ағарту ісіне қосқан үлесі орасан.

Алаш заманында қазақ баласы Ресейдің ішкі қалаларын қойып, әлемнің алдыңғы, озық, маңдай алды оқу ордаларында білім алды. Сондай азаматтың біреуі – **Сейітбаттал Мұстафаұлы**. 1922-25 жылдары Көкшетау қаласында халыққа білім беру бөлімінде қызмет атқарған ол 1925-30 жылдары Қызылжар қаласындағы педагогикалық техникумда ұстаздық етті.

Осы тұста ол қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевпен етене танысып, пікірлес болды. Серкебай Бехмұхамедов, Сәбит Мұқанов, Жақан Сыздықов, т.б. кісілермен араласты. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері ғалым Есмағамбет Ысмайылов, драматург Шахмет Хұсайынов және басқалар – С. Мұстафаұлынан сабақ алған әдебиет майталмандары.

«Абай» журналының 1918 жылғы №4 санында жарияланған Сейітбаттал Мұстафаұлының «Қалай көндіру керек?» деген мақаласынан оның Мағжанның «Педагогикасымен» үндесіп жатар тұстарын аңғарамыз:

1. «Ескі жолмен тәрбие қылушылардың пікірі – балаға қатты тию салып һеш уақытта өз еркіне жібермей, теріс ісіне ылғи жаза салып отыру керек дейді. Әр кез бала осы жолмен тәрбие қылынса, бұзақылық мінезіне, жүріс-тұрысына тоқтау салса, рух сипаттары қуаттанып, ақыл мінезі түзеледі. Бұл пікір бір жағынан теріс сияқты да емес. Себебі бала буыны қатып, бойы

өспеген, ақылы ержетпеген уақытта тіпті өз еркіне қоя берілсе, ол бала, тентек, бұзақы болып рух қуаты өспей, далдүк-дұлдық, жаңғалақ жеңіл ойлы болатыны да рас. Бірақ бұл таршылық жолмен ұстаудан үлкен залалдар шығады. Бала ылғи қысымшылық көріп, өз бетімен нешбір нәрсе істей алмайтындығына, істеген ісіне ылғи жапа көретіндігіне көзі жетсе, бойдағы мағнауи қуаты сынады. Олай болса, неш нәрсені басқарып істей алмайды. Ойлай алмайды», – деп бала тәрбиесінде өте маңызды мәселелер төңірегінде өз пікірін білдіреді.

2. Ойшыл мұғалім баланы «таршылық жолмен ұстаудан үлкен залалдар шығады» деген пікірін алға тарта отырып, оның салдарын сөз етеді. «Баладан табандылық, талаптылық, жігер сөнеді; өзінің үздік қасиетін жояды. Сондықтан балаға қай жолмен болсын еркіндік беру керек» деп орынды тұжырым жасайды.

3. Тағы бір тұста Сейітбаттал Мұстафаұлының: «Баланың жүріс-тұрысын, ойы ашылысына, өз еркіне жіберілмесе, жалғыз тілегі (көңілі) сөнбейді, бүкіл рухы сөнеді. Жалғыз денесі тәрбиеленіп, рухты тәрбие қылынбаса, онда баланың тәрбиесі сыңаржақ болмақ. Баланы қорқыту, жазаландыру қате. Баланы өтірікші қылмау үшін өтіріктің өзі жаман мінез екенін ұқтыру керек. Жазадан қорқып өтірік айтатын бала, өтірік айтпай тұрмайды. Себебі ол бала қорыққанда ғана өтірік айтпайды, қорықпайтын жерде өтірікті ондап айтады. Олай болса, тиюдан бұрын тыйлатын нәрсенің жаман екенін, көндіруден бұрын не үшін көну керек екендігін түсіндіру керек. Еркін өмір сүру біреудің еркіндігіне бөгет болмау деп ұқтыру керек» деген тұжырымдамасы бүгін де өзінің өміршең өткірлігімен маңызды [8, 113].

Міне, осындай Алаштың асыл азаматтарының барлығы да Әлиханның төңірегіне топтасты, ұлттық интеллигенцияның таңғажайып шоғырын қалыптастарды. Әлихан Бөкейхан Дала тұрғындарының ғана емес, өзге ұлттардың да құрметіне бөленді. Өз ұлтының ата тарихын жетік меңгеріп, мәдениеті мен әдеп-ғұрпы, салт-дәстүріне құрмет көрсетудің, туған халқына адал қызмет етудің үлгісін көрсетті. Ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру үшін үздіксіз күрес жүргізді.

Әлихан Бөкейхан халықтың көшбасшысы қандай тұлға болу керектігін өз үлгісімен айқындап берді. Әлихан Бөкейхан – бүкіл саналы өмірін қазақ халқының ұлттық саяси бостандығы мен дербестігі үшін арнаған ұлы тұлғамыз.

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,

Демейді қандай қазақ оны оң көзі.

Семей тұрсын, жеті облыс – бар қазақтан,

Талассыз жеке-дара тұр ғой өзі, – деп С. Торайғырұлы жырға қосқандай, Әлихан атамыз әрқашан да әр қазақ жүрегінде мыңжылдықтардың дара тұлғасы болып қала бермек [9].

Қазіргі жас ұрпақ елі үшін жанын қиған, артына өшпестей мұра қалдырған Әлихан атамызға қарап бой түзеп, сол атамыздай елі мен жері үшін қызмет етсе атамыздың еңбегінің еш кетпегені. Тәуелсіздік үшін жандарын пида еткен ұлтымыздың батыл да ержүрек аталарымызға мың тағзым!

Қорытынды Әлиханнның тұлғалық бейнесі қазіргі болашақ жастардың жаңаша өсуіне, талпынуына ашатын қақпа десек артық болмайды. Оның сол кездегі арманы, тілегі бүгінгі еркіндік, тәуелсіздік бейнесі еді. Сондықтан мыңжылдық көрнекті тұлға деп алуымыздың себебінде осында. Дегенмен мектептегі әр оқушы, шәкірттеріміз осы тұлғаның артынан қалдырған мұралары арқылы болашақтарын болжап, бағалауды үйренеді. Біздегі білім саласындағы реформалар оқушыларды даралап тәрбиелеу осының айқын көрінісі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995.
2. Қойгелдиев М. Ә. Бөкейханов шығармалары. – Алматы, 1994.
3. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.
4. Ғазымбек Бірімжан. Шығармалары. – Нұр-Сұлтан: Qyr balasy, 2021. – 250 б.
5. Біләл Сүлейұлы. Үміт. – Нұр-Сұлтан: Qyr balasy, 2021. – 118 б.
6. Абдолла Байтасұлы. Көркем әдебиет туралы. – Нұр-Сұлтан: Qyr balasy, 2021. – 240.
7. Біләл Малдыбайұлы. Кенесары заманынан. – Нұр-Сұлтан: Qyr balasy, 2021. – 180 б.
8. Сейітбаттал Мұстафаұлы. Имам Ғазали. – Нұр-Сұлтан: Qyr balasy, 2021. – 196 б.
9. Торайғыров С. Таныстыру. // «Әдебиет» порталы.

ЖЕКЕ ТҰЛҒА БОЙЫНДА ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ҚАСИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ахмоллаева А.Н.

«Исмаил Таиров атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығы мен» КММ Тарих пәні мұғалімі Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы

Байсеит ауылы. aymkiz@bk.ru

«Тірі болсақ- алдымыз үлкен той.

Алаштың баласы бул болмаса жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар»

Ә. Бөкейханов

Андатпа: Мақалада Әлихан Бөкейхановтың педагогикалық еңбектерінің өмірге маңыздылығы және тәрбиелі құндылықтары берілген. Мақала иесінің айтуынша, ғылым мен білім жастарды тәрбиелеудегі ең негізгі мәселе болып табылады, деп айтқан.

Аннотация: В статье проанализировано жизненное значение педагогических работ Алихана Бөкейханова и его воспитательное значение, передаваемое будущим поколениям. Автор отметил, что главной задачей, стоящей перед молодежью, является наука, образование.

Annotation: The article analyzes the vital significance of Alikhan Bokeikhanov works and its educational significance, passed on to future generations. The author noted that the main task facing young people is science and education. He said that the treasures of man should be a science that aspires to great, to every energetic youth.

Қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, публицист, «Алаш» партиясы көшбасшыларының бірі Әлихан Бөкейханның туғанына 155 жыл толды. Ә.Бөкейхан мен оның жақын серіктестері А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, Ж. Ақпаевтың, М. Тынышпаевтың, Х. Досмұхамедовтың және басқа да көптеген көрнекті қайраткерлердің қоғамдық, ғылыми және саяси қызметі қазіргі мемлекеттілікті қалыптастыру жолындағы алғашқы тарихи және тәуелсіз қозғалыс болды. Әлихан Бөкейхан 1866 жылы 5 наурызда Семей облысы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысының №7 ауылында (қазіргі Қарағанды облысы) дүниеге келген.

1890 жылы Омбы техникалық училищесін бітірген. 1890-1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономикалық факультетінде оқыды. Оқуды бітіргеннен кейін Омбы қаласындағы ауылшаруашылық училищесінде математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. 1893 жылы Ә. Бөкейханның саяси, экономикалық және әдеби үйірмелердегі белсенді қызметі басталды. Осы кезде 27 жастағы белсенді Бөкейханның есімі «саяси сенімсіз» деген қара тізімге енеді. Осы уақытта Әлихан Нұрмұхамедұлы бүкіл дала өлкесінің ұлттық қозғалысының көшбасшысы болады. Ә. Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары елде жаңа сипат, жаңа өрлеу ала бастаған ұлттық қозғалысқа саналылық, ұйымдасқан сипат беру жолдарын қарастырды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың оң жағалауда орналасқан бұрынғы резиденциясы Елбасы кітапханасының музейінде арнайы экспозиция бар. Онда авторлардың бірі Әлихан Бөкейхан болған «Қарқаралы петициясы» көшірмесі ерекше орын алады. 14 500 адам қол қойған құжатта халық қазақ отырған жерлердің қазақтың меншігі болып саналатынын патша өкіметінен мойындауды, қазақ балалары білім алатын барша бастауыш мектептерге ана тілі мен жазуын енгізуді, қазақ тілінде газет шығарып, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді талап етті.

Осы кезеңде Ә.Н. Бөкейханның белсенді саяси қызметі басталды. Ол Орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болды. 1905 жылдың күз айында ғалым-публицист Семей облысы қазақтарының атынан Ресей патшалығына 1-ші Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланады.

Әлихан Бөкейхан сол кезде тарап кеткен дума мүшелерінің артынан Финляндияның Выборг қаласына келеді. Выборг үндеуіне қол қояды. Сол үшін жазаланып, 3 айға Семей түрмесіне жабылады, алайда оны абақтыда 8 ай ұстайды. Босатылғаннан кейін Бөкейхан Самарыға жер аударылып, онда 1908 жылдан бастап 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейін болды. Ақпан төңкерісінен кейін Ә.Бөкейхан қазақ халқының ұлт-азаттық күресіне белсене қатысты. Ә.Бөкейхан төрағалық еткен «Алаш» партиясын құру үшін жаңа жағдайлар қолайлы болды. Партия мүшелерінің саны 1917 жылға қарай 5 мыңға жетті. Көп ұзамай партия бағдарламасының жобасы әзірленді, оның бірінші тармақтарында: Ресей федеративтік демократиялық республикасының құрамында Қазақ автономиясын құру; барлық ұлттар үшін тең құқықтар; шіркеуді мемлекеттен бөлу, прогрессивті табыс салығын енгізу, ана тілінде тегін оқытуды қамтамасыз ету және басқалар болды.

1917 жылдың желтоқсанында екінші жалпықазақ съезі Алаш автономиясы жарияланып, Әлихан Бөкейхан алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы (президенті) болып сайланады. Алайда, Алаш автономиясының тарихы ұзақ болған жоқ, оны 1920 жылдың наурызында большевиктер жойды. Үш жыл ішінде алғашқы қазақ мемлекеттілігі қиын сынақтардан өтті. Большевиктердің толық жеңісінен кейін және Кеңес үкіметі орнағаннан кейін алаш ордашылар кеңес билігін мойындады. Алайда, олар 20-30 жылдары қуғындалып, ату жазасына кесілді.

1937 жылы 26 маусымда Ә. Бөкейхан тұтқындалады. Тергеу үш айға созылып, 1937 жылы 27 қыркүйекте сот өтті. Қазақ даласының көрнекті ұлы Әлихан Бөкейхан «террористік ұйымға» қатысы бар деген айыппен «ең жоғары қылмыстық жаза – ату жазасына» кесілді. Сол күні үкім орындалды. Әлихан Бөкейхан 71 жаста еді. Қазақтың көрнекті қайраткерін ақтауға жарты ғасыр өткеннен кейін қол жеткізілді. 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысымен Әлихан Нұрмұхамедұлы кінәсіз деп танылды.

Әлихан қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керегін ұғып, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды. Ол ұлттық идеяның негізгі қағидаларын қалыптастырды.

Қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның 155 жылдығы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келді. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысында атап өткендей, мерейтойлық жылдағы мерейтойлық іс-шаралар халыққа рухани серпіліс әкелуі тиіс.

Еліміздің тәуелсіздігі қоғамдық, әлеуметтік, мәдени және рухани санамызға жаңашыл ізденістер мен түбегейлі өзгерістер әкелді. Арғы-бергі тарихты танып-таразылауға, танымал тұлғалардың кезеңі мен қызметін, өмірі мен шығармашылық мұра-мирастарын зерттеп-зерделеуге жаңа мүмкіндіктер ашылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату – қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты таңдауға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес» [1,12] деген ойларын халқымыздың болашағын айқындайтын ұлттық идея деп түсіну қажет.

Осы орайда, Ұлт руханиятында бедерлі бетбұрыс болған Алаш арыстарының мұрасын зерттеу ісі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасынан кеңінен көрініс тапты. Бұл игілі іс болашақ үшін ұлттық идеологияны насихаттай отырып, тарихты танытуда келешек ұрпақ тәрбиесінің бірден бір құралы десек артық болмас.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға – Әлихан Бөкейханов. Оның есімі ұзақ жылдар бойы сирек аталып келсе, кейінгі ұрпаққа қалдырған орасан мол аманат – мұрасы бір кісінің ғұмырындай уақыт

бойы шаң басып жатты. Әлихан Бөкейханов – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген ғалымдардың бірі.

Алаш Орда көсемі Әлихан Бөкейханов «Мен тірімін, дем аламын, туған елімнің ауыр жүгін арқалап өмір сүремін және мен үшін Отанымның жарқын болашағынан асқан бақыт жоқ. Оны ойлағанда түн ұйқым төрт бөлінеді» деп туған халқымыздың ұлттық санасын ояту жолын таңдап, аянбай тер төкті.

Ұлт зиялыларының бірі, отансүйгіштігі мен ұлтжандылығы тұрғысынан биік рухты кемел тұлғалардың үлгісі болар Ә. Бөкейхановтың 1890 жылы Санкт-Петербургтегі Императорлық орман институтына түсерде өрімдей жас кезінде өзінің шығармасында: «Өзгеге жамандық тілеу – өзіңе жамандық жасау, себебі, басқалармен қосылып барлығымыз бір адамзат баласымыз. Адам баласы үшін ең қиыны рухани тыныштық жағдайына жету, оған біз санамен де, байлықпен де жете алмаймыз, тек ілім мен білім жолына түсу арқылы ғана адам баласы толыққанды рухани кемелдікке жете алмақ» деген ойларынан бастау алған оның педагогикалық мұрасы бүгінгі жас ұрпақ тәрбиелеуші ұстаздар үшін баға жетпес құндылық.

Бүгінгі таңда да өз маңызын жоймаған Ә. Бөкейхановтың оқыту мен тәрбиелеу ісі жөніндегі пікірлері ғылыми қағидаға айналған десек те болады.

Ол практикалық әдістің лабораториялық әдіске жақын екендігін дәлелдейді. Оның ойынша, практикалық әдіс мұғалімнің басшылығымен сабақты бекіту кезеңінде қолданылады.

Әлихан Бөкейхан оқушының қажетті білім алуы мұғалімнің шеберлігіне байланысты екендігін айтады. Ол былай деп жазады: «Баланы баулыған оқытушы ісіне шебер болса, өзі де, балаларды табиғатты әліп-бидей оқып, аты бәйгеден келіп, бүркіті түлкі алып қызыққа батады да, қуанады. Бала оқуға күйі түскен қаршығадай, түлеп ұшады» [2,37]. Автор ең қажетті лаборатория ол қоршаған ортаны, табиғатты көзбен көру деп есептейді. Лабораториялық әдісті оқушылар табиғат құбылыстарын ұзақ бақылау арқылы іске асырады. Ғалым-педагог оқыту мазмұнын ұлттық психологиямен байланыстыруға ерекше мән берген. Ол оқушыларға өздерінің өмірлерімен, күнделікті тыныс-тіршілігімен байланысты соған қажетті материалдар беріп отырған. Әлихан Бөкейхан 1926 жылы орта мектеп оқушыларына арнаған астрономия оқулығын жазып шығарған. «Астрономия» – деген сөздің мәнін ол былайша түсіндіреді: «Астрономдар астыр-грек тілінде жұлдыз, номос-заң, осы екеуінен, екі сөзден жұлдыз заңын зерттеуші деп астрономды шығарған». Сондықтан да ол мұғалімдерге жас жеткіншектердің бойларына диалектика – материалистік көзқарастарын қалыптастыру мәселесін алға қойған. Әлихан Бөкейхан зерттеулерінде оқыту мен тәрбиелеу бір-бірімен байланыста болатын үрдіс ретінде қарастырады. Тұлғаны қалыптастыруда тәрбиенің атқаратын рөлін Әлихан өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдейді. Тәрбиесіз жинақталған білімнің қоғамға тигізер пайдасы болмайтындығын айтады. «Ән өлең һәм оның құралы» – атты мақаласында эстетикалық тәрбие мәселесін көтерген. Автор өнердің тұлғаны қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтеді.

«Ән адамның бар ет тамыр, сүйек-сүйегін қозғайды, бәрін ерітеді, елжіретеді»[3,247] – деп жазады автор.

Әлихан өзінің «Ашық хат» атты мақаласында білім беру, оқыту мәселесін былайша жазады: «Ұлтына, жұртына қызмет қылу біліммен емес, мінезден. Адам баласын өзіндей жақсы көр, сүй деген сөз айтылғалы екі мың жыл болған, онан бері білім отарба, телеграмма, телефон шығарды, жақсы мінезге тоқталған адам аз, білім біліммен, мінез мінезбен» [4,365] – дейді. Адам қанша білімді болса да оның тәрбиелі болуы мүмкін емес екендігін айтқан. Адам білімді болмаса да тәрбиелі, әдепті болуы әбден ықтимал- деген қағиданы ұстанған. Әлихан Бөкейхановтың осы ой талдамасын тәрбие ісіндегі таным, тұлға теориясының негізі деп тануға болады.

Әлихан Бөкейханов мұрасында ерекше орын алатын туындыларының бірі –көркем аударма. Қаламгер аудармаларында тәрбие түрлері жан-жақты берілген. Л.Н. Толстойдың «Сурет кафеканасы», В.Г. Короленконың «Мақардың түсі» атты әңгімелерін тәржімалаған Ә.Бөкейханов еңбек тәрбиесін насихаттаған. Балаларға тілі жеңіл мысалдар берген. «Көк кептер мен құмырсқа», «Бүркіт пен тасбақа», «Күзен», «Арыстан мен тышқан», «Ат пен атшы», «Арыстан мен бақа» т.б. әңгімелерінде тәрбиеге жете тоқталады.

Тәрбие теориясын оқыту теориясымен байланыста қарастыру мәселелерін қозғаған педагог-ғалым Ә.Бөкейхановтың сол кезеңде айтқан «оқытуды ана тілінде жүргізу керек» деген пікірі күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Сол кезеңде Алаш көсемі көтерген ана тілінде оқыту мәселесі бүгінгі таңда мемлекеттік стратегиялық құжат болып бекітілді.

Әлихан Бөкейхан қаламынан туған «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи», «Киргизи», «Жағрафия», «Астрономия», «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты еңбектері халқымыздың өткені мен бүгінгі, көнесі мен жаңасын сабақтастырып жатқан алтын арқау боларлық әдеби, педагогикалық мұра.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасырдағы азат ұрпаққа тәлім тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі. Рухани- адамгершілік тәрбиені бала бойына сіңіруде тіл және әдебиет сабақтарымен қатар тарих пәні сабағының орны ерекше.

Тарих сабағында жеке тұлға бойына ұлтжандылық, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру маңызды болып саналады. «Тәрбие мен білім егіз» демекші, мен тарих пәні сабақтарымда Әлихан Бөкейхановтың нақыл сөздері, еңбектері арқылы оқушылардың бойына рухани- адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға тырысамын.

Қорыта келе, оқушылардың ұлттық рухани құндылық қасиеттерін оқыту процесі мен сыныптан тыс тәрбиелік іс- шаралар арқылы қалыптастырып , ғылыми тұрғыда дәлелдеп дамыту біздің тікелей парызымыз. Бала бойына дарыған ұлттық құндылықтарымыз біздің рухани байлығымыз болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. <https://bilimainasy.kz> Әлихан Бөкейхановтың педагогикалық мұрасы.

2. Бөкейхан Ә. // Жұлдыз. -1996. №1.

3. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы: мақалалар: жазбалар: баяндамалар: үндеулер: ғылыми зерттеулер:әдеби аудармалар: хаттар(ашық хаттар): жеделхаттар (телеграммалар): 1915-1917. VI том. – Астана: Сарыарка, 2013. – 520 б.

Ә. БӨКЕЙХАНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ.

Башембаев С. К.

Алматы облысы., Көксу ауданы, Көксу бекеті, Мұқаншы орта мектебінің тарих пәні мұғалімі, sbashembaev@mail.ru,

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақтың дәстүрлі шаруашылығына қатысты ұлт зиялысы Ә. Бөкейханұлының ғылыми мұрасына талдау жүргізілді. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына қатысты үкіметтің жүргізіп отырған саясаты туралы «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалары негізінде талданды. Ұлт көсемінің артында қалған «Овцеводство в Степном крае» және экспедиция барысында ғалымдармен бірігіп жасақталған 12 томдық «Материалы по киргизскому землепользованию (Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары)» еңбектері негізге алынды. Аталған ғылыми жұмыстарды талдау келе Ә. Бөкейханұлының қазақтардың отырықшылыққа кеңес үкіметінің зорлығымен емес, біртіндеп даму нәтижесінде келуі керек екендігін ұғамыз. Қазақтардың ата кәсібі мал шаруашылығына баса көңіл аудару керектігі туралы айтылады.

Кілт сөздер: Ә. Бөкейханұлы, дәстүрлі шаруашылық, Алаш, отырқшылық, Қазақ газеті, реформа

Аннотация. В статье проведен анализ научного наследия казахского интеллектуала А. Бөкейханова, относящегося к традиционному хозяйству казахов начала ХХ века. О проводимой правительством политике в отношении традиционного хозяйства казахов проанализированы статьи, опубликованные в газете "Казак". За основу взяты труды лидера нации «Овцеводство в Степном крае» и «Материалы землепользования киргизов (казахов)» в 12 томах, составленные совместно с учеными в ходе экспедиции. Анализ указанных научных работ мы убеждены, что казахи должны прийти к оседлости не в результате насилия советского правительства, а в результате постепенного развития. Аликхан Бөкейханов призывал сохранить и уделять основное внимание казахов животноводству.

Ключевые слова: А. Бөкейханұлы, традиционное хозяйство, Алаш, оседлость, Казахская газета, реформа

Abstract. The article analyzes the scientific heritage of the Kazakh intellectual A. Bukeikhanov, relating to the traditional economy of the Kazakhs of the early twentieth century. The articles published in the newspaper "Kazakh" are analyzed about the policy pursued by the government in relation to the traditional economy of the Kazakhs. It is based on the works of the leader of the nation "Sheep breeding in the Steppe region" and "Materials of land use of the Kyrgyz (Kazakhs)" in 12 volumes, compiled together with scientists during the expedition. Analysis of these scientific works, we are convinced that the Kazakhs should come to settlement not as a result of the violence of the Soviet government, but as a result of gradual development. Alikhan Bokeikhanov called for preserving and paying the main attention of Kazakhs to animal husbandry.

Keywords: A. Bukeikhanuly, traditional economy, Alash, sitting, Kazakh newspaper, reform

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың барлық баспасөз беттеріндегі жарияланған басты мәселелердің бірі – жер және шаруашылық мәселелері. Алашорда мен мүшелеріне амнистия жарияланған соң, олар қызметтерін жалғастыра берді. Бұл тақырыптың өзектілігі жағынан жоғары болғандықтан, барлық алаш зиялылары қалам тартып, мақала жазды. Солардың бірсыпырасына талдау жасап көрейін!

Кеңестік тарихнамада қазақтың дәстүрлі шаруашылық жүйесінің өзгеруіне, дамуына қатысты ұлт зиялыларының күресін кері бағалады. Оларды ескі феодалдық қатынастарды аңсайтындар қатарына қосты. Бұл жерде алаш зиялыларының ата-бабаларының бай қатарына кіргендігі туралы фактіні негізге алды. Әрине ол дұрыс, бірақ Ресей империясы жағдайына қарайтын болсақ, тек ауқатты адамдар ғана, өз балаларына өте жоғары дәрежеде білім беруіне мүмкіндік жасады. Дәстүрлі шаруашылыққа монография арнаған іргелі кеңес тарихшысы Бекежан Сүлейменов: «Процесс оседания казахского аула проходил медленно, феодально-байская верхушка препятствовала этому прогрессивному явлению, стремилась повернуть аул к средневековому прошлому. Против перехода к оседлости она агитировала казахских шаруа на страницах своей газеты «Казах», доказывала преимущество кочевого образа жизни по сравнению с оседлым, кочевого скотоводства по сравнению с земледельческим производством

Реакционная сущность взглядов казахской феодально – байской интеллигенции в лице Букейханова, Байтурсунова, Дулатова очень странно, дика и реакционна позиция, агитирующей против оседания казахов. Эту позицию никак нельзя понять. Либеральная интеллигенция защищает отсталое, отмирающее старое бытие» - деп Алаш қайраткерлерінің қызметін теріс бағалаған болатын. Дегенмен бұл жерде тарихшының жеке көзқарасын емес, тұтас жүйені, кеңестік саяси конъюнктура мен цензураны айыптауға тура келеді. [1, 155-156 б.]

Алаш қайраткерлерінің қазақты жаңа тұрмысқа бейімдеу жолдарын да ұсынды. Өздеріне белгілі кәсіп пен шаруашылықтардың қыр – сырын ашып, газет – журнал арқылы халыққа түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жариялап тұрған. Әлемде пайда болып жатқан түрлі техникалар мен құрал – саймандар жайлы жаңалықтарды бөлісіп отырды. Егінге зиян тигізетін аурулар, тұқымды қандай топыраққа салу, оны суғару жайында, мал тұқымын асылдандыру сияқты мәселерге көңіл аударды.

Алаштанушы ғалым Мәмбет Қойгелдиев өз монографиясында осы айтыс, кереғар пікірлер туралы: «Қазақ» және «Айқап» басылымдары отырықшылыққа көшу мәселесін ұлттық ауқымда көтеріп, пікірталасқа айналдырды. Оған қатысқан авторлар екі баламалы пікірді жақтап, өзара бөлініп кетті.

1) Б.Қаратаев пен М.Сералин бастаған «Айқап» журналы төңірегіндегі топ қоғамдық мешеуліктің негізгі себебін көшпелі өмір салтынан көріп,

сондай-ақ толассыз қоныс аударушылар легінің Қазақстанды отарлау екпінінен қаймығып, қазақтарға да келімсектер сияқты он бес десятинадан жерүлесін алып, отырықшылыққа көшуді уағыздады, бұл істе өздері де үлгі көрсетті.

2) Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы және М. Дулатұлы бастаған келесі «Қазақ» газетіндегі топ көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтының қалыптасуын және оны өзгерту мүмкіншілігін қоршаған табиғи орта ерекшеліктерімен тығыз байланыстыра қарауды жақтап, жаппай отырықшылыққа көшуді ұсынушы переселен мекемелері мен шенеуніктерінің отаршылдық пиғылды ұстанып отырғандығын, өйткені егіншілік мәдениетімен таныс емес қазақ бұқарасын 12 немесе 15 десятина үлеске отырғызу, оларды біржолата жерден айыруға апаратын шара екендігін дәлелдеп, қалың көпшілікке жеткізуге тырысты» - деп Мәмбет Құлжабайұлы негізгі пікірталастар Айқап пен Қазақ баспасөздері айналасына топтасқан зиялылар арасында болғанын жазады. [2, 204-205 б.]

Алаш қайраткерлерінің барлығы отырықшы тұрмысқа қарсы шықты деп айта алмаймыз. Газет – журнал арқылы қазақтардағы осы екі шаруашылық түрлерінің артықшылықтары мен ерекшеліктері, олармен айналысқандағы кездесетін қиыншылықтарды жазып жүрді. Алаштықтардың қазақ шаруаларына жерді жеке меншікке алу турасында пікірлері қарама – қайшы. Мысалы, Әлихан Бөкейханұлының «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» мақаласында «Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді. Бұндай көзқарас Алаш партиясының атақты II жалпықазақ съезіннің бағдарламасында айқын көрсетіліп тұр. Жер мәселесі тарауында: «Қазаққа жер берілгенде негізгі өлшеуге қазақ облыстарына мал бағу һәм егін салу үшін лайықталған норма алынсын, әр жердің ретіне қарай» - делінген, яғни қазақ автономисындағы шаруалардың қандай кәсіппен шұғылданса да, өз еркі болатын. Бірақ та алаш зиялыларының бұл тұжырымдамасы кеңес үкіметіне кереғар болатын.

XX ғасырдың басында, Столыпин тұсында, Ресейдің бір топ агрономдары Қазақстан мен Оңтүстік Сібірдің далалық жайылымдарында астық өсіру арқылы азық түлік мәселесін шешу идеясын ұсынған болатын. Оған орманшы - ғалым ретінде Ә. Бөкейханұлы: «Крестьяндарды қазақ даласына үйіп - төгіп қоныстандыра берсе, тың жерлердің түгел жыртылары һақ. Ал қазақ даласы тыңнан айырылған соң тұлдырсыз бедеу қалады да, егін өспейтін болады... Қазақ даласының тамаша шүйгін жайылымдарының топырағы көкке ұшқан соң, дала шөлге айналады, сөйтіп крестьян айтақырға отырып қалады, ал жайылымынан айырылған қазақ жаңа тұрмыстық жағдаймен пролетариат қамытын киіп, тау - кен заводтарына, қалаға кетпесе ақырына дейін азып-тозады» - деп өз қарсылығын білдірген болатын [3, 73 б].

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлы пен қатар жүрген қазақ шаруашылығын терең зерттеген проффесор С.П. Швецов ең басты нәрсені – көшпелі тұрмыстың қазақ халқы үшін өмірлік маңызын дұрыс түсіне білді. Сондықтан да олар Қазақстандағы ұжымдастыру мен отырықшыландыру

саясаты көшпелі тұрмысты жойып жібереді және қазақ қожалықтарын күйретіп жібереді деп айтқан болатын. Жалпы алашордалықтардың негізгі ұстанған ұстанымдары мынадай: «Қазақтарға егіншілікпен айналысу тиімді емес олар жылдам кедейленеді. Сондықтан біздер қазақтарға көшпеліліктен отырықшылыққа көшуді ұсына алмаймыз. Бұл ессіздік болар еді. Қазақтар отырықшылыққа көшкенде саудада татарлармен, егіншілікте орыстармен бәсекелес бола алмайды. Көшпелі мал шаруашылығын өркендеткен тиімдірек» – деген пікірлер қалдырды. [4, 149 – 167 бб.].

Әлихан Бөкейханұлы саясаттағы белсенділігімен қатар, ғылыми ортада да бірқатар еңбектер жазуға атсалысқан экономист ғалымдардың бірі. XIX ғасырдан бастап қазақтың дәстүрлі шаруашылығы дағдарысқа түскенін бағдарлады. Орыс шаруаларының өзімен бірге алып келген капиталистік қатынастардың ел ішіне кірігуі, Әлихан Бөкейханды қазақ шаруашылығына қатысты өзіндік даму жолын жасауға итермеледі.

Қазақ жерінің табиғат жағдайының басым бөлігі қатал болғандықтан, мал шаруашылығын дамыту ісін ары қарай жалғастыру маңызды деп есептеді. Оның ішінде қой шаруашылығына ерекше назар аударды. Бұл бағытта 1904 жылы «Овцеводство в Степном крае» атты монография жазғаны белгілі. Бұл еңбек туралы алаштанушы-ғалым С. Аққұлы: «Қазақтың натуралды шаруашылығы үшін қойдың ерекше экономикалық маңызын жан-жақты қарастырып, зерттеп, оларды талдап, нақтылы қорытындылар жасады. Бір қойды асырауға кететін шығын, саулықтың беретін төлі, еті, сүті, жүні, базардағы қойдың бағасы, бір жылда сойылатын мал, қазақтың төрт түлік малының ішіндегі қой үлесі, міне, осындай мәселелерінің бәріне монографияда тиянақты жауап берді. Еңбекте 19 кесте, 13 графикалық сызба, 3 сурет және 2 картограмма келтірілген. Бөкейхан қазақ шаңырағында орта есеппен 5,75 жан бар екенін, дәулет деңгейіне орай 8 топқа бөлгенде, ең кедейдің жан басына 0,86; ең байында 34,75 мал бар екенін анықтады. Жалпы алғанда, қазақ шаруасы орыс мұжығымен салыстарғанда 1 жылда етті 6 есе көп, нанды 2 есе кем тұтынатынын есептеп шығарды. Ал жылқы, түйе, сиыр секілді малды есептемегеннің өзінде қойдың өзі қазақ халқына керекті мөлшерде ет, жүн, сүт, тері беріп, отын, киім, үй боларлық қажеттіліктерін түгел өтейтінін ғылыми дәлелдеді» - деп жазады. [5, 365-367 б.]

Әлихан Бөкейханұлы қолда бар малды ұқсату керектігін, қазақ табиғаты жағдайында қиындық туғызар егіншілікті кәсіп қылу қазақтарға қиындық әкелетінін жазды. Бөкейханұлы құрастыруға қатысқан «Материалы по киргизскому (казахскому) землепользованию» еңбегін зерттеген тарихшы Назия Тасилова да осы пікірде: «Шын мәнінде егін шаруашылығы қазақтардың арасында кең түрде тарала бастағанымен де көшпенді және жартылай көшпенді мал шаруашылығы біртіндеп құри бастады. Өйткені, сол кезеңде Ә. Бөкейхан айтып кеткендей қазақ даласында кең көлемде егіншілікті дамытуға экологиялық фактор мүмкіндік бермеді. Ол қазақтардың егіншілікті мал шаруашылығына қосалқы кәсіп ретінде ғана қарап келгендігін және мұның, орыс шенеуніктері ойлағандай, қазақтардың жалқаулығына

байланысты емес, табиғат пен жер жағдайынан туындап отырғанын атап өтті» [6, 100 б.].

Ф. А. Щербина және С. П. Швецов экспедициялары құрамында қазақтың тұрмыс-тіршілігін терең зерттей келе, халқының төл мәдениеті мен дәстүрлі шаруашылығынан социализмнің кейбір элементін байқады. Өз кезегінде Карл Маркс капитализмді сынап еңбек жазды. Ал көшпелі қазақ қоғамының көп бөлігі үшін капиталистік қатынастар таңсық дүние еді. Қазақтың қолындағы төрт түлік малы да, жайылым мен шабындық жерлер де рулық-тайпалық меншікте болды. Маркс айтқан таптық жіктеліс, таптық езгі, қанау болған емес.

Жерді жеке меншікке беру, әлі де сақталып келе жатқан рулық – тайпалық байланыстарды үзіп жіберетінін айтты. Бұл өз кезегінде таптық жікшілдікті тудырады. Жыл сайын әрбір жеке ру немесе ауыл өздерінің ата-бабалары салған көш жолдары бойынша көшіп, белгілі құдық басына, өзен бойына тоқтап, қыс мезгілінде жыл сайынғы белгіленген жерде қыстап келді. Әрбір ру-тайпа өзінің дәстүрлі көш жолдарын қалыптастыра отырып, олар көшіп-қону дәстүрін белгілі бір географиялық жер көлемі шеңберінде ұстанды. Сондықтан да осы мал бағудың қалыптасқан осы жүйесін бұзудың еш қажеті жоқ екенін ескертті.

Қорытынды: Кеңес одағындағы одақтас мемлекеттердің орталық Ресеймен салыстырғанда әлеуметтік – экономикалық, шаруашылық және мәдени жағынан өте алуан түрлі болатын. Сондықтан да орталықта жүзеге асырылған реформаларды шеткі ұлттық республикаларда орындауға келмейтін еді. Ұлттық республика шаруашылықтарының өзіндік даму жолдарын қарастыру керек еді. Ондай жолды ұлттың мұны мен қуанышын білетін, білімі мен білігі жеткен интеллигенция ғана көрсете алды.

Ә. Бөкейханұлы бастаған ұлт зиялы қауымы қазақ халқының қандай кәсіппен шұғылданса да, өз нанын өзі тауып жеп, басқа халықпен терезесін тең ұстаса екен деген арманда болды. Басқа жұрт өз еншісін алуға тырысып жатқанда, қазақ ешкімнен кенде қалып кетпеуін қалап, алдарына мақсат етіп қойды. **Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханұлы:** *«Қазақтың байырғы жерін қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді. Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалуы керек... Бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек».*

Ұлт зиялыларының қазақ шаруашылығын дамыту үшін өз жобасын ұсынды. Олар болшевиктік реформалардың халқымыздың жағдайына келмейтінін жақсы білді. Сондықтан Еуропаның мал шаруашылығы дамыған Дания, Швейцария сияқты елдерінің тәжирибесін негізге ала отырып, дәстүрлі шаруашылықты гүлдендіру мақсатын алдына қойды. Сол мақсатты жүзеге асырудың бірден-бір жолы ретінде кооперацияны дамытуды ұсынды. Бұл бір жағынан артық мал өнімдерін нарыққа шығару, екінші жағынан саудагерге ақынды жегізбеудің жолы болды. Сондай – ақ қазақтардың топтасуына, бірігіп кәсіп қылуына жақсы жағдай болатын. Шаруашылықты экстенсивті түрінен, интенсивті түрге, яғни саннан сапаға жұмыс жасауды қолға алу керек деп

есептеді. Сонымен бірге мал өнімдерін орталыққа женелтпей, өңдейтін кәсіпорындарды елде болуын жақтады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сулейменов Б. *Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX - начала XX в. (1867 - 1907 гг.)* Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. — 411 с.
2. Қойгелдиев М. *Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы.* – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 бет, суретті
3. Бөкейханов Ә. *Шығармалар: публицистика және ғылыми мақалалар/ құрастырған М. Қойгелдиев.* – Алматы: Қазақстан, 1994.-384 б.
4. Омарбеков Т. *Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері.* – Алматы: «Өнер», 2003. – 552 б.
5. Әлихан Бөкейхан. *Энциклопедия/ Бас. Ред. Ж.Тойбаева.* – Алматы:Қазақ энциклопедиясы, 2018.-784 б.
6. Тасилова Н.А. *«Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» - Қазақстан тарихының дерек көзі (XIX ғ. соңы - XX ғ. басы).*– Алматы: «Қазақ университеті», 2011.-112 б.

**ҚАЗІРГІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН КӨЗҚАРАСЫМЕН
ҚАРАСАҚ**

Жангазиев Е.М

Алматы болысы Талғар ауданы Талғар қаласы Т.Рысқұлов атындағы №9
жалпы білім беретін орта мектеп, Eldos.Zhangaziev@mail.kz

Аңдатпа. Мақала мазмұнында ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның өз заманында мысалға келтіріп арқау еткен өсиеттері арқылы қазіргі ұрпақтың тәрбиесіне ықпал етудің мүмкіндіктері қаралды.

Аннотация. В статье исследуются возможности воздействия на воспитание нынешнего поколения через советы лидера нации Алихана Бокейхана подавшего пример своему народу

Abstract. This article is about possibilities to impact for upbringing the current generation through Alikhan Bokeikhan's advices who gives example for his people.

«Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар!» деп Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың осыдан бір ғасыр бұрын айтқан жалынды сөзі Тәуелсіз Қазақстанның тағдырын дөп басып айтқан ба деген ойға қаласың. Алихан десе барша қазақтың ойы мен көз алдында «Алаш» ұғымы тұрады. Тарихқа терең үңілсек қазақ атауынан бұрын алаш сөзі қолданыста болғаны анық. Алихан және XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары «Алаш» мемлекетін құрмақшы болғаны тарихты терең білгендігі мен парасаттылығының қайнар жемісі болса керек. Жердің киесі болады

демекші Алихан Нұрмұхамедұлы Өскенбайдай байы өткен, Құнанбайда қажы атанып кеткен, Абай мен Шәкәрім дей әдебиеттің асылдарын тербеткен киелі шығыс өлке Семейде дүниеге келген. Бойына әлемді билеген Шыңғыс ханның қаны дарыған бабамыз өзінің даралығымен, ақылдылығымен, алғырлығымен, ұйымдастырушы қабілетімен, мінезімен ұлт көсеміне айналғанын тарих беттерінен анық байқаймыз. ХХ ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі Бұқар мен Түркістан өлкесіне бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім-тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрды. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Сондықтан олар, ең алдымен, халықтың сана сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді. «Озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек. Дүниенің төріне тырмысқандар, төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр: есікте қалмай, төрге тырмысалық» деген оның мына бір сөзінен халықтың сана сезімі білімде екенін айтпасада анық байқауға болады. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов ХХ ғасыр басында қазақ балаларының сауатты болуына қатты көңіл бөлген тұлғаның бірі. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандырды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қойды. Өз замандастары Мағжан, Міржақып, Ахмет, Халел, Жаһанша сынды зиялылармен тізе қосып ұлт болашағына араша түсуі ұрпақтың жарқын тағдыры үшін болатын. Бар күш-қуаттарын ұлт болашағына жұмылдырды. Бірақ олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне кеңестік жансыздар мүмкіндік бермеді. Солардың көрсетуімен қуғынға түсті, түрмегеде қамалады. ХХ ғасыр мектебі мен ХХІ ғасыр мектептерінің арасында алшақтық күн өткен сайын алыстап бара жатқаны баршамызға айқын. Кеңестік кезеңде мектептерде ұлт зиялыларын дәріптеу бері қалсын атын есіңе алу қылмыс болып саналды. Балабақшадан бастап жоғарғы оқу орындарында Алаш көсемдерін Кеңестік үкіметтің сойылын соққан жандармен алмастырып, соларды дәріптеп ұлттық құндылықты артқа шегеріп тастаған кездерде аз боламады. Ұлт зиялыларынан бейхабар сол кездің жастары өте өжет, ақылды, патриот болып өсті. Себебі неде? Бұның басты себебі отбасындағы ата-ананың тәлім-тәрбиесі. Әр қазақ шаңырағында тығулы болсада киелі «Құран» кітап пен домбырасы тұратын. Қазақ совет энциклопедиясының арасында ескіріп тозған ХХ ғасырдың ақын-жазушыларының жинақтарын кездестіретінбіз. Алысқа бармай-ақ мен өзімді айтсам болады. Менің ауылымда Октябрь деген ағамыз болатын. Барлық ауыл неге екенін білмеймін Өкіс деп атайтын. Ол кісі өзі қызметте болатын. Ауылдың бас ограномы еді. Бір көшенің бойында көрші тұратынбыз. Ойнап жүргенімізде ұстап алып есік ауласында балаларға жұмыс жасататын. Апамызда ақкөңіл кісі еді барлық баланы үйге кіргізіп шай, тамақ беретін. Сол ағамыздың үйінде кітаптар сөре-сөре болып жиналып тұратын. Барып

жүргенімде сырты күміс түстес бір оқулық көзіме төсетін. Бір күні тамақты жылдам ішіп өзге балалардан оқ бойы озып кітап тұратын бөлмеге бардым. Күміс түсті оқулықты қолыма алып қарасам сыртында қылыш ұстаған батыр бейнесі бар екен, не болсада соғыс туралы болу керек деп ойладым. Ол кезде оқуға әлі бармаған едім, хат танымаймын. Марқұм тәтеміз Бақытжан апайдан қолымдағы кітапты алуға болама деп сұрадым. Ол кісі ағаңа көрсетпей алып кет, болған соң әкеліп берерсің деді. Қойныма тығып кітапты ұрланып шығып үйге қарай бет алдым. Өзімнен үлкен әкпем бар еді, 8-9 сыныпта оқитын. Күнде кешкісін жаңағы алып келген кітапты мазмұндап маған оқып береді. Көзіме оттай басылған құмартып жүрген І.Есенберлиннің «Хан Кене» кітабы болатын. Кенесары ханның тарихымен танысу менің тарихшы болуымның басты себебі десем болады. Ал қазіргі жастар оқулық оқима деген сұраққа өз басым күмәнмен қараймын. Қай үйге кірме тізіліп тұрған оқулықты көру көзден бұлбұл ұшқандай. Балаларға оқулық оқытудың жолын жан-жақты қарастыру үстіндеміз. Мектебімізде «25 ән, 25 кітап» жобасы қолға алынғалы 4-5 жылдың көлемі болды. Бұл жобаны мектеп ұжымы болып жүзеге асырудамыз. Жобаның құрылымында ХХ ғасыр басындағы Алаш зиялыларының шығармаларын дәріптеу, сол арқылы оқушы санасына ой салу, тұлғалық тағылымын кеңейту көзделген. Бұл жоба барлық пәндері қамтығандықтан мектеп оқушыларының бей-жай қалмауына ықпалын тигізіп келеді. Кітап оқу сауатылықтың, ақылдылықтың, тәрбиеліктің жаршысы екендігіне шәкірттеріміздің көзі жетіп келеді. Бұл дегеніміз ұлт тәрбиесіне алаш арыстарының көзқарасымен ықпал ету деп түсінсек болады. Жыл сайын оқушылар және ұстаздар арасында түрлі сайыс, жарыс, мүшайра, оқулар, конференциялар ұйымдастырудамыз. 2019-2020 оқу жылында Абайдың 175 жылдығына орайластырып ұстаздар арасында «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» атты сайыс өткен. Әр бірлестікке бір тұлғаны білім, тәрбиемен байланыстырып алып шығу керек болды. Менің бірлестігіме Әлихан Бөкейханов берілді. Әлихандай ХХ ғасырдың ұлт көсемін дәріптеу біз үшін жағымды жаңалық болды. Бірлестік болып ұлт көсемімен етене жақын танысып барлық саяси еңбектеріне талдау жасап, жасаған ізгі істерінен өзімізге өмірлік сабақ алдық десек болады. «Ұлтқа қызмет ету-білімнен емес мінезден» деген жалынды бір сөзінен мен қайран болдым. «Оқыдым» деп басына пайда қылмаған, мал жимаған, үй салмаған, үй тігіп, бие байлап, қымыз ішіп, қазақша дәурен сүрмеген. «Қазағым, елім!» деп кеткен Әлихан бабамыздың осы бір сөзі ұлтқа қызмет қылуға білімнен гөрі тәрбиенің басым екенін аңғартқандай.



(«Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» атты Абайдың 175 жылдығына арналған сайыс. 2019-2020 оқу жылы, Т.Рысқұлов атындағы №9 орта мектеп, Талғар қ)

Бұл сурет Алихан Бөкейханов бастаған ұлт зиялыларының Алашорда үкіметін құру барысындағы Жалпы қазақ съезіндегі Алаш бағдарламасын талқылау сәтінен көрініс. «Мың рет естігенше, бір рет көрген артық» демекші оқушылар санасына сол замандағы қайтаркерлердің кейпінде еніп жадында сақтасын деген мақсатта болатын. 1917 жылғы қараша айында «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды. Жобаны жазушылар Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдулхамид Жүндібаев және Ғазымбек Бірімжанов деп көрсетілген. Бұдан көріп отырғанымыздай ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ халқы ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалаушы әрі идеялық басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың аты-жөндері бірінші тұр. «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы азаттық қозғалысы жетекшілерінің жиырма жылдай уақыт бойы аса күшті Ресей самодержавиелік мемлекетіне қарсы теңдесі жоқ жанқиярлық күресінің қорытынды жемісі болды. Ұдайы саяси қуғын-сүргінге ұшырағанына, түрмеге жабылып, жазаға тартылғандарына қарамай, олар өздерінің туған халқына шексіз берілгендігін көрсетті және оны іс жүзінде дәлелдеді. Олар қатыгез отаршылдық езгі жағдайында туған халқының мүддесін қорғады, оның өмір сүру құқығын ғана емес, дербес саяси даму құқығын да ғылыми дәйектілікпен айқындап, партия бағдарламасының жобасын түзді. Тап осы мақсатпен олар қазақ халқының тарихын түбегейлі зерттеп, дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы елдердің мемлекеттік құрылысының тәжірибесін пайдалана білді. Сонымен қатар, олар қазақтың әдеп-ғұрып заңдарына барынша сын тұрғысынан қарады, оның өміршең қағидаларын қоғам мақсатына қабылдауды ұсынды. Олар халыққа тың, прогресшіл мемлекеттік-құқықтық идеялар ұсынды. Бізде осы зиялылардың көзқарасымен қазіргі жастардың көзқарасын сын тұрғысынан қалай дамытамыз, олардың санасын уланған батыстық кері идеологиядан қалай арашалап аламыз деген оймен жұмыс жасаудамыз. Биылғы оқу жылында мектептің басты зерттеуге

«Сыни ойлау арқылы ұлттық құндылыққа негізделген білім беруге болама?» атты тақырыбы алынды. Бұл жерде айтарымыз әр пәннің әр сабағында ұлттық құндылықты негізгі тірек ретінде пайдаланып жас ұрпақты саналы және сапалы етіп болашаққа дайындау. Мектеп қабырғасында берілген білім мен тәрбие баланың дұрыс қалыптасуының кепілі болғандықтан Әлихан Бөкейханов сынды ұлт көсемінің және оның айналасындағы зиялылардың өнеге ісі мен ізгі қасиеттері тәрбие беруде негізгі құралы. Мектебіміздің ішінде алаш арыстарының нақыл сөздері жазылған стендтерді көптеп кездестіруге болады. Ол да оқушыларға тұлғалық қалыптасуына септігін тигізсін деген мақсатта жасалған әдістің бір көрінісі іспеттес. Соның бірін ұсынсам:



(Тарих кабинеті, стенд)

1917 жылғы «Қазақ» газетінің №234 санында жарық көрген «Алаштың талапты азаматына!»- үндеуі. Үндеуде Ресей қоластындағы барлық елде 1 шілдеден бастап адам, мал, егін және шаруа есебі жүргізілетіндігі жайында баяндалады. Үндеу жолдаушылар бұл есептің не үшін қажеттігін және оның маңызын ел-жұртқа түсіндіре отырып: «Бізде ақша жоқ, кісі аз. Есепті жабылып жүріп, жұрт ісін істеп қалған оң. Июньде майданға барған жігіттер қайтып оралады. Бұратана бөлімінде жігіттерге қызмет қылып жүрген жастар босайды. Бұлар қызметін тағы жұрт үшін сарп етер. Бұларға енді елдегі ушителидер, мұғалімдер, өзге жастар қосылар деген үміт көп. Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық саяси ісін ұсынбаса, тезек теріп, тарих жолында артта қалады. Бақыт, махаббат тысқары болады. Бұл екеуі жоқ жұртқа тіршілік не керек?!» деп жазды. Үндеу соңына «Әлихан, Міржақып, Ахмет» деп қол қойған. /Әлихан Бөкейхан.Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. 95 бет/. Бақыт пен махаббат қазіргі жастарғада жеткілікті беріліп жатырма деген сұраққа да күнгір көлеңкелі жауап аларымыз анық. Әкенің не шешенің баланы тастап кетуі қазіргі таңда үйреншікті көрініске айналды. Бұл баланың психологиясына әсер етпей қоймайды. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тоң пішер» деп аталарымыз бала тәрбиесінде

ата-ананың рөлінің жоғары екендігін тайға таңба басқанай айқын көрсетті емеспе. Тек анасының тәрбисін көрген бала мектепте ер мұғалімнің сабағында өзін-өзі ұстауда, қарым-қатынас жасауда қаймығатын сәтерді жиі кездестіреміз. Ал әке тәрбиесінде ұл-қыздарда керісінше болуы мүмкін. Бақыт, махаббат жоқ отбасында баланың толыққанды қалыптасуы екі талай дегенге саяды. Міне осындай мәселелерде зиялылардың жол сілтер ақыл кеңесі түйткілдің түйінін тарқатуға ата-анаға да, ұстазға да септігін тигізері анық.

«Біздің Россияда мәдениет төмен,- деп жазды Әлихан Бөкейхан 1915 жылы жазған ашық хатында,- Жақсы нәрсе шығарған зауыд, фабрика жоқ. Істеген ісі сарт шағасі, сарт бөзі сияқты. Жақсы киім, жақсы нәрсе ұстайтын адам бұларды Англия, Белгия, Франция, Германиядан алғызады. Бұлардың саудасында ұрлық, ісінде қаяу жоқ. «Зингер» машинасы қалыпты». «Енді заман өзгерді. Базарда бағаланған пұл болады. Қазына басы көпке байлаулы емес, базарда ақша болатынға байлаулы. Енді жарыстан қалмайын десең, мал сүйегін асылда. Мына Еуропа соғысын көз көріп тұр. Қанша кісі солдат қызыметін қылатыны болжаулы. Аз болса, дүниедегі адамның 20 проценті әскер кебін киеді. Мұның бар шекпені біздің қазақ қойы сияқты қой жүні болмақ. Бұл базарда бағалы болатын қойды қазақ жерінде тұрып, тәрбиелеп, өсіріп іс қылмаған қазақ-адасқан» деп атап көрсетті. / Әлихан Бөкейхан. Шығ.- Соч.Толықт. 2- басылым. – Аст: «Сарыарқа» баспасы, 2016. 13 бет/. XXI ғасыр бәскенің қызған кезеңі. Бәсекеге қабылетті ұрпақ дайындау қазіргі ұстаздардың мойнындағы міндеттің бірі. Мектеп қабырғасында бастауыш сыныптан бастап компьютерлік сауаттылық пәні енбекші алдағы уақытта. Олда керек қайыры бар бір іс болар. Десекте қазір ұялы телефон, компьютер бетін ашсаң болды саудасын жүргізіп жүрген жарнамалық агенттіктер мен қалтасын қалындатқан блогерлер жарыса жылтырлап шыға береді. Әлеуметтік желідегі керітартпа жарияланып жатқан хабарлар, видеолар ұрпақ санасын улаудың, жастық жалынды құрдымға кетіретін тәрбие болып тұр. «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп Әлихан Бөкехан айтпақшы қазір болса бұл жағдай жастардың санасына басқаша ықпал етудің жолын табарма еді. Сын тұрғысынан ойлауды жетілдіруің, ұрпақ тәрбиесіне дұрыс ықпал етудің бір жолы: Әлеуметтік желіде, жарнамаларда ұлт зиялыларының ерең еңбектері мен нақыл сөздері, өнегелі істері үздіксіз насихатталса ұрпақ тәрбиесі батыстың ықпалына жығылмас еді. Батыстың мәдениетіне емес білімі мен ғылымына құштар болған Әлихан Бөкейхан сынды ұлтым деп өтетін жастар саны артар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Әлихан Бөкейхан «Шығармалары» I том, Астана-2016.
- 2) Әлихан Бөкейхан. Энциклопедиясы/ Алматы: Қазақ энциклопедиясы,2018ж

ТӘУЕЛСІЗ БЕЙНЕСІНДЕГІ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

Манахова Мадина Нұртаевна

Алматы облысы Көксу ауданы, Мектеп жанындағы шағын орталығы бар
Мұқаншы орта мектебі, тарих пәні мұғалімі педагог-мәдиратор

Аңдатпа: Мақалада Ә. Бөкейхановтың тәуелсіз Қазақстан жолындағы күрескен айқын бейнесі сипатталған. Бұл мақалада тұлғаның даралығы мен саяси жолдары талданған. Ғалымды мектеп оқушылары материалдары арасында кенінен насихаттағаны туралы жазылды

Түйін сөздер: Ғалым, патриот, таным, тәуелсіздік, Алаш, саясат, адамгершілік

Аннотация: В статье описан яркий образ борьбы Букейханова за независимый Казахстан. В статье анализируются индивидуальность и политические взгляды Алихана. В целях просвещения человека была написана статья о повсеместном продвижении Алихана среди школьников.

Ключевые слова: ученый, патриот, знания, независимость, Алаш, политика, мораль.

Annotation: The article describes a vivid image of Bukeikhanov's struggle for independent Kazakhstan. The article analyzes the personality and political views of Alikhan. In order to educate a person, an article was written about the widespread promotion of Alikhan among schoolchildren.

Keywords: scientist, patriot, knowledge, independence, Alash, politics, morality.

Кіріспе

Осы тұлғаны зерттеп жүрген ғалымдарың мәліметі бойынша шығармашылық ғұмыры ХІХ ғасырдың 90- жылдарының орта тұсынан басталып, шамамен ол репрессияға ұшыраған 1937 жылға дейінгі аралықты қамтиды деп береді.

Ә.Бөкейханов еңбектері арқылы біз оқушыларды қоғамдағы тәуелсіз ойлардың дамуымен бақылап дамуына септігін тигізе аламыз.

Әрине, Ә.Бөкейханов сияқты ірі тұлғаның жолы, оның шығармашылық мұрасы егемен Қазақстандағы жастардың санасының еркін дамуына септігін тигізеді. Зерттеу мен айналысып жүрген ғалымдар қазіргі мектептегі оқушылардың Бөкейхановты тануға өз әсерін тигізетінің жоққа шығара алмаймыз.

Талдау әдістері

Тарих сахынасында Әлиханмен Алашорданы бөліп қарауға болмайды. Себебі ұлттық күрестің басында оның тұрғаны рас. Әлиханның бейнесі жүрген жолы отралық езгіден, ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін басқа өркениетті елдер қатарына алып шығуын біз бағалай білуіміз керек.

Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін 9 сынып оқушыларына бөліп айту артық емес. Біріншіден, Әлихан еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғандығы сөзсіз.

Оқушылардың бойына Нұрмұханбетовичтің жастық бейнесін қалыптастыруда студенттік уақыттағы өткерген істері көп әсерлі болды.

Оқушыларға партия жобасындағы әр пункті түсіндіргенде олардың жауаптары қазіргі республикадағы болып жатқан жағдайларды сол кезде ерте сипаттағанына таңғалып пікірі таластар мен көзқарастарын білдірді.

Білім алушылар Әлихан Бөкейхановпен Алаш партиясының негізгі бағдарламаларына мақсаттар қойып ашуға тырысып көрсетті. Сонымен қатар қоғамдық саяси қызметтері сипатталды.

Ғалымның яғни саясаткердің ХХ ғасырда армандаған армандары қазіргі таңда жарық көруде. Зиялы қауымның арманың төменде былай көрсеттік: Демкоратиялық, республикалық, зайырлы, егеменді, халық, еркіндік болу.

Сабақ барысында біз Әлиханның өмірі мен қызметі туралы мәліметті білгенімізді ауызша, деректер арқылы біліп таныстық. Отаршылдық езгідегі саяси жолдары мен ұлттық күресін таныстырдық.

Білім адамзат жинақтаған мәдени құндылықтар жүйесі болғандықтан, сапалы білім беру арқылы тәрбие жүйесін ізгілендіруге қол жеткіземіз. Сондықтан бүгінгі күні мемлекеттік бағдарламаны игертуде қай сала болмасын, ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіріп, тәрбиелей отырып оқытсақ, ертеңгі ел тұтқасы, ел қорғаны болар азаматтар өсіп шығары сөзсіз.

Әлихан Бөкейхановтың: «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана», - деген пікіріне терең үңіліп көрелік. ХХ ғасырдың басында қай жолмен жүрерін білмей аңырап тұрған қазақ халқын бостандыққа апаратын бір жол ынтымақ еді, ал енді өз тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығын тойлап жатқан бүгінгі азат заманда да ынтымақ керек. Екі жарым ғасырға жуық бодандық қамытын киген халқының бостандық жолындағы Ұлт Көшбасшысы, Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың «Ел бірлігі – ең асыл қасиет» деген даналық сөздерінің рухани үндестігі ынтымақтың қандай роль атқаратынын айғақтап тұр[2].

Ә.Бөкейханов қай биікте жүрсе де жер тағдыры үшін тынымсыз күрес жүргізді, Ресей сияқты алып империяның ең жоғары заң шығарушы органы мемлекеттік думада отырып та қазақ қамын, жер қамын ойлады, өз жерінде отырып жер ананы пайдаланушы халге түсіп қалған халқына жаны ашыды, тынбай күресті. Ә.Бөкейхановтың «Жер десе дірілдемей болмайды: жер мәселесі – өмір сүру мәселесінің зоры», - деп айтқаны бүгінгі күні де жаңғырып тұр десек артық айтқандық болмас[5].

Ұлы баба аманатына ғасырлар бойы жүргізген күрестің нәтижесінде қол жеткізген қазақ халқы 1990 жылдары ғана қол жеткізді, таза жолмен тура жолға бастайтын Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевпен бірге азаттық айдынына шықты. Көш түзелді, ел егемендігі баянды болып келеді, ғұмыр бойы күресті күндерді басынан өткізген Бөкейхановтың туғанына биылғы жылы 155 жыл толып отыр.

Әлиханның ұранды, ұлағатты сөздері төмендегі кесте арқылы берілуде.

| | |
|---|--|
| 1 | Тіл үшін күрес неге жүріп жатыр? Қазақ тілі деген не? Қазақ тілінің аржағындағы мәселе жер. Біз мына жерді қазақ болып, қазақша сөйлеп қана қорғай аламыз? |
| 2 | Өз күшіне сенбеген адам халықта, адам да ешқашан өмір бәйгесін ала алмайды. |
| 3 | Тірі болсам, Хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын. |
| 4 | Адам өседі, жер өспейді |
| 5 | Әділдік жоқ жұртта береке бірлік болмайды. |
| 6 | Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап момынды жылатып іздеген мырзалар, қысты күні үнгірде жатып өз аяғын сорған аю мысалындағой, қанша қомағайлансада, сорған өз аяғы |

Құрылтайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917 ж. желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясы жарияланып, Ә. Бөкейханов сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы (президенті) болып сайланады. Ә. Бөкейхановтың қуғын-сүргін кезеңінен 2 жыл алдындағы мен ату жазасының күніндегісі[4].

Гүлжанат ҚҰРМАНҒАЛИЕВА ЕРЖИЛАСУН, *тарих ғылымдарының докторы*
Әлихан Бөкейхан мен Түркиядағы Ататүрік туралы жазған мақаласынан біз төмендегі Шаталов кестеі арқылы талдап ұқсастықтарын көрсетуді жөн көрдік.

| Р/Н | Әлихан | Ата түрік |
|-----|---|--|
| 1 | Әлихан Бөкейхан «Мұғалімдер жиылысы» атты мақаласында дамудан артта қалмау үшін қазақтардың оқу-ағарту ісін қатаң түрде қолға алулары керек екендігін жазады. Сондай-ақ, бала оқытуға керекті қаражаттардың табылуы туралы орынды пікірімен бұл мәселеге шешім де іздеген | Ататүрік те оқу-ағарту ісіне өте үлкен көңіл бөліп, «Өмірдегі ең шынайы кемелділік – ғылым» деп айтып кеткен және ғылым мен білімді дамыған мемлекеттердің дәрежесіне жеткізу үшін көп күш жұмсаған. |
| 2 | Бұдан басқа, екі көреген жетекші де әйелдердің | Бұдан басқа, екі көреген жетекші де әйелдердің құқығын арттыру, оларды |

| | | |
|---|---|---|
| | кұқығын арттыру, оларды оқуға тарту үшін бар күштерін жұмсайды. | оқуға тарту үшін бар күштерін жұмсайды. |
| 3 | кітап оқығанды, жазғанды, әсіресе тарихты өте ұнататын еді. | кітап оқығанды, жазғанды, әсіресе тарихты өте ұнататын еді. |
| | <p>Ә. Бөкейханның «Қазақ» газетін шығарып, қазақ халқының тарихына орасан зор үлес қосқаны – баршаға мәлім. Ә. Бөкейханның «Қазақ» газетінен басқа да «Иртыш», «Омич» және «Голос степи» сияқты көптеген газет шығарғаны – өте маңызды факт (Аққұлы, 2016: 442). «Қазақ» газетін 1905-жылының желтоқсан айында шығару жоспарланған еді. Ишан Мұстафа Оразайұлы газетті шығарушы, Ахмет Байтұрсынұлы редактор ретінде, басуға рұқсат алынып қойылғанына қарамастан, Ә. Бөкейханның бір айдан кейін тұтқынға алынуына байланысты газет белгіленген мезгілінде шықпай қалады</p> <p>Әлихан Бөкейхан қазақ мемлекетіне автономия құруды көздейді. Орыс патшалығының отары болған елі үшін, алғашқы этапта автономияға қол жеткізсе, тәуелсіздік те алыс емес екеніне сенімді еді.</p> | <p>Мұстафа Кемаль Ататүрік болса, Анатолиядағы қоғамдық мәселелерге күйзеліп, ашынып, мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінен бастап газет шығара бастайды. Осы себептен Осман Империясының үкіметі тарапынан қудалауға ұшыраған. Мектеп газеттерінен басқа, «Халықтың Басқаруы» деген мағынаға келетін «Накімиyet-i Milliye» деген газетті 1920-ыншы жылы Анкарада шығара бастайды. Бұдан басқа, мемлекеттің тәуелсіздігі жолында жүргізіп жатқан күресті халыққа жария ету үшін, Ататүрік зиялы жазушылармен бірге 1920-ыншы жылы 6-ыншы сәуірде Анатолия агенттігін (Anadolu Ajansı) құрады.</p> <p>Мұстафа Кемаль Ататүрік болса алдымен әскери жетістіктерге қол жеткізіп, республика режимін құрды.</p> |

[8]

Міне дегенменде зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып бізді ғалым-педагогымызды оқушылар алдында Түркия елінің көсемімен салыстырып елі үшін қандай тұлға және тәуелсіз Қазақстан үшін қандай іс жасағандығын сипаттап даралаудамыз.

Сұлтан Хан Аққұлының еңбегінде, Әлихан Бөкейханның экономист ретінде, қазақ мемлекетін 20-25 жылдың ішінде жапондардың тәжірибесін негіз етіп ала отырып, ұлттық құндылықтарды сақтап, қазақ халқын әлемдегі

ең бақуатты, ауқатты елдердің қатарына қосуды нақты жоспарлағаны
детальды түрде ашылған[7]

Қорытынды

Сол кездегі 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс уақытындағы Әлихан Бөкейхановтың үндеуі «Бірі – барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға, бейнетке ұшырағаны, екіншісі – бармаймын деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік...», «Тыңдаңыздар, қан төкпеңіздер, қарсыласпаңыздар» деген екі альтернативаның астарында қазақтың этникалық тұтастығын, оның болымысын сақтауды көздеуі жатқандығын ашып көрсетеді

Қазақ зиялылар көрсеткен бірегейлікпен татулықта еліміз өркендеген мемлекет болуына бәріміз атсалысуымыз қажет. Қазақтың қай қайсы болмасын түзу ағашты жас болашақты тәрбиелеуге кіріскеніміз жөн.

Елбасы көрсетіп кеткен «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы дала» деген ойлардың астарындағы болашақ жолдарды мемлекет болып мемлекеттілікті сақтаудағы тәуелсіз бейнесін жасау, жалғастыру бізбен сізде.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. М.К. Қозыбаев Тарих зердесі, Алматы, 2001.
2. М.Қ. Қойгелдиев Қазақ элитасы. Алматы, 2005.
3. Т. Омарбеков 20 ғ. Қазақстан тарихы. Алматы, 2001.
4. М. Қойгелдиев Әлихан Бөкейханов. Алматы, Қазақстан 1994 ж.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995ж.
6. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алғы сөз. 1 том. А., 2004;
7. Аққұлы Сұлтан Хан. Әлихан Бөкейхан: Зерттеулер, мақалалар және сұхбаттар. Алматы: Ер Жәнібек, 2016.
8. <https://e-history.kz/kz/news/show/300/>

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – ҰЛТ ҰЛАНДАРЫНЫҢ БАРОМЕТРІ

Мырзалимова Меруерт Айбыновна «Қапшағай көпсалалық колледжі» МКҚК,
Қапшағай қ., myrzalimova84@bk.ru

Андатпа. Білім беру ордаларында өскелең ұрпаққа Алаштың арда азаматтарының ерен еңбектерін дәріптеу арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру көрсеткіштерін арттыру.

Жас ұландарымыздың бойында Отанға, елге, жерге деген сүйіспеншілік пен құрметтің биік болуын арттыру мақсатында Әлихан Бөкейхановтың шығармаларын басшылыққа алу.

Аннотация. Повышение показателей формирования духовно-нравственных качеств подрастающего поколения через популяризацию труда интеллигенции Алаш орды.

С целью повышения у подрастающего поколения любви и уважения к Родине, стране, земле руководствоваться произведениями Алихана Бокейханова.

Annotation. Increasing the indicators of the formation of spiritual and moral qualities of the younger generation through the popularization of the merits of the citizens of Alash-Arda in educational institutions.

To work, guided by the works of Alikhan Bukeikhanov, in order to increase the love and respect for the motherland, country, and land among young Ulans.

Еліміз дүниежүзіндегі дербес мемлекеттердің қатарынан ойып орын алып, Қазақстан Республикасы аталып, дербестігін жариялағанына, міне, 30 жыл толды. Бұл тәуелсіздікке қол жеткізу оңайға соқпады. Қазақ хандығын құруды көздеген Керей хан мен Жәнібек сұлтанның мақсаты, Абылай ханның дипломатиялық ерен істері, Кенесарының келелі үлесі, Ыбырай, Абай, Шоқанның сауат ашу, білім-ғылымды игеруге деген ұмтылысы, Алаш азаматтарының көксеген ой-арманы ХХ ғасырдың соңында жүзеге асып, жеке дербес мемлекет атандық. Бұл отыз жылда жеткен жетістік елдік бірлік пен ынтымақтың нәтижесі екені даусыз. Алайда тарихтың қаттаулы парақтарын ақтарсақ, Қазақстанның азат мемлекет болып қалыптасуына қаншама күш-жігер жұмсалып, тер төккен еңбек сіңірілгеніне айқын көз жеткіземіз. Публицист Ықылас Ожайұлы «Сөз жоқ, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан – «Алаш автономиясының» заңды мұрагері. «Алаштың баласы бұл жолы ел болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар» деген Әлихан арманының іс жүзінде жүзеге асқан кезі. Бұлай дейтініміз азаттық идеясының алғашқы дәнін Алаш азаматтары екті. Сол дән бүгін өсіп-өніп, Қазақстан Республикасы деген пәрменді мемлекетке айналды» деп жазған [1].

Ұлт көшбасшысы, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан тәуелсіздігінің тарихы аппақ парақ бетіне өздігінен түсе қалған жоқ, оның көне дәстүрлері бар. Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну және болашақтың дидамын көзге елестету үшін біз өткенге көз жіберуіміз керек» деген [2]. Ал қазақтың тарихын, әдебиетін қозғағанда Алаш зиялыларының есімін атап, еңбегін ескермеу мүмкін емес.

Қазақ даласына батыстық үлгідегі ғылым мен білімді таныстырып, жаңаша бағытта жаңғыруды қалағанын сол Алаш зиялыларының еңбектерінен біле аламыз. Өздері іздене отырып, халықтың сауатын ашуға, дамуға үндеген. Олардың еңбектері қазақтың жазба әдебиеті, білімі мен ғылымы, мәдениетінің тың серпінмен өркендеуіне сүбелі үлес қосқанының дәлелі. Ілияс Жансүгіров қазақ тіл білімінің негізін қаласа, Мағжан Жұмабаев педагогикада алғаш кітап жазып, білім беру мен тәрбиені сіңіруге еңбек еткен. Міржақып Дулатов қазақ әдебиетінде алғашқы роман жазған автор ретінде танылса, Әлихан Бөкейханов фольклор жинақтап, аударма жасап, публицист ретінде орасан еңбек сіңірген.

Әлихан Бөкейханов – «Алаш» партиясының негізін қалаушы қайраткерлердің бірегейі. Ол алғаш рет демократиялық жолмен екінші съезде сайлауға түсіп, қазақ автономиясын жариялады, халық кеңесін сайлады. Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлиханның қазақ халқына жасаған еңбектері орасан. Әлихан да білімін Ресейдің Санкт-Петербург қаласында шыңдап, экономика факультетін аяқтап келеді. Экономист Әлихан өз білімін саяси үлкен істерге бағыттайды. Омбы қаласында мықты көсем, саясаткер атанады. Атақты Қарқаралы петициясын ұйымдастырған да дәл осы Әлихан Бөкейханов еді. Тұңғыш Қазақ Республикасының төрағасы (президенті)

сайланды. Қазақ ауыз әдебиетінің зерттелуі мен жиналуына, хаттың бетіне түсуіне ат салысқан Әлиханды фольклортанушы ғалым ретінде бағалап жүрміз. Батырлық эпос «Қобыланды батырдың» кейіпкерлерін жан-жақты талдаған алғашқы зерттеуші. Ол «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарына автор ретінде қатысып, тіл саласына да өз үлесін қосты [3].

Тәуелсіз мемлекет болу ең алдымен шекарасы бекітілген меншікті жерімен жарияланады. Азаттықты аңсаған Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінің 1917 жылы жарық көрген №227 санында «Жер комитеті» атты материал жариялаған. Онда «Тамағы үшін күшін жалдаған қазақ жерін алушылар қазақ жұртына талай қисынсыз іс қылды: қазақты қорасынан, пішенінен, егінінен, суатынан көшірді. Бұлардың іздегені мұжық пен қазаққа жаны ашып істеген іс емес, «мұжықты дворяннан жігін бөліп аулақ қонсын» деп істеген амал...Мұжық пен қазақ арасына от жақты: қазақ болсын, мұжық болсын, жер десе дір ете түседі. Жер десе дірілдемей болмайды. Сонда да жер мәселесі негізгі ғұмыр мәселесінің ең зоры» деп жазған [4]. Қазақтың байтақ даласы ғасырлар бойы «білектің күшімен, найзаның ұшымен» сақталып, ұрпаққа мирас етілді. Ал бодандықтың бұрауын сезген алашшыл зиялы Әлихан Бөкейханов жерді сақтау туралы ойын ашық білдірген.

Бүгінгі жеткен жетістік пен асқан асуға тоқталып, көз жүгірткенде жасөркенге өткеннің оқиғасын айта отырып, егемендіктің оңайшылықпен келмегенін, тосыннан түсе салған сый еместігін ұғындыру отбасында – ата-ананың, ал білім беру орындарында ұстаздардың жауапты ісі десек қате айтпаспыз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Тарихи таныммен ұрпақ өседі, ұлттық сана қалыптасады» деп дөп басып, ұрпақ тәрбиесіне бағдар берген [5].

«Алаш» қозғалысының көрнекті тұлғасы, қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт руханиятындағы жарқын бейне Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметі, шығармашылық мұрасы аса мол әрі ғибратты да мағыналы, ал қазіргі кезеңде танымдық-тағылымдық мәні де айрықша. Қазақ әдебиетінің бірегей өкілі, ақын-қаламгер С.Торайғыров «Әлиханның Семейге келуі» атты мақала жазған. Онда ерекше толғанысқа беріліп:

«Алаш туын қолға алған,

Қараңғыда жол салған,

Арыстаным келіңіз!» – деп, ұлт қайраткері, қаламгер Ә.Бөкейханның қоғамдағы абырой-беделін танытады [6]. Ал С.Торайғыровтың «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам» деп жырлауы да бекер емес. Сол кездегі орын алған жағдай, рух серпілтетін күш пен қазаққа жеке мемлекет құру міндет тобыр болмай – топтан озуға, бодан болмай – бастама көтеруге жігерлендірген.

Тарихтағы ақиқат, әдебиеттегі сан түрлі шығармалар өскелең ұрпақтың бойына мақтаныш қана емес, болашақта ұлттық ұлылығын жоғалтпау, тәуелсіздік тұғырын шайқалтпау туралы ой салуы керек. Бұл ұстаздың – құзырындағы жауапты қызмет.

Алаштанушы ғалым М.Қойгелді «Әлихан Нұрмұхамедұлы жаңа тарихи жағдайда қазақ ұлттық мемлекеттігін жаңғырту ісін теориялық және практикалық тұрғыдан қолға алып, заман сұранысына лайық өлшеусіз көп жұмыс атқарған тұлға. Оның белсенді де мақсатты қызметінің нәтижесінде қазақ елінің жер мәселесі Ресей Думасының мінберінен үздіксіз қойылып, демократиялық күштердің назарына ілікті, империялық орталық қазақ азаттық қозғалысының талап-тілектерімен есептесуге мәжбүр болды. Әлихан Нұрмұхамедұлының қажырлы еңбегінің арқасында қазақ азаттық қозғалысы заман сұранысына лайық деңгейге көтерілді» деп баға берген [7].

Жастарды тұлға болып қалыптасуына бүгінгі өмір ырғағы ғана емес, тарих беттеріндегі ақиқат әсер етері хақ. Бір мысал келтірейін, бүгінде кішкентай балалар көрген мультфильмдері арқылы «Өрмекші адам», «Бэтмен» сынды кейіпкерлерді құтқарушы ретінде қабылдайды. Онымен қоса, маркетинг, жарнаманың әсері де осы сезімді әсірелеп жатқаны тағы бар. Сондай кейіпкерлер киетін киімнен бастап, ұстайтын қалам-дәптер, ойыншыққа дейін бейнеленген. Осындай қиялдан туған кейіпкерлерден гөрі ұлттық болмысқа да, ақиқатқа да жақын кейіпкерлер, яғни тарихта болған тұлғалар мультфильмнен бастап көркемдік сапасы жоғары туындыларда көрсетілсе, міне тәрбие тамырының бір саласына айналар еді.

Алаш зиялыларының қай-қайсының да есімін ел жадында сақталу, ұрпақ санасында жаңғыруы үшін ағартушылық, тәрбиелік іс-шаралар легі үзілмеуі тиіс. Тәуелсіздік – қастерлі ұғым, уысымыздағы байлық, басымыздағы тәж! Осы құндылықты сақтау ұрпақтан ұрпаққа артылатын зор міндет екені жастардың санасында жаңғыру үшін қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, энциклопедияшыл ғалымы және көрнекті публицисі Әлихан Бөкейханның «Біз бай, білімді, әрі күшті болуымыз керек. Бай болу үшін – кәсіп, білімді болу үшін – оқу керек. Ал күшті болу үшін – бірлік керек» деген сөзін есте сақтап, әрбір істің бастамасында ескерту ретінде ұстансақ қателеспеспіз.

Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деген. Тәрбие – рухани-адамгершілік қасиетті қалыптастырудың негізі. Ал Әлихан Бөкейхановтың «Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген сөзі білім алушыларды елдің тұтқасын ұстайтын азамат, көпті соңына ілестіре алатын көшбасшы болуға әсер етеді.

Әлихан Бөкейханов «Байлық түбі – ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жарымайды. Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды» деген ой қалдырған. Жас ұрпақтың мамандық таңдауы, қызмет атқаруы сапалы білім алудан басталатынын білдіреді. Оқушыларға тек білім алу және сол білімді тәжірибемен ұштастыру арқылы жақсы нәтижеге жетуге болатынын түсіндіру жұмыстары, яғни тәрбие сағаттары арқылы беруге болады. Ұстаздар қауымы бұл істі атқарып та жүргені рас.

Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханов қазақ жазба әдебиетінің тың серпінмен жаңаша дамуына, айрықша үлес қосқан Абайдың, Шәкәрімнің шығармаларына, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр

Көбеевтің романдарына сын жазып, қазіргі әдебиеттанудың, оның ішінде абайтанудың классикалық үлгісін көрсетіп, негізін қаласа, «Қарақыпшақ Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Мырза Едіге» эпостарын, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын жинақ етіп бастырып, зерттеп, қазақ фольклористикасының пайда болуы мен дамуына зор серпін берді [8].

Көрнекті ғалымның атқарған еңбегіне, жазған шығармалары мен мақалаларына көз жүгірте отырып, әрбір пәннің мұғалімі өзінің сабағына Ә.Бөкейхановтың еңбектерінен мысал келтіруіне әбден болады. Саясаткер ретінде түрлі съездерге қатысып, қазақтың мүддесін қорғағаны, мақалаларында университеттердің саны, ондағы білім алушылардың саны, сонымен қатар мал шаруашылығына алаңдаушылық танытып, қазақтың қолындағы мал санының есебін келтіріп, статистикалық мәлімет беруі – арда азаматтың әрбір сөзі бос даурықпа еместігінің айқын дәлелі.

Әлихан Бөкейхан Алаш мұратын өмір-тағдырымен біртұтас қараған, аз ғұмырында өшпес өнеге мен тағылымды туындылар қалдырған. Ол халық азаттығын тәуелсіздік идеясымен берік байланыстырып, оны елшіл-қоғамшыл қасиеттерімен, қайраткерлік-қаламгерлік қырларымен байытып, осы жолда елдік мүддеге адалдық танытты. Ортақ мақсатқа қызмет етті. Ұлт руханиятын қоғамдық және тарихи, әдеби-мәдени бағыттардағы еңбек-мұраларымен асқақтата түсті.

Тарихшы Мәмбет Қойгелді «Жас Алаш» газетіне жариялаған мақаласында «Бүгінгі таңда советтік тарихнаманың Алаш қозғалысы, Ә.Бөкейхановтың қызметіне байланысты жасаған тұжырымдары өз күшін жойды, ескірді деп айту жетімсіз. Жас буынды алаштық таза да биік, заман сұранысына лайық рухта тәрбиелеуге міндеттіміз» деп жазған [9]. Жоғарыда батыстық мультфильмдерден бір-екі кейіпкерді мысалға келтірдім. Жас буынды тәрбиелеуде Алаштың арда азаматтарының болмыс-бітімі, олардың атқарған ісі, сондарына қалдырған мол мұрасы шынайы үлгі болар еді. Қиялдан құрастырған кейіпкер боркемік тәрізді, қаусап, құрғап тұрады. Ал өмірде болған, өзінің еліне өлшеусіз еңбек етіп, соны жолында құрбан болған тұлғаның бүкіл бітім-бейнесін таныту – ұстаздардың еншісіндегі еңбек.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Біз алтын таққа отырған асқақ дәуірлерді де, өзгенің бодауында болған кер заманды да бастан кешкен елміз. Сондықтан халқымыз азаттық рухын терең сезініп, жан-жүрегімен түсіне біледі» деп пікір білдірген. Ал өскелең ұрпақтың ой-санасында өткенге құрмет көрсету, бүгінгі қолда бар байлық – Тәуелсіздікті қадірлеу сезімі қаншалықты? Азаттықтың ақ таңы арайлап ату үшін білекті батырлар қаншама түн ертоқымды жастанғанын ескере ме? Тарихтың тым алыстағы тереңін қазбаламай-ақ, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар бас болған ХХ ғасырдың басы мен сол ғасырдың соңында желтоқсанның ызғарында жастардың алаңға шығуы бүгінгі бейбіт өмірдің төлемі екенін ұғындыра аламыз ба?

Педагогтарға қойылар сауал да, атқарар тәрбиелік жұмыс та мол әрі жауапты. Ұстаздық – болашақта ғана жеміс беретін ағаш секілді. Әрбір оқушының бойына сіңірген тәрбие мен берген білім өзіне де, өзгеге де

пайдалы болуы асқан жауаптылықты талап етеді. Ұстаздардың тәрбиелік еңбектерінің тағылымдылығына, жастардың адамгершілік жолын таңдаған шынайы патриот болып қалыптасуына Алаш зиялыларының кіршіксіз бейнесі, олардың соқпақты өмір жолдары үлгі болары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алаш һәм азаттық идея. Ықылас Ожайұлы. Qazaqstan tarihy порталы, 17 ақпан 2020 жыл / <https://e-history.kz/kz/news/show/1229/>
2. Таңдамалы сөздер. Н.Ә.Назарбаев. Астана, «Сарыарқа баспасы, 2014 жыл / https://www.inform.kz/kz/n-nazarbaev-tarih-kim-kimnen-de-zhogary-turgan-ugym_a2816411
3. Алашым – мақтанышым. Майра Мырзахметова. Әдебиет порталы. 12 желтоқсан 2017 жыл / <https://e-history.kz/kz/news/show/1229/>
4. Ә.Бөкейхан шығармаларының 9 томдық жинағы, 7-том. – Астана: «Сарыарқа баспасы, -373-бет.
5. Н.Назарбаев: Тарих кім-кімнен де жоғары тұрған ұғым. Kazinform халықаралық ақпараттық агенттігі. 10 қыркүйек 2015 ж. / https://www.inform.kz/kz/n-nazarbaev-tarih-kim-kimnen-de-zhogary-turgan-ugym_a281641
6. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том.- Алматы: Ғылым,1993. - 152 бет.
7. Қойгелдиев М. Бөкейханов-Гандимен теңдес тұлға. «Нұр-Астана» республикалық газеті, 2011, 8 қыркүйек
8. Аққұлы С. Әлихан Бөкейханов // «Егемен Қазақстан», 2015, 24 қараша
9. Қойгелді М. Ұлы ұстаз // «Жас Алаш», 2016, 8 наурыз.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ МҰРАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Сағынбекова Ж.М.

Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі,
Талдықорған қ, zhuldyzsaginbekova@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының жетекшісі, тұңғыш қазақ ұлттық Алашорда өкіметінің төрағасы, ғалым-энциклопедист, қазақ өлкетануының негізін қалаушы, Қазақстан тарихы, экономикасы, шаруашылығы бойынша көптеген зерттеулердің авторы, аудармашы Әлихан Бөкейхановтың мұрасындағы педагогикалық шарттары қаралады. Мақалада басым бағыт Әлихан Бөкейхановтың «Серуен жасап зерттеу әдісі» ғылыми-тәжірибелік мақаласы негізінде талқыланды.

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические условия наследия выдающегося общественного и государственного деятеля, лидера национально-демократической партии «Алаш», председателя первой казахской национальной

Алашординской власти, ученого-энциклопедиста, основателя казахского краеведения, автора многочисленных исследований по истории, экономике, хозяйству Казахстана, переводчика Алихана Букейханова. Основное направление статьи раскрыто на основе научно-практической статьи Алихана Букейханова «Серуен жасап зерттеу әдісі».

Annotation. The article examines the pedagogical conditions of the legacy of an outstanding public and statesman, leader of the national democratic party "Alash", chairman of the first Kazakh national Alashordin power, encyclopedist, founder of Kazakh local lore, author of numerous studies on the history, economy, economy of Kazakhstan, translator Alikhan Bukeikhanov. The main direction of the article is revealed on the basis of a scientific and practical article by Alikhan Bukeikhanov «Seruen zhasap zertteu adisi».

Биыл қасиетті де қастерлі, талай батырларымыз бен қайраткерлеріміздің жандарын тәрк етудің арқасында қол жеткізген Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып отыр.

Тәуелсіздік – бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі болған ұлы жеңіс. Бізге, яғни, болашақ жастарға міндеттелген бабалардың баға жетпес аманаты.

Осынау тәуелсіздік жолында «Елім, жұртым» деп, «*Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын*» - деп біз үшін, қазақ елі мен келер ұрпақ үшін күрескен Алаш қайраткерінің бірі Әлихан Бөкейханов еді.



Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866-1937) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының жетекшісі, тұңғыш қазақ ұлттық Алашорда өкіметінің төрағасы, ғалым-энциклопедист, қазақ өлкетануының негізін қалаушы, Қазақстан тарихы, экономикасы, шаруашылығы бойынша көптеген зерттеулердің авторы аудармашы.

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі – Алаш партиясының құрылуы, оның тарихи негіздері, саяси әлеуметтік сипаты және тарихта алатын орны. Қазақ зиялылары саяси партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алған болатын. XX ғасырдың басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың

қамын ойлаған саяси күш – Алаш қозғалысы еді. Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Б.Қаратаев сияқты дүлдүлдер тұрса, солардың ізін басқан болашақтың нарқасқа ұлдары – Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, М.Шоқай, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов тағы басқалар одан әрі дамытты. [1]

XX ғасырдың басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған саяси күш – Алаш қозғалысы болатын. Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейінгі ұсынған демократиялық идеялары партия бағдарламасының жобасында көрініс тапты.[2]

Жүректері «Елім, жұртым» деп соққан қазақ зиялыларының жан айқайы газет-журналдар арқылы қалың елге тарай бастайды. Осы негізде азаттық пен теңдікті аңсаған «Алаш» партиясының қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Омаров, Ғ.Бірімжанов, Е.Тұрмұхамедов, Ғ.Жүндібаевтар негізін қалаған «Қазақ» газетінің орны айрықша.

«Алаш» партиясының бағдарламасы – алғаш рет 1917 жылдың қарашасында «Қазақ» газетінде жарияланады. Бағдарлама барысында келесідей он мәселелерді қарастырды:

- Мемлекет қалпы;
- Жергілікті бостандық;
- Негізгі хұқық;
- Дін ісі;
- Билік һәм суд;
- Ел қорғау;
- Салық;
- Жұмысшылар;
- Ғылым-білім үйрету;
- Жер мәселесі.

Қарастырылған бағдарлама XX ғасырдың басындағы саяси-қоғамдық қажеттіліктерді өзінің мақсаты мен мазмұны жағынан толық қанағаттандыра алатын құжат ретінде саналды.

1918-1919 жылдары «Алаш» партиясының мақалалары жарияланған «Алаш», «Жас азамат», «Сарыарқа» газеттеріне және «Абай» журналына ұлтшылдық туын көтерген басылымдар ретінде айып тағылып, большевиктердің қысымымен кезекті жариялымдарын шығаруды тоқтата бастайды. Одан кейін Кеңес өкіметі билікті өз қолына алған соң Алашорда үкіметі таратылады. Алаш үкіметі таратылғаннан кейін қазақ зиялыларының алдында екі түрлі жол тұрды. Біріншісі саясаттан мүлдем іргені аулақ салу

болса, екіншісі жаңа саясатпен айналыса жүріп, ел болашағына қызмет ету болатын.

Билік басындағы большевиктік өкіметте білімді адамдардың аз болуына байланысты және Алаштың білімді мамандарын Кеңес өкіметі жағына шығару мақсатында 1919 жылы 4 сәуірде В.И.Лениннің өзі қол қойған Бүкіл Одақтық Атқару комитетінің (БОАК) қаулысымен алашордашыларға кешірім жасалынды. Алаш қайраткерлерінің Бүкілроссиялық Орталық атқару комитетінің Қазақстандағы Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің басшыларына кешірім жасау туралы шешіміне қарай екінші жолға түсуге мәжбүр болды.

Әлихан Бөкейханов Кеңес өкіметіне қызмет етуден бас тартқан 1922 жылдың күзінде Мәскеуге жер аударылады.

Әлихан Бөкейханов Кеңес өкіметіне қызмет етуден бас тартқанымен қазақ еліне, Алашына қызмет етуді борышым деп санады. Мәскеуге жер аударылса да, елінен хабар үзбеген Әлихан жат жерде жүріп, ұлт зиялыларының басын біріктіре отырып, халқының ұлттық өнерін, мәдениетін, әдебиетін, білімін өркендету жолында еңбек етеді.

Мәскеуде айдауда болған өмірінің осы тұсында Әлихан Бөкейханов өзінің педагогикалық танымын айқындайтын ғылыми еңбегін «Пыланеттер», «Луи Пастер», «Серуен жасап зерттеу әдісі» ғылыми еңбегін, «Білім күші» және саяси гуманистік көзқарасын айқындайтын «Хахас» атты мақалаларын жазады. [3]

Әлихан Бөкейханов «Серуен жасап зерттеу әдісі» ғылыми мақаласын жазуда өз тәжірибесі негізінде дайындаған.

1894 жылы орман экономикасы мамандығын Санкт-Петербургтегі орман институтында оқып бітіргеннен соң, сол жылы Омбы қаласындағы төменгі дәрежелі орман мектебіне жұмысқа орналасады. Мектепте өз мамандығы бойынша сабақ бере жүріп, теориялық білімін тәжірибемен ұштастырғандығын аталмыш еңбек байқауға болады.

Әлихан Бөкейхановтың «Серуен жасап зерттеу әдісі» мақаласы өте қарапайым тілде жазылған ғылыми еңбек. Еңбекте баланың жан-дүниесіндегі ұғымдық өзгерістері мен мұғалімнің кәсіби шеберлігі ғылыми негізде баяндалған.

Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов «Серуен жасап зерттеу әдісі» мақаласында былай дейді:

- *«Шын білім тәжірибеде ғана туады. Білім жолының негізі тәжірибия болады, жаттап алып білген білім кісіден сұрап киген тон сияқты. Тойда тонымды бер деп шешіп алғандай жаттап алып білген білім мектептің табалдырығын аттай бере естен шығады да ұмытылады. Қандай жақсы кітап болса да, кітап кісінің сөзі, оны біреу тапқан. Аңда жүріп кісі байлағана түлкі өзің қуып алған түлкіге жетпейді»* [4].
- *«Жерді, ауаны, суды, жанды, жансыз, өзімізді қамап алған затты тану тәжірибемен ғана болады. Бұ туралы тәжірибе көзбен көрген, қолмен ұстағаннан басталады. Ақыл зерек тексеріп тергеп, терең бойлап тоқып, кестелеп көзбен көргеннен қорытынды шығарады. Бұ неше*

сыннан өтіп, таспадай сыдырылып, таяқтай жонылып, білім негізі болып шығады» [4].

Осы тұжырымдамалардан Әлихан Бөкейхановтың мұрасындағы педагогикалық шарттары теориялық біліммен қатар қолмен ұстап, көзбен көру арқылы алынған тәжірибелік білім – дуальді білім беру жайында айтылғанын байқауға болады.

Дуальді білім беру – бұл жеке тұлғаға бағыт-бағдар беруді, іскерлік сапаларын қалыптастыруды, әлеуметтік ортаға бейімділігін арттыруды көздейді. Мұндай білім беру қазіргі жаһандану дәуірінде үлкен маңызға ие.

Мен, «Механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өнеркәсіптегі автоматика» мамандығының өндірістік оқыту шебері ретінде Әлихан Бөкейхановтың мұрасындағы көрсетілген педагогикалық шарттары қазіргі заман талабына және сұранысқа сай білікті маман иелерін даярлауда таптырмас мұра дер едім. Себебі, жоғарыда айтылып өткендей білім теориямен қатар тәжірибені меңгеруде ғана жемісті болады. Педагогикалық немесе техникалық мамандықтарды игеруде тәжірибені талап етеді.

- Мұғалімдер білім алушыларға сапалы түрде сабақ беру мақсатында өз пәнін егжей-тегжейлі зерттеп, тәжірибе алмасу міндеттеледі.
- Техникалық мамандықтарды игеру кезінде қондырғылар мен құрал-жабдықтардың атаулары мен жұмыс істеу барысын жаттанды ауызша түрде ғана меңгеру жеткіліксіз. Кітаптарды жатқа білетін қызметкерді маман иесі деу мүмкін емес. Теориямен қатар, қондырғылар мен құрал-жабдықтарды көзбен көріп, қолмен ұстап көру арқылы білімді толыққанды меңгеруге болады.

Мысал ретінде, «Механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өнеркәсіптегі автоматика» мамандығын алатын болсақ, келесі негізгі тәжірибелік міндеттерді талап етеді:

Түрлі салаларда қолданылатын өлшеу-бақылау құралдарының жұмыс істеу принциптерін білу және сол құралдарды пайдалана білуді талап етеді;

Автоматты басқару қондырғыларын және олардың бағдарламалық жасақтамаларын дұрыс қолдана білуді талап етеді.

Осы міндеттерді ескере отырып, Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі «Механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өнеркәсіптегі автоматика» мамандығының және колледжде оқытылатын басқада мамандықтарының білім алушыларын заводтар мен өндіріс орындарына өндірістік тәжірибеге жіберіп отырады. Бұл білім алушылардың колледжде алған теориялық білімін тәжірибе жүзінде іске асыруға мүмкіндік беріп, білікті маман иесі болуға икемдейді.

Әлихан Бөкейхановтың ғылыми тұрғыдағы педагогикалық көзқарасы бойынша:

1. Адам жаратылыс пен қоғамды ғылым арқылы түсінуі керек. Ол үшін білім қоғамда басты орында болуы шарт.
2. Білім беруде ең басты тұлға – мұғалім. Сондықтан да мұғалімге көптеген міндеттер жүктеледі. Олар:
 - Мұғалім жан-жақты терең білімді және өз ісінің шебері болуы керек.

- Білім беретін мұғалім сабағын ұйымдастыра білуі шарт.
 - Мұғалім үйретіп, түсіндіретін сабақтың мақсаты және сол мақсатқа жету жолындағы мұғалімнің нақты іс-жоспары болуы шарт.
 - Мұғалімнің ең басты мақсаты: қоршаған орта мен қоғамды тануда өзіндік көзқарасы мен жеке пікірі бар тұлға қалыптастыру, - болып табылуы керек.
3. Білім балаға қоршаған орта мен табиғи заңдылықтарды білу мақсатында берілуі шарт.
 4. Білім балаға өзі үйренген табиғи ортада ұлттық ерекшеліктерді сақтау арқылы берілуі шарт.
 5. Білім жаттанды жолмен емес, баланың көзін жеткізіп, тәжірибе арқылы көрсете отырып, берілуі шарт. Жаттанды білім тез ұмытылады.
 6. Білім беруде баланың ойын оңайдан күрделіге қарай, жалқыдан жалпыға қарай (индукция және дедукция) жетелей отырып, шәкіртті дұрыс ойлана алуға уйрету керек.
 7. Тәрбие мен білім шәкіртке қатар берілуі шарт.

Әлихан Бөкейхановтың «Серуен жасап зерттеу әдісі» ғылыми еңбегіндегі ғылыми-педагогикалық тәсілдерді ғалымдардың теориясына және ғылыми түйсігіне негіздеп негіздеп немесе олардан естуі бойынша жазған жоқ. Әлихан Бөкейханов педагогикалық жұмыспен тікелей өзі айналысқан. Бұған дәлел ретінде 1894-1896 жылдары жүргізілген ғылыми тәжірибелерін және теориялық ғылыми даярлығын айтуға болады. Себебі, Әлихан Бөкейхановтың «Серуен жасап зерттеу әдісі» ғылыми еңбегіндегі қарапайым тілде, әрбір педагогтерге түсінікті және биік дәрежелі ғылыми негізде жазылған. Әлихан Бөкейханов еңбегін бірінші кезекте көзбен көріп, қолмен ұстаған тәжірибеге негізделіп жазған. Еңбекті білім алушылар мен сабақ беретін педагог-мұғалімдердің ғылыми методикалық нұсқау іспеттес.

Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов *«Мен тірімін, дем аламын, туған елімнің ауыр жүгін арқалап өмір сүремін және мен үшін Отанымның жарқын болашағынан асқан бақыт жоқ... Оны ойлағанда түн ұйқым төрт бөлінеді»* деп қазақ халқының ұлттық санасын ояту жолын таңдап, бар өмірін еліне арнаған.

Әлихан Бөкейханов – қазақтың ұлтының нағыз жанашыры, Алаштың арысы! Осындай біртуар тұлғалардың арқасында қол жеткізген Азаттығымыз мәңгілік, еркіндігіміз ғұмырлы, тәуелсіздігіміз тұғырлы, жұртымыз тыныш болып, қазақ елінде бейбітшілік салтанат құрсын, еліміз аман болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
2. «Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / жауапты редактор Г.А. Саяқбаева – Алматы: Қазақ университеті, 2019 –248 б.

Бөкейхан Ә. Таңдамалы

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ АҢЫЗ АДАМ

Турлығожаева Л.Е.

Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі, Алматы облысы, Қарасай ауданы,
Шамалған ауылы, Lyaz@inbox.ru

Аңдатпа. Материалда алаш ардақтысы Әлиханның өмірбаянына тоқталып, оның істері мен еңбектерін мысалға ала отырып тәрбиелік-тағылымдық мәніне тоқтау көзделген.

Аннотация. В материале планируется остановиться на воспитательном значении Алихана, на примере его дел и трудов.

Abstract. In the article, it is planned to focus on the biography of Alikhan, on the educational and educational significance, taking as an example his works and lifes.

Қазақ халқының алдыңғы қатарлы қоғам қайраткері, алаш партиясының көшбасшысы, заңғар тұлға — Әлихан Бөкейханов 1866 жылы Семей облысының Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысына қарасты № 7 ауылында дүниеге келді. Көкірегі ояу, көзі ашық ұлт зиялысының дүниетанымдық ойлау-формасы қазақ фольклоры негізінде, ал саяси көзқарастарының қалыптасуына ұлы француз революциясы әсер еткен болатын. Болашақ ғалым білім жолын алғаш 1890 жылы Омбы техникалық училищесінде бастап, 1894 жылы Санкт-Петербургтегі Императорлық Орман шаруашылығы институтының экономикалық факультетінде жалғастырды. Аталмыш оқу орындарын сәтті аяқтай салысымен ол Омбы орман шаруашылығы училищесінде, кейінірек, Омбы қоныс аударушылар басқармасында біраз жыл педагогтық, ғылыми һәм әкімшілік қызметтерді жемісті атқарады.

XX ғасырдың басында алаш ұлтының ардақты да айбынды көсемі болған Әлихан Бөкейханов алдымен Тобыл губерниясының саяси-экономикалық жағдайын жан-жақты қарастырып, Ф.Щербинаның зерттеу жұмыстарына белсенді қатысты. Дәл осы кезеңде керегесі биік, туырлы қазақ елінің географиялық жағдайы Ресей ғалымдар кеңесінің негізгі зерттеу нысанына айналды. 1905 жылы Петербург шаһарында «Ресей. Өлкеміздің толық географиялық сипаттамасы» деген атпен көлемді еңбектің он сегізінші томы жарық көрді. Бұл еңбектің авторлары бірі Алаш жұртының кемеңгер тұлғасы — Әлихан Бөкейханов еді. 1905 жылы Мәскеуде Ресейдің земство және қала қайраткерлерінің арнайы съезі өтеді.[1] Алқалы жиынға Әлихан Бөкейханов делегат болып қатысады. Жиналыстың биік мінберінен көрінген ол қазақ тілінің мәртебесі жайында сөз сөйлеп, баяндама қорғайды. Ағартушы өз мәлімдемесінде: «Мен Оралдан Алтайға, Сібір темір жолы желісінен Омбыға дейін...созылып жатқан орасан зор аумақта тұратын қырғыз(қазақ. — авт.) деген халықтың өкілімін...Бізде...қырғыз тілінде оқытатын мектептерге қысым жасалады...шаруалар бастықтары (олардың басым көпшілігі бұрынғы ротмистрлер) әкімшілік және құқықтық істі қарау кезінде қырғыз тілін қолдануға мүлдем жол бермейді. Қырғыздар ана тілінің еркін қолданыста болуына өте мұқтаж» — дейді. Әлихан Бөкейхановтың ерен еңбегін Омбы

жандарм басқармасының өзі мойындайды. Ол кезекті сөзінде: «Әлихан Бөкейханов барлық петициялар мен үкіметке қарсы үгіттердің ұйытқысы, даладағы қазақтардың барлық мәдени-саяси қозғалысының көшбасшысы және жетекшісі болды» — деп қазақ халқының біртуар перзентінің бойындағы ең жақсы қасиеттерді атап өтті. Әлихан Бөкейханов Ресей империясының I Мемлекеттік Думасына Семей облысы атынан депутат болып қатысқаны баршамызға белгілі. 1905–1907 жылдар аралағында кадеттердің «Степной пионер», «Степной край», «Иртыш», «Омич», «Голос» атты үнжариясында болашақ ғалым-зерттеушінің мақалалары жарияланып тұрады.

1913 жылы Әлихан Бөкейханов сол кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшілері саналған Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатовпен бірігіп тұңғыш жалпыұлттық редакция ұйымы—«Қазақ» газетін ұйымдастырады. Үнжарияның әрбір санағында білім алудың маңызы жайында түрлі мақалалар мен жазбалар жарық көріп отырды. Ұлы тұлғаның ұлы ісі бұнымен аяқталмайды. Әлихан Бөкейханов ғылымның тар жол, тайғақ кешуін де өткерді. Мәселен, ол Ресей империясындағы беделді ұйымдардың бірі атанған жоғары Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің жұмысына қатысып, ғылыммен шұғылданды.[1] Орыс тілін ана тілі дәрежесінде білетін Әлихан Бөкейханов екі тілде де емін-еркін мақалалар жазды. Заңғар тұлғаның киелі қылқаламынан бізге «Қырғыздар», «Сұлтан Кенесары Қасымовтың тарихына қатысты материалдар», «Қарқаралы уезіндегі қырғыздардың рулық құрылымы», ұлы Абай қазасына арналған «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты қазынамалық мақаласы тағы басқа зерттеулері қалды. Алаш орда үкіметінің субстанциясы — Әлихан Бөкейханов 1917 жылдың 21–26 шілдесінде Орынбор шаһарында I Бүкілқазақ съезін өткізіп, «Алаш» партиясы атқару комитетінің басшысы қызметіне сайланады. Қазақ халқының ділі мен тілі жоланда жанын құрбандыққа шалуға даяр болған тұлғаның аталмыш жиынның төрағасы атанауы заңды деп білеміз. Уақытша үкіметтің қарасы жоғалып, кеңес үкіметі орнаған шақта Әлихан Бөкейханов ғылыми, әдеби, аудармашылық жұмыстармен айналысады. Саналы ғұмырын қазақ жұртының болашағына арнаған ол жазықсыз қуғынға ұшырап, 1937 жылы ату жазасына кесілді. Көне Ресейдің саяси қайраткерлерінің арасында жиі айтылатын «Столыпинский галстукқа» Әлихан Бөкейханов іліккенімен, 1988 жылы ақталып шыққанын білуіміз шарт.

Негізгі бөлім: Аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, трайбализмдік идеяның қарсыласушысы, күресушісі, тұғырнамасы тереңде жатқан Алаш орда үкіметінің маңызды субъектісі — Әлихан Бөкейханов Ақтоғай ауданында төре тұқымынан шыққан Нұрмұхамедтің шаңырағында дүниеге келіп, тоғыз жасқа келген шағында жергілікті ауыл медресінде мұсылманша білім алады. Молданың білімін қанағат тұтпаған ол қаладағы үш сыныптық бастауыш мектепке ауысады. Нұрмұхамед сұлтанның тұңғыш ұлы (Бес ұл мен бір қыздың ішіндегі бірінші бала), яғни, Әлихан Бөкейханов тоғыз жасында әкесінің қолдауымен Қарқалы қалалық ер балалар мектебіне оқуға түсіп, 1879 жылғы 16 қыркүйектен 1886 жылғы 16 маусымға шейін тәрбиеленіледі.[2] 1886 жылғы маусым айының емтихан қорытындысы

бойынша Әлихан Бөкейханов мектепті үздік бағаға бітіреді. Кейін сол жердегі үш жылдық училищеге құжат тапсырып, оны да «үздік» деген бағамен аяқтайды. 1890 жылы Омбы техникалық училищесінің, 1894 жылы Санкт-Петербургтегі Орман шаруашылығы институтының түлегі атанады. 1886 жылы алып шаһардың қасиетті табалдырығын аттап, білім ордасының киелі сахнасына жол тартқан Әлихан Бөкейхановтың Омбы техникалық училищесінің құжаттамасының сыртқы мұқабасына: «Омбы техникалық училищесінің Қарқаралы Уезд Бастығының қатынасына сәйкес, училищеге қазақ баласы Әлихан Нұрмұхамедовты қабылдау туралы ісқағазы», — деп жазылады. Міне, осы жазбадан бұл мектепке тек арнайы кепілдемесі бар қазақ жастары қабылданғандығын көруге болады. Қабылдау емтиханын жоғары бағаға тапсырып, сынақтан мүдірмей өткен Әлихан Бөкейханов мемлекеттік оқу орны атынан жатақхана, киім-кешек, оқу құралдары сынды дүниелермен толықтай қамтамасыз етіледі. Аталмыш білім ордасында төрт жыл оқу оқып, білім алады. Әлихан Бөкейханов оқуға түсер жылдың алдында техникалық училищеден алғашқы түлектер маман болып қалыптасып шығып үлгірген еді. Техника саласында істейтін білікті де білімді жастардың қажеттігін сезінген үкімет білім ордасын ашуға рұқсат бергенен кейін оқу орны өзінің ірге-тасын аз уақыт ішінде қалап, түлектерге білім туралы куәлікті табыстай бастады. Бұл кезең Әлихан Бөкейхановтың оқуға қабылдану жылымен тұспа-тұс болды десек еш қателеспейміз. Училищенің тұңғыш директоры Доброхотов түлектерге қызметтің алғашқы кезеңі ауыр жұмыстан болатындығын шын жүректен, ізгі тілекпен ескертеді. Кадет корпусындағы жылдар Әлихан Бөкейхановқа зор мүмкіндіктер сыйлады. Әсіресе, орыс тілі мен әдебиеті жас ғалымның санасын жаңа білімдермен кеңейтті.[1] Оқытушылардың дәрістерін құлшына тыңдап, Ұлы Пушкиннің поэзиясы мен Шекспирдің драмасынан қазақтың сарыны мен үндестігін іздеген Әлихан Бөкейханов ғылым мен білім жолын қатар ала білді. Қойшыбаев Бейбіт Орынбекұлының «Әлихан Бөкейханов» атты еңбегіне сүйенсек, Иса пайғамбардың туылған күнінен басталатын қысқы демалыстарда Омбы оқу орны түрлі мерекелік іс-шаралар өткізіліп тұрды. Әдеби кештер, театрлық қойылымдар мен концерттер оқу орнының бар сәні мен мәніне айналды. Озат оқушылардың бірі Әлихан Бөкейханов та бұндай кештерден қалыс қалмады. Алмас қылышының ауырлығы желдің өтімен сезілетін қаһарлы қысқы демалыстарды қалада өткергені болмаса, Әлихан Бөкейханов жазғы демалыстың келуін, елге аман-сау жеткен сәтін асыға күткен ішкі жан дүниесі рухани білімге бай озат та озық оқушы болды. Бұдан Әлихан Бөкейхановтың тұлғалығы бала кезден қалыптасқандығын, ойы мен санасы ерте жетілгенін аңғара аламыз. Омбы кадет корпусын ойдағыдай аяқтаған Әлихан Бөкейханов оқу орнынан мадақтау қағазын алады. 1894 жылы орман шаруашылығының экономисі біліктілігін алған Әлихан Бөкейханов Омбы мектебінде үшінші дәрежелі оқытушы болып жұмыс істеп, кейін қоныс аударушы басқармасының шенеулігі қызметіне ауысады. Білім майданына ерте шауып, ілім мен ғылымды жанына серік еткен Әлихан Бөкейханов жұмыс барысында да ғылыми-зерттеушілік жолды қатарынан алып жүреді. Кеменгер тұлғаның

ғылым жорығындағы адал академиялық қызметі Тобыл губерниялық статистикалық санаққа шақырылуынан басталады. Әлихан Бөкейханов губернияда шаруашылық, әлеуметтік жағдаяттарды суреттейтін сандық мағлұматтарды синтездеу ісімен айналысады. Одан соң үкіметтің ұлы дала елін ғылыми-зерттеу жұмысына белсене араласып, ғылым майдангерлеріне өзінің оң үлесін, еншісін қосады. Бұл ғылыми жасақтар тобында Әлихан Бөкейханов алғашқыда статистік ретінде қызмет атқарса, алғырлығы мен елгезек мінезінің арқасында көп ұзамай жеке зерттеушілер тобын басқарады. Воронеждегі земство статистігі Федор Андреевич Щербина 1896 жылы басқарып келген, Торғай, Ақмола, Семей облыстарының 12 уезінде бес жылдай зерттеулер жүргізген экспедицияның негізгі мақсаты — қазақ жерлерінің артық, бос аймақтарын анықтау, сөйтіп орыс қоныс аударушыларына керек кеңістікті белгілеу болған-ды. Ішкі Ресейден қазақ жеріне қоныс аударушылары — переселендерді — қоныстандыру қоры сол экспедиция материалдары негізінде жасамақшы еді. Экспедиция зерттеушілерінің қорытындылары «Статистік Ф. А. Щербинаның бастамасымен экспедиция жинаған және өндеген Қазақы жер пайдаланыс жөніндегі материалдар» атты тақырыппен 1903–1905 жылдары Воронеж шаһарында жарияланғандығын білеміз.[3] Бұл зерттеу-жұмыс қазақтың біртуар тұлғасы Әлихан Бөкейхановқа туған халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын тереңінен зерттеуге үлкен көмек берді. Осылайша, Әлихан Бөкейханов алаш орданың алғашқы іргетасын кіші қадамдардан қалап, орыс географиялық қоғамына танытты. Егер уақытты кері қайтаруға мүмкіндік берсе, яки, уақыт машинасы шынымен де болса, біз жазықсыз абақтыға қамалған Әлихан Бөкейханов пен барша қазақ зиялыларын түрмеден алып шығып, олардың баянды ғұмыр кешулеріне көмектесер едік деген ой маза бермейді. Алайда тарихты өзгертуге болмайды. Тарих өзгерсе, болашақтың қандай боларын кім білсін. Сондықтан, біз тарихты сыртынан бақылауға мәжбүрміз...Олай болса, «Уақыт машинасына» отырудың пайдасы бар ма деген күмәнді сұрақ осы жерде туындайды. Өткенді қазбалаудан не шығады деп ойлайтын шығарсыздар...Бірақ бар. Тарих сол үшін де бізге ауадай қажет. Өткен шақтан сабақ алуға болады. Сол себептен, біз Алаш қайраткерлеріне жасалған істің қайта қайталанбасына сенеміз.[2]

Әлихан Бөкейханов ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының алдыңғы қатарында болды. Ол ғалым-энциклопедист, қазақ өлкетануының негізін қалаушы, Қазақстан тарихы, экономикасы, этнографиясы, әдебиеті, шаруашылығы бойынша көптеген зерттеулердің авторы, даладағы ең танымал ұйымдастырушысы ретінде белгілі. Әлихан Бөкейханов – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген ғалымдардың бірі.

Әлихан Бөкейханов қазақ тіліндегі «география» және «астрономия» оқулықтарының авторы ретінде танымал, ол Орыс географиялық қоғамының мүшесі болған, патша заманында да, Кеңес өкіметі кезінде де бірнеше ғылыми-географиялық экспедицияларға қатысқан.[2]

Алаш Орда көшбасшысы, туған халықтың ұлттық санасын ояту жолын таңдаған Әлихан Бөкейханов: «Мен тірі, дем аламын, туған елдің ауыр жүгімен өмір сүремін және «мен үшін Отанымның жарқын болашағынан асып түсетін бақыт жоқ...»

1890 жылы Санкт-Петербургтегі Императорлық Орман институтына түсіп, Әлихан Бөкейханов жастық шағында өз шығармасында: "басқа біреуге жамандық тілеу – өз-өзіне жамандық жасау, өйткені басқалармен бірге біз бәріміз бір адамзатпыз. Адам үшін ең қиын нәрсе-біз санамен де, байлықпен де келе алмайтын рухани тыныштық жағдайына қол жеткізу, бірақ тек оқу мен білім жолына түсу арқылы адам толыққанды рухани жетілуге қол жеткізе алады".

Әлихан Бөкейхановтың бүгінгі күні де өзінің маңызын жоғалтпаған оқыту мен тәрбиелеу мәселелері жөніндегі пікірлері ғылыми принципке айналды деп айтуға болады. Ол практикалық әдістің зертханаға жақындығын дәл көрсетеді. Оның пікірінше, практикалық әдіс мұғалімнің жетекшілігімен сабақты бекіту кезеңінде қолданылады. Әлихан Бөкейхан оқушының қажетті білім алуы мұғалімнің шеберлігіне байланысты екенін атап өтті. Ол былай деп жазады: "егер бала тәрбиелеп отырған мұғалім өз ісінің шебері болса, онда ол өзі де балаларды өмірден оқи отырып бәйгеден келіп, түлкіні қыранмен бірге алып, қуанады. Бала Қарлығаш сияқты ұшады, оқи алады. Автор ең қажет нәрсе-қоршаған ортаны, табиғатты бейнелеу деп санайды. Зертханалық әдісті студенттер табиғат құбылыстарын ұзақ уақыт бақылау арқылы жүзеге асырады. Ғалым-педагог оқу мазмұнын ұлттық психологиямен байланыстыруға ерекше көңіл бөлді. Ол студенттерге олардың өміріне, күнделікті өміріне байланысты қажетті материалдар берді. 1926 жылы Әлихан Бөкейхан орта мектеп оқушыларына арналған «астрономия» оқулығын жазды. Әлихан Бөкейханның зерттеулерінде оқыту мен тәрбиелеу өзара байланысты процестер ретінде қарастырылады. Тұлғаны қалыптастырудағы тәрбиенің рөлін Әлихан өзінің еңбектерінде жан-жақты дәлелдейді. «Ән өлең және оның құралы» атты мақаласында ол эстетикалық тәрбие мәселесін көтерді. Автор жеке тұлғаны қалыптастырудағы өнердің рөлін ерекше атап өтеді. «Ән адамның бар ет тамыр, сүйек-сүйегін қозғайды, бәрін ерітеді, елжіретеді» - деп жазады автор.

Әлихан өзінің «ашық хат» атты мақаласында білім беру, оқыту мәселесін былай деп жазады: «Ұлтына, жұртына қызмет қылу біліммен емес, мінезден. Адам баласын өзіндей жақсы көр, сүй деген сөз айтылғалы екі мың жыл болған, онан бері білім отарба, телеграмма, телефон шығарды, жақсы мінезге тоқталған адам аз, білім біліммен, мінез мінезбен»– дейді. Әлихан Бөкейхановтың бұл ой-тұжырымын тәрбие жұмысындағы таным теориясының, тұлғаның негізі деп санауға болады.[4]

Әлихан Бөкейхановтың мұрасында ерекше орын алатын туындылардың бірі – көркем аударма. Жазушының аудармаларында тәрбие формалары егжей-тегжейлі көрсетілген. Л.Н.Толстойдың «Сурет кафеканасы», В.Г. Короленконың «Макардың түсі» атты әңгімелерін тәржімалаған Ә.Бөкейханов еңбек тәрбиесін насихаттаған. Балаларға тілі жеңіл мысалдар берген. Сол

кезеңде педагог-ғалым Ә.Бөкейхановтың оқыту теориясына байланысты тәрбие теориясын қарастыру мәселелерін қозғайтын «оқыту ана тілінде жүргізілуі тиіс» деген пікірі әлі күнге дейін өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Алаш көсемімен сол кезеңде көтерілген ана тілінде оқыту мәселесі бүгінгі күні мемлекеттік стратегиялық құжат болып табылады.[2]

Әлихан Бөкейханның "Қырғыз өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері", "Қырғызстан", "география", "Астрономия", "Сұлтан Кенесары Қасымовтың тарихына арналған материалдар" шығармалары - халқымыздың өткені мен бүгінін жаңасымен байланыстыратын алтын арқаулық әдеби, педагогикалық мұра.

Бүгінде ХХ ғ. басында туған Алаш идеясы Тәуелсіз Қазақстанның мүддесіне қызмет етеді. Алаш зиялыларының өнегелі және өнегелі қоғамдық ойлары, рухани тәжірибелері болашақ ұрпақ үшін жылдар бойы тарих толқынында өшпес ұлттық идея болып қала береді.

Көзі тірісінде-ақ қазақтың саяси да рухани көсемі ретінде танылған Әлихан Бөкейханның кейінгі ұрпаққа қалдырған бай да мол мұрасы – қазақ және орыс тілдерінде жазылған қазақ қоғамы туралы статистикалық мақала-очерктері, монографиялары, ғылыми ізденістері, әдеби аудармалары, талдаулары, ауыз әдебиетінің үлгілері, ғылыми-публицистикалық туындылары. Алаш қозғалысы мен қазақтың тұңғыш «Алаш» саяси партиясы көсемінің журналистік және ғылыми бай мұрасы бүгінгі Қазақстан Республикасының ұлттық интеллектуалдық меншігінің құн жетпес игілігі болып табылады.[3]

Қазақтың тарих көшінің бағыт-бағдарын белгілеп, ел мен жер, тіл мен діл тағдыры, дін мен дәстүр тұтастығын сақтау үшін жұрт жұмысының жауапкершілігін мойнына жүктеп, бәйгеге тіккен тарихи тұлға. Иә, бұл кезеңде елге адал қызмет еткен ұлт зиялыларының әрқайсысының тарихымыздағы өзіндік орны, ұлтымыздың оянуына, өркендеуіне сіңірген зор еңбегі бар. Ол айдан анық. Алайда, солардың арасында қайсар мінез, табанды қайраткерлік болмысымен, саяси күрескерлік рухының биіктігімен және жан-жақты білімділігімен, бүтін бір елдің тағдыры мен оның алдыңғы қатарлы зиялы қауымын қалыптастыру, азаттық үшін бірігіп күресу жолында көшбасшылық қасиетімен ерекшеленіп, дараланып тұрған ең көрнекті тұлға – Әлихан.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Менің арманым да, мұратым да Қазақстан халқын бақытқа жеткізу.//Жұлдыз.-2000. №7.
2. Бөкейхан Ә. // Жұлдыз. -1996. №1.
3. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы [Мәтін] : мақалалар : жазбалар : баяндамалар : үндеулер: ғылыми зерттеулер :әдеби аудармалар : хаттар(ашық хаттар) : жеделхаттар (телеграммалар) : 1915-1917. VI том. – Астана: Сарыарка, 2013. – 520 б.
4. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы [Мәтін]. V том: Мақалалар. Әдеби сын. Фольклорлық зерттеулер. Әдеби аудармалар. Хаттар. Жеделхаттар(Телеграмдар): 1907, 1913-1915 (Омбы-Павлодар-

Самар-С. – Петербор – Орынбор) / құраст. Жүсіп Сұлтанхан Аққұлұлы Ж. С. – Астана: Сарыарқа, 2010. – 560 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫ-ПЕДАГОГ ЖОЛЫМЕН САЯСИ БАҒЫТЫ

Қасымбеков Ұлан Мұқанұлы

Мұқаншы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Алматы облысы Көксу ауданы e-mail: ulanchik.92@gmail.com

Андатпа. Мақалада Ә.Бөкейхановтың қазақ қоғамына, жас буынды жаңаша жаңғыртуға деген материалдар берілген. Мақала мектеп бағдарламасымен байланыстырылып зерделеніп жазылған.

Түйін сөздер: Адамгершілік, тәрбиелеу, саяси ойлар, ағартушылық

Аннотация. В статье представлены материалы А. Бөкейханова о казахстанском обществе, модернизации подрастающего поколения. Статья написана в соответствии со школьной программой.

Ключевые слова: Нравственность, образование, политическая мысль, просвещение

Annotation. The article contains materials of A. Bokeikhanov on the Kazakh society, the modernization of the younger generation. The article is written in connection with the school program.

Keywords: Morality, education, political thought, enlightenment

КІРІСПЕ

Ұлт руханиятында бедерлі бетбұрыс болған Алаш арыстарының бірегей көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың саяси жолдарынан басқа педагогтік жолын насихаттай отырып, тарихты танытуда келешек ұрпақ тәрбиесінің бірден бір құралы десек артық болмас.

Бұл ретте осы мақала тақырыбына арқау болып отырған Әлихан Бөкейхановтың педагогикалық көзқарастары мен мектебіміздегі білім алушыларды тәрбиелеудегі зерделеу мәселесі көтерілмек. Біздің тұңғыш президентіміз Елбасының өзі «Тарих толқынында» атты еңбегінде педагогке әділ бағасын берген.

Материалдар мен әдістер. Шығармаларының толық жинағы деген еңбегінде оқыту мазмұнын ұлттық психологиямен байланыстыруға ерекше мән берген. Ол білім алушыларға өздерінің өмірлерімен, күнделікті тыныс-тіршілігімен байланысты қажетті материалдар бергендігі байқалады. Ғалым-педагогтың оқу тәрбиесіндегі пікірлері қағидалық жолдарға айналып қазіргі таңда мектеп оқулықтарынан да көрініс табуда. «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи», «Киргизи», «Жағрафия», «Астрономия», «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты еңбектері бар.

Талқылау

Қазіргі таңда біз меткептің 9 сыныптарында ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері деген үлкен тарау кездеседі, сол тараудың негізінде біз Қазақ халқының саяси көшбасшылары деген тақырыпта Әлиханның тұлғалық, саяси, педагогикалық мұраларына тоқталып өтеміз. Тұлғаны қалыптастыруда тәрбиенің атқаратын рөлін Әлихан өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдеген. Сондықтан біз де сол ұлттық ұстанымдарды ұстай отырып жалпы орта, негізгі орта білім беруде оқушыларды адами қасиеттерді игеруге білім беру арқылы тәрбиелеудеміз.

Біз осы тарауда мектеп оқулығынан тыс қосымша материалдармен сабақ барысында беруге тырсамыз. Ол тәрбиесіз жинақталған білімнің қоғамға тигізер пайдасы болмайтындығын айтады. «Ән өлең һәм оның құралы»—атты мақаласында эстетикалық тәрбие мәселесін көтерген. Автор өнердің тұлғаны қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтеді. «Ән адамның бар ет тамыр, сүйек-сүйегін қозғайды, бәрін ерітеді, елжіретеді»[3,247] – деп жазады автор.

Сонымен қатар, Ә.Бөкейханов саяси-ұйымдастырушылық қабілетімен де танылып үлгерген еді. Бір басында адамгершілік қасиет пен ерлік істер қатар танылған ғалымның еңбегі бірден бағаланды.

Біз педагог ғалымның портретін еңбегін сипаттау барысында білім алушыларға оның ұлттық сананы, ағартушылық, қайраткерлік қасиеттері мен жолдарын тірек сөздер арқылы сабақ барысында атап өтіп таңытудамыз.

Мектеп оқулығында Әлиханды ХХ ғасырда қазақ даласына келген исламшыл және батыс өркениеті ағымдарының бірінде болғандығы туралы сипат береді. Ал біз осы оқулықтағы бағыт-бағдарды басшылыққа ала отырып оқушыларға екінші бағытты неліктен алғандығы туралы жан-жақты талдау беріп оларды өркениеттің сол кездегі жалпыұлттық қозғалысты таңдағаның түсіндіріп өтеміз.

Саяси ойларымен көзқарастарына сүйенетін болсақ Әлихан ешқашан асығыстықты таңытпаған. Әр істі бастау үшін озық оймен сана сезімді дайындауды басшылыққа алып отырған. Оның еңбектеріндегі саяси-тәрбие үлкен көрегендікпен, талдаумен жазылғандығын келер ұрпаққа сабақ барысында тәрбиелеумен жеткізудеміз.

Әлиханның «Алаш» қозғалысының дүниеге келуі, «Алаш» партиясының құрылуы мен қызметі, «Алаш Орда автономиясының» құрылуы мен қызметі деген тақырыптарда бірінші қатардан көрінетінінде айтып түсіндіреміз.

Оқушылар осы жоғарыдағы айтылған бойынша және «Алаш» зиялыларының өмірі мен мұрасы туралы тарихшылармен қатар әдебиет тарихын зерттеушілер, тіл мамандары, саясаттанушылар да қалам тартқандығына шолу жасап өтеді. Мысалы, тарихшылар К.Нұрпейісұлының, М.Қойгелдиевтің, Д.Аманжолованың, Т.Хазіретәлінің, Ө.Озғанбайдың, С.Смағұлованың, әдебиет тарихшылары С.Қирабаевтың, Р.Нұрғалидың, Ш.Сәтбаеваның, Т.Жұртбайдың, Д.Қамзабекұлының, тіл мамандары Р.Сыздықованың, Ғ.Әнестің, Ш.Құрманбайұлының еңбектері жарық көрді[1]. Докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғады. Міне біз осы

зерттеушілердің есімімен өзіміздің мәселелерімізді қозғап оқушылар бойына өмірдің кейбір қырларымен таңыстырып жүреміз.

Жалпы қазақ қоғамындағы өзекжарды мәселелерді шешуде қазақ зиялысының ағартушылықты басшылыққа алғаны айқын. Ол Шоқан, Ыбырай, Абай негізін салған ағартушылықты одан әрі жалғастырып, ұлттық өрлеуге жол салды. Әлемдік ақыл-ойдың үздіктерінің шығармаларын аударып, оларды қазақ қоғамына етене таныстырды. Ә.Бөкейхан Л.Толстойды, А.Чеховті, В.Короленконы, И.Тургеневті қазақша сөйлеткені белгілі. Қаламгер аудармаларында тәрбие түрлері жан-жақты берілген. Л.Н. Толстойдың «Сурет кафеканасы», В.Г. Короленконың «Мақардың түсі» атты әңгімелерін тәржімалаған Ә.Бөкейханов еңбек тәрбиесін насихаттаған. Балаларға тілі жеңіл мысалдар берген. «Көк кептер мен құмырсқа», «Бүркіт пен тасбақа», «Күзен», «Арыстан мен тышқан», «Ат пен атшы», «Арыстан мен бақа» т.б. әңгімелерінде тәрбиеге жете тоқталады.

Әлихан Бөкейханұлының білім алған жолдары мен қызметін ол туралы жарыққа шыққан еңбектерді біз төмендегі кестелер арқылы көрсетуді жөн көрдік.

| Білімі | Қызметі | Ол туралы еңбектер |
|--|---|---|
| Үш сыныптық Қарқаралы қазақ медресесі | 1896-1901 Ф.А Щербина бастаған Павлодар, Қарқаралы,Өскемен, Семей, Ақмола, Дала өлкелеріне арналған экспедиция болды. | Әлихан Бөкейхан таңдамалы. Әлихан шығармалары. |
| Қалалық-орыс мектебі | 1906-1908 жылдары әр түрлі газеттерде бас редакторлық қызметтер атқарған. | «Алаш жолы», «Рух» Авторы Бейбіт Қойшыбай. |
| 1886жылы Омбы техникалық училищесі | <u>1909-17</u> жж. «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді | «Алаш Орда», «Алаш мұрасы» «Ұраным Алаш» авторы Тұрсын Жұртбай. |
| 1890-1894ж Санкт-Петербург Императорлық орман шаруашылығына оқуға түседі. Мамандығы орман шаруашылығының экономисі[5] | 1911-1914 жылдар аралығында қазақ газетінің шығуына атсалысыты. 1916 жылы жер аудару мерзімі бітіп, Самардан Орынборға келген Әлихан Қаланың қазақ тұрғындары атынан қалалық думаға сайланады. | К.Н. Нұрпейісов. Алаш Һәм Алашорда. — Алматы: "Ататек", 1995. 256 бет. Тарих күрес Алаңы, қазақ елі ұлттық бірегейлікті сақтау күресі авторы М. Қойгелдиев Бөкейханов және қазақ |

| | | |
|--|---|---------------------------|
| | <p>Ресейдің І Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды.</p> <p><u>1917ж. Желтоқсанында Екінші жалпықазақ съезі Алаш автономиясы жарияланып, Ә. Бөкейхан сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы (президенті) болып сайланады.</u></p> | тағдыры. Автор Айсынов Б. |
|--|---|---------------------------|

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол етіп тәрбиелеу – біздің қоғам алдындағы борышымыз. Қазақ халқын қилы-қилы кезеңдерде дәстүрінен, тілінен, дінінен айыруға көп әрекет жасалғаны тарих беттерінен белгілі. Міне сондықтан зиялы интеллегенциямыздың жастар бейнесі мен қазіргі тәуелсіздік бейнесіне беретіні өте зор. Себебі тәуелсіздікті сақтап қалу ағымдағы біздің қоғамның қолында. Қазіргі тәуелсіздігіміз бен өткен тарихымызды беру төмендегі мына ленталарда жалғасын табады.

1905 жылдан бастап, әсіресе 1912 жылдан кейін, қазақ зиялыларының арасында ұлттық теңдік пен азаттық идеялары таратыла бастағанын айта келіп, жас қазақ интеллигенциясының дем беруші басшысы Ә.Бөкейхановта болғандығын Кеңес Нүрпейсов өзінің еңбегінде суреттеген.

Ә. Бөкейханов саясат пен ағартушылық қызметті қоса бірге алып жүрді. Оның дәлелі ретінде қазақ газеті арқылы халықты оқытуға, мәдениетке көшпелі шаруаларды шаруашылыққа шақыруда, шаруашылықты жүргіздің прогрессивті түрлерін ұсынуда, әйел теңдігін насихаттауда оңды істер тыңдырғанын айта аламыз.[2].

Ғалым “Алаш зиялылары 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалысын сатты ма?” деген сауал төңірегінде өз ойын өрбітуге тырысады. А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатовтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс төңірегіндегі айтқандарын таразыға салып, талдауға тырысады. А. Байтұрсыновтың «Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді, қатарда жоқ қара жұмысқа байлануды кемшілік санаймыз. ...бұл күнде соғыс уақыты, тәртіп қатты, қашқандардың артынан қуғыншы отряд шығып, елді һәм артында қалған әке-шешесін, қатын-баласын шулатқан, шаруасын күйзелткеннен басқа өнер ешнәрсе жоқ» деуінің, сондай-ақ Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтардың қол қойған үндеулеріндегі «Бірі – барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз

қазаға, бейнетке ұшырағаны, екіншісі – бармаймын деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік.», «Тыңдаңыздар, қан төкпеңіздер, қарсыласпаңыздар» деген екі альтернативаның астарында қазақтың этникалық тұтастығын, оның болымысын сақтауды көздеуі жатқандығын ашып көрсетеді

Қорытынды. Тәрбие теориясын оқыту теориясымен байланыста қарастыру мәселелерін қозғаған педагог-ғалым Ә.Бөкейхановтың сол кезеңде айтқан «оқытуды ана тілінде жүргізу керек» деген пікірі күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Сол кезеңде Алаш көсемі көтерген ана тілінде оқыту мәселесі бүгінгі таңда мемлекеттік стратегиялық құжат болып бекітілді. Сондықтан мақаланы зиялылардың әр тұлғаны сипаттаған қысқа сөздерінің мазмұнынмен аяқтағым келеді.

М. Қойгелдиев: Әлихан Нұрмұхамедұлының қажырлы еңбегінің арқасында қазақ азаттық қозғалысы заман сұранысына лайық деңгейге көтерілді. Ұлт тарихындағы бағдарламалық мақсатты көздеген тұңғыш саяси партия «Алаш» өмірге келді, ұлттық мемлекеттік идеясын іске асыруды көздеген Алашорда үкіметі құрылды.

Қ. Кемеңгерұлы: Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Г.Р. Нұрымбетова АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2(61), 2019 ж
2. К.Н. Нұрпейісов. Алаш Һәм Алашорда. — Алматы: "Ататек", 1995. 256 бет.
3. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы [Мәтін] : мақалалар : жазбалар : баяндамалар : үндеулер: ғылыми зерттеулер :әдеби аудармалар : хаттар(ашық хаттар) : жеделхаттар (телеграммалар) : 1915-1917. VI том. – Астана: Сарыарқа, 2013. – 520 б.
4. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы [Мәтін]. V том: Мақалалар. Әдеби сын. Фольклорлық зерттеулер. Әдеби аудармалар. Хаттар. Жеделхаттар(Телеграмдар): 1907, 1913-1915 (Омбы-Павлодар-Самар-С. – Петербор – Орынбор) / құраст. Жүсіп Сұлтанхан Аққұлұлы Ж. С. – Астана: Сарыарқа, 2010. – 560 б.
5. Урашев С.А. - РУССКИЙ ПИСАТЕЛЬ В.В. ВЕРЕСАЕВ И КАЗАХ ПУБЛИЦИСТ А.Н. БУКЕЙХАНОВ О РУССКО-ЯПОНСКОЙ ВОЙНЕ (1904 – 1905 гг.) Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Исторические и социально-политические науки», №4 (47), 2015 г.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕГІ ОРНЫ

С.Ж. Рамазанов, А.А. Ауезова, Л.Б. Орманова

«Алматы облысының білім басқармасы» Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының әдіскерілері

Андатпа: Мақалада Әлиханның педагогикалық ғылыми ойлары берілген. Халық педагогикасы мен білім беру институттары ұстаздарына бастау жолдары көрсетілген.

Түйінді сөздер: Әлихан, ұлт, тәрбие, педагогикалық мұралар, Алаш, құндылықтар

Аннотация: В статье представлены педагогические научные размышления Алихана. Педагогам народной педагогики и институтов образования показаны стартовые пути.

Ключевые слова: Алихан, нация, воспитание, педагогическое наследие, Алаш, ценности

Abstract: the article presents Alikhan's pedagogical scientific thoughts. Teachers of national pedagogy and educational institutions are shown the ways to start.

Keywords: Alikhan, nation, upbringing, pedagogical heritage, Alash, values

Кіріспе

Әлихан Бөкейханның ұлттық жаңару мен жаңғыруға қуатты серпін беретін терең қатпарлы рухани және ғылыми мұрасының үлкен бір өзегін мектептегі оқу-ағарту мәселелері мен білім берудің ғылыми-әдіснамалық негіздерінен жазылған мақалалары құрайды. Алаш көсемі азамат соғысынан кейін есеңгіреп, аштық алапатынан тұралаған ұлтының тұрлаулы тағдырына, ертеңгі өскелен ұрпағының тәлім-тәрбиесіне бей-жай қарай алмады. «Қайда жүрсем де бар күшімді Отанның бағы һәм еркі жолында сарп етпекпін» деп білген қайраткер ұлтқа қызмет ету антына ақтық демі таусылғанша адалдық танытып өтті.

Зерттеу әдіснамасы

Қазіргі таңда қайта жаңғырту, мәңгілік ел, бағдарламаларының негізінде жас ұрпақтың санасына Алаш идеясын сіңіру мұратындағы табанды да қажырлы қадамдар жасалынып көптеген педагогика білім саласында жұмыстар жасалынууда. Осы зерттеу барысында Әлихан Бөкейханның руханият саласындағы тарихи қызметі ең бірінші кезекте «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасындағы «Ғылым-білім үйрету» әрі Жалпы қазақ-қырғыз сиезінің оқу мәселесіне қатысты қаулысындағы «1. Ұлт мектептеріне программа жасау. 2. Мұғалімдерге қалай оқыту тәртіптерін үйрететін жолбасшы кітаптар жазу. 3. Тәрбие жайынан кітаптар жазу. 4. Бүкіл қазақ-қырғызға оқу ісін қалай жүргізу туралы жоба шығару. 5. «Қазақ» емлесін тексеріп, түзету. 6. Қазақ-қырғыз тіліне пайдалы кітаптарды тәржімә ету» сипатындағы күн тәртібіне өткір қойылған мәселелердің оңтайлы шешім табуына бағытталды[1].

Әлихан Бөкейхановты ағартушы педагог ретінде көру үшін оның ғұмырлы мұрасы тұрмыс-тіршілік, мәдениет, шаруашылық, төрт түлік мал, жер су, әлеуметтік-экономикалық жағдайы жан-жақты қамтылған.

Талқылау

Қазақстан Халық ағарту комиссариатының ұйымдастыруымен 1924 жылы 12-17 маусым аралығында Орынборда өткен Қазақ Білімпаздарының тұңғыш сиезіне Мәскеудегі Күншығыс Әлихан Бөкейханның ұлттық жаңару мен жаңғыруға қуатты серпін беретін терең қатпарлы рухани және ғылыми мұрасының үлкен бір өзегін мектептегі оқу-ағарту мәселелері мен білім берудің ғылыми-әдіснамалық негіздерінен жазылған мақалалары құрайды.

Тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА мүше корреспонденті Мәмбет Қойгелді былай дейді Әлихан Нұрмұхамедұлына Алла тағалам екі бірдей қасиетті, яғни білім мен мінезді молынан берген тұлға еді. Патшалық билік тұсында-ақ ол бүкіл қазақ жұрты мойындаған саяси қайраткер дәрежесіне көтерілді. Оның халық арасындағы беделін байқаған замандас ағасы Бақытжан Қаратаев Оралдан жазған хатынан мынадай үзінді келтіреді. (1910, 30.IX): [2] «Сүйікті Әлихан! ...Қазақта ауызбірлік жоқ, бет-бетімен кеткен, оқығандары болса өз жұртын қадір тұтқанымен, бас қосып пайдалы іс бітіруге құлықсыз, бір-бірінің қызметіне қызғанышпен қарайды, яғни олар да өзара алауыз. Қазақ арасы дүйім елдің ықыласы мен сеніміне ие оқыған азаматқа тапшы. Тек сен ғана халықтың ықыласына бөленген. Тек сенің ғана ел үшін қызмет жасадым деп айтуға хақың бар», [3]- дейді

Зерттеу барысында алынған нәтижелер

Әлихан Бөкейхан Мәскеу, Ташкент, Орынбор, Қызылорда қалаларында жарық көрген «Темірқазық» (1923), «Сәуле» (1923-1924), «Жас қайрат» (1923-1924), «Жас қазақ» (1923-1924), «Қызыл Қазақстан» (1921-1929, қазіргі «Ақиқат»), «Әйел теңдігі» (1925-1934, қазіргі «Қазақстан әйелдері»), «Шолпан» (1922), «Сана» (1923-1924), «Жаңа мектеп» (1925-1933, қазіргі «Қазақстан мектебі») журналдары, «Ақ жол», «Теңдік», «Кедей теңдігі», «Қосшы» газеттеріндегі оқу-ағарту саласы мен қазақ мектептерінің жай-күйі, мұғалім білімін жетілдіру мен оқыту әдіснамасы, шет елдерде білім алып жүрген шәкірттерге жәрдемдесу, жергілікті биліктің халық ағарту ісіндегі жауапкершілігіне қатысты мақалалары, көркем және ғылыми аудармаларымен қазақ халқын рухани кемелділік биігіне жетеледі деп баға береміз.

Біз осы жоғарыдағы ғалымдар келтірген уақытта осы арнада қалыптасқан методологиялық әдіс-құралдар біздің өткен ғасырда жүріп өткен жолымызды тура қорытуға мүмкіндік бере алады ма? Әрине, жоқ. Не істеу керек? деген сұрақтары арқылы идеология тұрғысынан қорытылған тарихтың методологиялық постулаттарын еңсеру міндетіміз тұр.

Мәмбет Қойгелдиевтің осыдан бес жыл бұрынғы жазған «Ұстаздың орлауы» деген мақаласы педагогты жаңа қырынан қарауға әдістемелік құрал ретінде бағдарлы шам.

Ұлт тарихын оқыту мәселесі де Әлихан Бөкейханның назарынан тыс қалғаны жоқ. «Тарих керек» мақаласында («Қызыл Қазақстан». 1922. №10) «Афтономиялы республика болып, қағазға жазған тарихы болмаса, қазақ халқы басы бақыр қазандай ергежейлі болады. Мұны еске алып, аңды, қазақ азаматы! Көбінесе оқу білім комиссариаты қазақ халқының тарихын түзуге кірісу керек» деп рухани кемелділіктің басты күретамыры ұлт тарихын оқытумен сабақтас екенін нығырлап көрсетті[4].

Міне Әлихан жапондардың тәжірибесін үлгі ете отырып, қазақ елін қысқа уақыттың ішінде мәдениеті мен экономикасы өркендеген әлемдегі жетекші мемлекеттердің қатарына жеткізуді ойлады. Сағымбай Жұмағұл айтпақшыдай Алаш бағдарламасы Қазақ халқының рухани кемелденуіне қажетті келелі мәселелерді шешудің практикалық жолдарын нұсқады.

Қорытынды Алаш зиялысының мұралары арқылы жалпы білім беру және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыларын рухани құндылықтарға тәрбиелеу олардың адамгершілік қасиеттері мен патриоттық қасиеттерін қалыптастыруда алатын орны бар екенің практикалық сабақтар мен семинар сабақтарда айқындалады. Сондықтан Әлиханның тәрбие теориясындағы адам ғұмырының басты кредосы екендігі туралы дәлелі өз маңыздылығын жойған емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байменова Б.С. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының педагогикалық ой-пікірлері оқу құралы.-Алматы: издательство «Эпиграф», 2016.-164 б

2. Қолданылған материалдарға міндетті түрде www.egemen.kz сайтына гиперсілтеме берілуі тиіс / Любое использование материалов допускается только при наличии гиперссылки на [egemen.kz:https://egemen.kz/article/107933-alikhan-bokeykhannynh-oqu-aghartu-maseleleri-turaly-oy-tolghamdary](https://egemen.kz/article/107933-alikhan-bokeykhannynh-oqu-aghartu-maseleleri-turaly-oy-tolghamdary) egemen.kz

3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы. 1995-365 б

4. Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы: монография. Бірінші том / - Алматы : Мектеп, 2008. - 480 б.

Мазмұны

| № | Аты-жөні | Тақырыбы | беті |
|----------|------------------|---|-------------|
| 1 | Мухатова О.Х. | Ұлт мүддесіне қызмет еткен Алаш арысы | 4 |
| 2 | Иманғалиев А.Т. | Отан тарихы зерттеулеріндегі тұлғатану мәселелері | 10 |
| 3 | Абишева А. А. | Әлихан Бөкейхановтың Қазақстанның тәуелсіздік идеяларын қалыптастырудағы рөлі мен “Алаш” идеяларының жас ұрпақтың санасында қалыптасуының тарихи маңызы | 16 |
| 4 | Аманғалиева А.Х. | Алаштың көшбасшысы - әлихан бөкейхан | 22 |
| 5 | Долқын Құрманбек | Әлихан Бөкейханов және Жаһанды Жайлаған Коронавирус | 27 |
| 6 | Дөнербаев Ғ.М. | Тарихтағы Әлихан Бөкейханның қайраткерлік рөлі | 33 |

| | | | |
|----|---|--|-----|
| 7 | Әлімбаев Қ.С. | Әлихан Бөкейханов және Ұлттық мүде | 38 |
| 8 | Куюденко О.П. | Вклад Алихана Букейханова в политическую и научно-исследовательскую деятельность Казахстана | 43 |
| 9 | Минуарова К.Н. | Алаш идеясы мен Жапондық мемлекет моделі | 49 |
| 10 | Альбосынова Э.А. | Алаштың ардақты ұлы | 53 |
| 11 | Батырханова С.С. | Әлихан Бөкейханов пен Барлыбек Сырттанұлы-Қаза мүддесі жолында | 57 |
| 12 | Мұқаметқали С.Х. | Әлихан Бөкейхан-мыңжылдықтардың көрнекті тұлғасы | 62 |
| 13 | Ахмоллаева А.Н. | Жеке тұлға бойында Әлихан Бөкейханов мұрасы арқылы рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыру | 69 |
| 14 | Башембаев С.К. | Ә. Бөкейханұлының қазақиы дәстүрлі шаруашылығын зерттеудің ғылыми мұрасы | 74 |
| 15 | Жангазиев Е.М. | Қазіргі ұрпақ тәрбиесіне Әлихан Бөкейхан көзқарасымен қарасақ | 79 |
| 16 | Манахова М.Н. | Тәуелсіз бейнесіндегі Әлихан Бөкейханов | 85 |
| 17 | Мырзалимова М.А. | Әлихан Бөкейхан-ұлт ұландарының барометрі | 89 |
| 18 | Сағынбекова Ж.М. | Әлихан Бөкейхановтың мұрасындағы педагогикалық шарттары | 94 |
| 19 | Турлығожаева Л.Е. | Әлихан Бөкейханов аңыз адам | 100 |
| 20 | Қасымбек Ұлан Мұқанұлы | Әлихан Бөкейхановтың ағартушы-педагог жолымен саяси бағыты | 106 |
| 21 | Рамазанов С.Ж., Ауезова А.А., Орманова Л.Б. | Әлихан Бөкейхановтың оқу-ағарту мәселелеріндегі орны | 111 |

